

Дәмет Қараашева

65
жыл

Партизан
Жылбек
пен Жамал



Дәмет Қарашашева

**Партизан
Жылбек пен
Жамал**

Павлодар, 2010

1941-
1945

УДК 821.512.122

ББК 84 Каз 7-4

К-18

К 18 Карапашева Дәмет.

Партизан Жылбек пен Жамал – Павлодар: «ЭКО», 2010. – 162 б.

ISBN 9965-08-416-5

Қымбатты оқырман, бұл кітапты қолға алмас бұрын үлкен толку устінде болдым. Бала кезімізден ерлікке, Отанды суюге, туған ел мен жерге деген махаббат сезімін оятқан, Ұлы Отан соғысы жылдарында жау тылында батырлық пен ерліктің үлгісін көрсеткен партизандардың ерен ерлігі жадымызда мәңгі сақталып қалыпты. Атақты жазушылар Қасым Қайсеновтың, Әди Шәріповтің және басқа жазушылардың шығармаларын ауыл кітапханасынан таласа оқып, талдан естік. Әсіресе, кітап кейіпкерлері Жылбек пен Жамал, олардың белорусс жерінде, орманды, партизандар ортасында дүниеге келген қыздары Маяны көріп, кездесіп, араласқаным жаңыма қуат берді. «Іс қылып, кәдеге жаратарсың», – деп Жылбек Ақәділовтың тұған інісі ұлттық қауіпсіздік комитеттің полковнигі, маркүм Дыбысбек Тастеновтың қолыма аманат етіп тапсырган Жылбек Ақәділовтың қолжазбалары мен хаттары, газет қындылары да кітапты жазуга ықпал етті.

УДК 821.512.122

ББК 84 Каз 7-4

ISBN 9965-08-416-5

© Карапашева Д., 2010



Ұлы Жеңістің 65 жылдығына

Ел басына күн туыш, етігімен су кепікен сұрапыл соғыстың майдан даласынан мындаған шақырым қашықта жатқан қазақ даласына, қазақтың әрбір шанырағына тигізген зардағы мен жаңға салған жарасы әлі де сыйдалап басылар емес. Міне, Ұлы Отан соғысына биыл, 2010 жылы 65 жыл толыш отыр. ХХ ғасырдың орта шенінде бүкіл әлемді қан-қақсатқан, миллиондаған адамдардың басына зобалаң күн туғызған фашизмнің қанды шенгелі мен тұтатқан соғыс ертінің шырмамаған жері, өзекті жанды күйдірмеген өзегі қалған жоқ. Адамзат тарихындағы құйтырқы, қанқұйлы соғыстың жаңғырығы жыл еткен сайын бәсендеген үстіне жаңарып, азапты жылдарды бастан еткізген аталарымыз берін бабаларымыздың ерлігіне, батырлығына бас игізуде.

Себепсіз салдар жоқ дегендей, Ұлттық қауіпсіздік комитетінде ұзақ жылдар қызымет атқарып, полковник шеніне ие болған Дыбысбек Әділханұлы Тастанов 2009 жылы өз қолымен маған қос партизан Жылбек пен Жамал Ақәділовтардың жинақталған естеліктерін арнайы тапсырып берген болатын. Осы естеліктерден кітап жазсам ба деген көкейде үлкен ой журді. Әрине, салмағы ауыр жүк болса да аманатқа адалдық-пен қарауды мақсат етіп отырмын. Ақәділовтардың отбасымен араласып, қызы Маяның қасына ерген сәттер де көз алдынан кеткен емес. Өзіміз білетін қос батыр туралы Әди Шәріпов, Қасым Қайсенов, Қалмуқан Исабаев сияқты соғысты бастарынан кешкен, от пен оқтап аман-есен келіп өз тұстастарының ерлік істерін паш еткен «Партизан қызы», «Ормандағы от»,

«Қапастағы жұлдыздар», «Қазақстан партизандары» атты кітаптарды құрбыларымызбен жарыса оқытынбыз. Сондықтан да осы бір естелік кітабын шығару оңай шаруа емесін жақсы түсінемін. Оның үстіне бұл оқиға бір Ақәділовтардың отбасынан еткендіктен кейбір тұстарда оқигалар қайталанып, кейбір газеттерге жарияланған тұстарда өзгерістер енгізілгенімен оның жөлісі бір екендігін оқырман андайтын болар. Алайда, Ұлы Жеңістің 65 жылдығы жылында, Ақәділовтардың көзбен көріп, болған жайды әңгімелешілердің езі де көп жайды ұмытып қалғаны белгілі. Тіпті партизан отрядында дүниеге келген қыз бір деректерде Майя, бірінде Мая, енді біреуінде Майдан деп жазылады. Эрине, оған жазған адамдарды кінәлай алмаймыз. Сондықтан да қолтаңбаны өзгертпей қаз-қалпында беруді міндетті деп санаймын. Ал, құжаттарда нақты есімі – Майя.

Естен мәңгі өшпейді

Дыбысбек Әділханұлының айтуынша Тастен тегінен тараган үш ұл – Жанәділ, Ақәділ және Әділханнан туған балалардың бәрі де Ұлы Отан соғысы түсында әскер жасына жетіп, майдан шебінде ерлікпен шайқасқан. Жанәділдің екі ұлы болған. Шаймұран және Мәрай. Мәрай 1939 жылы міндетті борышын өтеуге әскер қатарына шақырылады. Ол 1941-1944 жылдары Отан соғысы майданында ұрыстарға қатысып, 1944 жылы ұрыс даласында қаза табады. Шаймұран атты ұлы 1941 жылдың тамыз айында әскерге шақырылады. Ол соғыста танкист мамандығын игеріп, бірден қайнап тұрган майдан алаңына жіберіледі. Сол жылдың қазан айында ол кісіден қаралы қағаз келіп, майданда ерлікпен шайқасып, танк ішінде отқа оранып қайтыс болғандығын баяндаған сұлық хабар жетеді.

Тастенниң екінші ұлы Ақәділде ұл бала болмағандықтан, оның атын ататып жүрсін деп, қазак ғұрпы бойынша Әділханнан туган Жылбекті Ақәділдің бауырына салады. Перште «әммин» деген болар, Ақәділдің атын Жылбек отбасымен бірге шығарып, тарихта мәнгілік қалдыруды.

Жылбек Ақәділов 1935 жылы міндепті әскер қатарына шақырылады. Ол Кеңестер Одағының шекарасында атты әскер қатарында қызмет етеді. Орыс тілін біletін, білімі бар қатардағы жауынгер Жылбекті әскери бөлім Краснодар өлкесінің Армавир қаласына әскери училищеге оқуға жібереді. 1939 жылы әскери училищені бітірген Жылбек Ақәділовтің әскери лауазымы көтеріледі. Оны жауынгерлерге командир етіп тағайындалап, жапон соғысына аттандырады. Командир ретінде павлодарлық жігіт Маньчжурияда, Халхин-Голде соғысқа қатысады.

Жапондарға қарсы соғыста көрсеткен ерлігі үшін Жылбек Ақәділов «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады.

Бұл кезенде елдің батыс шекарасында да тыныштыққа қауіп төніп, шекаралас Финляндияда соғыс өрті тұтана бастады. Бұл 1940 жыл болатын. Фин соғысында да командир қызметін атқарған сарбаз екінші рет «Қызыл Жұлдыз» орденіне ие болады. Финляндиядағы соғыс аяқталысымен әскери қызметін жалғастырган Жылбекті Батыс Белоруссия шекарасына отряд командири етіп жібереді. Отан алдында борышын абыраймен атқарып жүрген офицерге кезекті демалыс беріліп, Жылбек Ақәділов елге, Павлодардағы үйіне келеді. Осы келгенде шешесі Жәми алыста шет жерде жүрген ұлы басқа ұлттан келін алғып келе ме деп қауіптеніп, өзі ұнатып, келін етсем екен деп армандалап жүрген Ыдырыс деген кісінің қызымен таныстыруды женгелеріне тапсырады.

Ақ майдайы жарқыраған, сымбатты, ақсары, ашық – жарқын, онсегізге жаңа толған қыз жігіттің көnlінен шығады. Қыздың есімі Жамал екен. Жамалмен кездесіп, сырласқаннан

кейін Жылбек қызды ұнатып, онымен қол ұстасып, отау құрады. Өзінен жеті жас үлкен сүйгенімен бірге Жамал танымайтын шетелге бірге кетуге бел байлайды. Ол кезде қазақ қыздары ауыл-үй арасынан ұзап шықпаушы еді той. Аңқылдаған аккөңіл Қорлыгайын шешесі ақ батасын беріп қала береді.

Сәл шегініс жасап осы жерде Үйдырысқызы Жамалдың анасы жайлы өзім білетін жайды баяндал кеткенім дұрыс болар. Қазақданалығында «Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш», – деген қанатты сөз бар. Жылбектің анасы Жәмидің көзі Жамалға түсуі де тегін болмаса керек...

...Ертіске жақын Роза Люксембург көшесіндегі жатаған үйде тұрып, қашшама адамға қол ұшын беріп, барап жері жоқ ауылдан келген адамдарға қоналқа ұсынып, ақ жүрегін алып ұшатын Қорлыгайын аpanы көзіміз көргендіктен осы ретте айта кетуді жән көріп отырмын. Қаланың орталығында тұрып, есігіне күлші салынбайтын бір үй болса, ол осы аpanың үйі болды. Ауылдан жоқ-жітік ізделеп келгендерді жексенбі күні (ол кезде базар жексенбіде ғана істейтін) таңғы бестен тұргышып алыш, өмірі оттан түспейтін сары самауырының қойып, шайын ішкізе салып базарға бастап алышп баруны еді. Бала кезімде естен кетпейтін бір жайды айтсам, ол апамыздың дастарханында болса май мен қант, болмаса нан ғана тұратын. Үлкен сары самауырындағы шай таусылып көрген емес. Кім келсе де дастархан шетіне отыра қалып, шайын ішпіп, риза болады. Ақпейілмен ала ұсынған шай, табақтап асқан етке татитының кейінірек түсіне бастадық. Аpanың қолынан наимен шай ішпіп алсак, қарнимыз ашпайтын еді. Міне, Жамалдың шешесі қолы ашық, елте қайырымдылығымен Қорлыгайын апа атанған кісі болды. Қос ананың ризашылығын алған жастар қол ұстасып тағдырдың алдан тартар сыйын күтіп, өздеріне беймәлім Еуропаның батысына қарай сапар шекті.

Сүйген жарымен қосылған жас офицер Жылбек көңілі то-
лып, әскери міндетін ықыласпен орындауға бел шеше кіріседі.
Жылбектің әскери белімі сол кезде бұрынғы Батыс Белоруссия-
ның, қазіргі Польшаның аумағындағы Ломжа атты қала маңын-
да тұрды. Соғыс басталады деген сұық, үрейлі сез тарап жат-
са да, кеңес әскерлеріне халық арасында да, өз араларында да
арандатуға жол берілмесін деген бүйрық беріліп, күнделікті
жаттығу жұмыстары жүргізіліп жатты.

...1941 жылдың 22 маусымында танғы сағат төртте соғыс
ашпау жөніндегі келіссөзді бұзып, фашистік Германия Кеңес-
тер Одағына тұтқылдан шабуыл бастанды.

Алғашқы қысым, қатты шайқасты шекарада түрған әскери
белімдер көрді. Жылбек қызмет ететін атты әскер белімнен
бірден Батыс шекараны қорғауга аттанды.

Маусымның тамылжыған таңы от пен оқтың ортасында қа-
лып, түтін мен ысқа оралып, адамзат баласының басына зоба-
лаң құн туды. Әскери қызметті қалап, Отан қорғау саласында
еңбек етіп жүрген офицерлердің отбастары, бала-шагалары тез
арада Шығысқа қарай көшірілу жөнінде нұсқау алды. Алайда
тұтқылдан болған соғыс өрті тез қаулап, әскерлердің отбасы
көздеңен жерлеріне кепшілігі жете алмады.

Қамсыз қалған шекарашибылар күші басым жауға бірден тө-
теп бере алмай, кейін шегінуге мәжбүр болды. Қыспаққа тұс-
кен белімдер, негізгі күштен, бұрынғы қызмет еткен баталь-
ондарынан ажырап қалып, олармен арада байланыс мүлде үзі-
ліп қалды. Осындай сәттерде арасында кіші командирлер бар
топтар өз беттерінше шешім қабылдал, мүмкіндігінше жау-
мен шайқасты. Алайда, шағын белімдер жау әскерлерінің ты-
лында қоршауда қалып, белорусстың қалың орманын панарап,
фашистердің шағын топтарымен соғыса жүріп, қару-жарақ жи-
нақтайды. Осылайша өз белімдерінен алыстал, орман ішінде
жау қолына түспеудің жолын іздестіріп, кеңес әскерлеріне қосы-

лармыз деген үмітте болады. Топқа біртіндеп басқа да Қызыл әскер белімдерінен адасып қалған жауынгерлер қосылып, топ қарасы көбее туседі. Олар жергілікті тұрғындардың кемегімен жау тылында біртіндеп барлау шараларын журғізіп, белініп қалған әскери белімдерінің бағытын анықтауға кіріседі. Майдан шебі алыстай береді. Осыдан кейін жиналған топ бастарын қосып, жау тылында қарсылық әрекеттер үйімдастырады. Осындай топтардың бірінде Жылбек Ақәділовта бар еді...

...Жылбек Ақәділов болса, шекарада қалған жарының жағдайынан бейхабар. Олар Шығыска, елге аман жетті ме екен деген ойда жүретін. Өмір тауқыметін тартпаған жас жарының жағдайына қатты қиналатын. Осылай аландап жүргенде, із кескен барлаушы топ орман ішінде жүрген босқындардың үстінен шыгады. Арып-ашыққан эйелдер мен балалар фашистерден қашып орманды паналаган көрінеді. Дәл осындай босқын арасынан Жылбектің Жамалды кездестірмін-ау деген ой түсіне де кірмеген еді...

Ауыр азаппен екі жуз шақырымдай жер жүріп, орманда босқын болып Жылбекпен табысқан кезде аяғы ауыр Жамалдың ай-күні жақындал қалған еді.

Көп ұзамай қылышын сүйретіп қыс та келді. Жау тылында едәуір күшке айналып, әскерилердің қатары көбейіп, олар Белорусс орманында кейін бүкіл әлемге әйгілі болып атағы шыққан партизан отрядын құрган болатын. Міне, осындай қыстың қаһарлық күнінде 1941 жылдың қарашасында, ормандағы жеркепеде қазақ ұлтының өкілі, партизан қызы дүниеге келді. Жауға жасын болып төбесінен ұрган, партизан дегенді естігенде дүшпандарын қалтыратқан жауынгер сапы тағы бір батырмен толықты. Ол кәдімгі қарапайым қазақтың қайсар қызы, жау тылында қалса да, аяғының ауырлығына қарамастан азапқа шыдал, партизандар отрядын тапқан, өз жарымен соғыстың алапат

дүлейінде, бір шемеле ішінен ине іздегендей болып жары Жылбекпен табысқан Ыдырысқызы Жамал болатын.

Көс ғашықтың ұзак күткен, талай тұнді қиялмен тербеткен сәбіі қара суықта, жеркепеде жаққан оттың жалынымен жылынып, жана емірдің есігін «Мен батыр бабалардың, қайсар қазақтың үрпағымын» деп айқайлас ашты. Жап-жас партизанды жерден кетеріп алған сәтте, жиналғандар оның есімін кім койсақ екен деп айтыс-тартысқа тусіп, куаныштарын білдіріп жатты. Ақыры қыстың ызғары мен мұз-қарында туса да, емірі май (мамыр) айының жайма-шуақ күніндей болып өтсін деген иті де ізгі тілекпен сәбидің атын Майя қояды. Жарылған мина, снарядтар дүмпуімен, атылған автоматтардың дүрсілімен өсken Майя партизандар тәртібіне үйреніп, бәрінің сүйкімді қызына айналды.

Жылбек Ақәділұлы өзінің естелігінде: «Балапаның қанатының астына паналатқан құсқа ұксап Жамал Майкені қеудесіне тығып, тоңған кездерінде қызымының қолы мен аяктарын өз қолымен уқалап, аузымен ыстық бу жіберіп, бірнеше күн орман ішінде аштан-аш қалың шырша ағаштарының түбін паналады. Астымызға салған шырша бұтақтары мамықтай. Устімізге де сол бұтақтарды жабамыз. Жан сауғалап отырған орнымызды шыршаның бұтақтарымен қалың етіп күркеледік. Төсөнішіміз де осы бұтақтар», – деп жазады. Осындай қыын-қыстау, азапты күндер жалғаса берді.

...Тастен әuletінің кенжесі Әділхан екі үл көреді. Бірі жоғарыда аталған Ақәділге берген 1913 жылы дүниеге келген ағасы Жылбек болса, екіншісі 1925 жылы туған Дыбысбек еді. Жасы онсегізге толысымен соғыстың нағыз қызып тұрған шақында Дыбысбек Әділханұлын әскер қатарына шақырады. Қалада білім алған жігітті Монгол аймағына жіберіп, әскери барлау жұмысына бағыттайды. Осы тұста әлі жалғасып жатқан жапон соғысына қатысып, барлау ісінде білгірлік танытады. Монгол



жерінде көрсеткен ерлік істері үшін Дыбысбек Тастенов Монгол Халық орденімен марапатталады. Соғыстан кейін ағайынды Жылбек пен Дыбысбек елге аман есен оралып, бейбіт заманда үлгілі, өнегелі еңбек етіп, үрпақ есірді.

Сүм соғыстың салған ылацы бір ғана Тастен әuletіне осылай тиіп, Жанәділден туған екі ұлан майдан даласында мәңгілік мекен тапты..

Осы әuletте тумай жатып, соғыстың теперішін анасымен бірге көріп, сонау Белорусс жерінде ақ қар, көк мұзда туған Маяның жөні бір бөлек.

Жылбек Ақәділұлы Тастентегі

Жылбек Ақәділұлы 1913 жылдың 18 қаңтарында Павлодар облысы Баянауыл ауданы Шақшан болысына қарасты Үштөбе аулында дүниеге келген. Руы – Қанжығалы.

Ол ауыл ішіндегі молдадан біраз уақыт сабак алыш, ескіше сауатын ашады. Ол кезде әкесі Ақәділ дүниеден озған болатын. Осыдан кейін 1927-1932 жылдар аралығында Павлодар қаласындағы интернат-коммунада тәрбиеленіп, оку оқиды. Қоғамдық жұмыста белсенділік көрсетіп, жақсы оқығаны үшін ол 1929 жылы комсомол қатарына қабылданады.

Жылбектің окуга зеректігін байқаған интернат басшылары Оңтүстік Қазақстандағы Қапланбек қой есіру шаруашылығы институтына тусуіне кеңес береді. Бұл білім ордасына Жылбек Ақәділұлы 1932 жылы түсіп, оны 1935 жылы бітіріп шығады. Осы жерде білімін шындаған жас жігіттің әскер қатарына шақырылатын уақыты да болыш қалады. 1935 жылы ол міндетті әскери қызметтің етеуге шақырылады.

1935-1937 жылдары Жылбек Ақәділұлы Туркменияның Күшке қаласындағы шекараада қызмет етеді. Шекара қызметтін-

де жүргенде тәртібімен, батылдығымен ерекшеленген жігітке Түркмен КСР-ның комсомол үйімі атынаң республиканың Лениншіл Жастар Одағы еткізген X съезіне қатысуға жолдама береді. Ол кездерде мұндай құрметке әркім ие бола бермейтіні белгілі. Комсомол қатарына қабылдау үшін де үлкен сынектан ету қажет болатын. Жылбек Ақәділұлы осы Күшкі маңында түрған 152 атты әскер полкінің құрамында болады. Шекара қызыметіндегі сарбазға 1937 жылы Краснодар өлкесіндегі Армавир қаласына окуға жолдама береді. Бұл жерден ол атты әскерлер дайындастырын училищеде оқып, оны 1940 жылы бітіріп шыгады. Бұл бір мазасыз шактар болатын. Шығыста жапон соғысы жүріп жатты... Офицерлік дәрежедегі Жылбек Ақәділұлын 1940 жылы Халхин-Голдегі болып жатқан әскери ұрыстарға жібереді. Шығыстағы Жапон соғысында көрсеткен ерлігі үшін Жылбек Ақәділұлы «Қызыл жүлдөз» орденімен марапатталады.

Фашистік Германияның жауыздықпен бастаған Еуропаның Батыс аймақтарындағы соғыс қымылдары толастамай, бізben шекаралас жатқан Финляндия мемлекетіне соғыс ашқан болатын. Әскери училищеде оқып, Халхин-Гол ұрыстарына қатысқан офицердің іс-тәжірибесі едәуір еді. Қыыр Шығыстан жалғасқан ұзақ жол Жылбек Ақәділұлын тағы да батысқа қарай бастап әкелді. Оны Финляндиядағы болып жаткан майданға жіберді. Фин соғысынан кейін, біраз тыныштық кезенде сардар еліне Павлодарға демалысқа келіп қайтады. Жоғарыда айтылғандай жан-жары Жамалды алып, демалыстан соң Батыс Белоруссиядағы, кейіннен Польша шекарасына қарасты Ломжа деген қалаға әскери қызыметін жалғастыруға келеді.

Ұмытуға хақымыз жок

– Ұлы Отан соғысынан бұрын соғыс дегенді үлкендердің әңгімесінен, баспасөз, радио арқылы естітінмін, – деп жазыпты естелік дәңтерінде Жылбек Ақаділулы. Адамзаттың тіршілігіне соғыстың қандайлық кесірі барына терең көз жіберіп ойламайтынын. Оның үстіне, фашист, фашизм дегеннің не екенін тіпті де естімеуші едім.

Сейтіп жүрген мен, өткен Отан соғысында фашист басқыншыларының тылында үйімдасқан жауынгер партизандармен бірге 845 күн болып, соғыс азабы мен зардабын бастан кепірдім.

Сол қараңғы тұманды кездерді көзben көріп, бастан өткізген соғыс зардабы мәнгі ұмытылmas. Өртengen ауылдар мен күйрекен калалар, күйзелген шаруашылықтар, жазықсыздan жазықсыз жапа шегіп, жазаланып қаза тапқан ата-аналар, жасөспірім балаларды ойлаганда бәрі күні кеше болғандай көз алдымда тұрады. 1941 жылдың күзінде «Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер, ер басына күн туса, етігімен саз кешер» дегендей, шегініп кеткен батальоннан көз жазып қалып, бақытсыздыққа душар болған, жау тылында қалған Белоруссия жерінде майдан шебінен өтуді мақсат етіп, бір топ жауынгермен келе жатқан бетіміз еді. Түс ауа бір деревняның шетіне жете беріп дем алдық. Селодан бес және он жастың шамасындағы екі бала шығып, біздің қасымыздан өтіп орманға қарай кетті. Әлгі балалар орманға барысымен көп ұзамай-ак, тоғай жақтан минаның жарылған дауысы шықты.

Селодан бір әйел орманға қарай жүгірді, сонынан бірнеше адам солай қарай жүгіре жонелді. Бізде олардан қалмай жүгіріп жетіп бардық. Бәріміз ерсілі-қарсылы ізден екі баланың денесінің үсақ бөлшектерін ғана таптық.

Фашист басқыншылары орнатқан минаға кездесіп қалған екен. Кездейсоқ қаза болған балаларының бөлшектенген дене-

лерін орап алыш, анасы қаспен-көздің арасында қос бөбекімнен айрылып қалды деп көзінен қанды жасын ағызып, зарлы сөздерін айтқанда сай-сүйегіміз сырқырады. Сол сездердің эсерін жеткізіп бере алмаймын, оны мәнгі ұмыта да алмаймын. Бірақ та сондай шығынның ауырлығын ата-ана болған адамдар гана жаян тәнімен тусінер болар.

Алғашқы айқас

Жылбек Ақәділұлының өз қолымен жазған естелігінде соғыстың алғашқы күні туралыбылай делінген: «1941 жылдың 21 маусымы, сенбі күні болатын. Біздің әскери бөліміміз Ломжа қаласынан күн шығысқа қарай бес шақырымдай жерде орналасқан еді. Сол күні қаладағы офицерлер үйінде ойын-сауық болады деп хабарландыру жасалды. Біздің бөлімнің офицерлері үйымдастасқан түрде бәріміз бірге отбасыларымыз-бен сол кешке бардық.

Кеште концерт, би, түрлі ойындар үйымдастырылды. Буфет жұмыс істеп тұрды. Онда тәтті тағамдармен қатар шімдіктер де сатылды. Біз осы кештен түнгі сағат екінің шамасында оралдық.

— «Маусымның 21-нен 22 ауган кезде, өзіміз кештен шаршап келіп таңғы тәтті үйқы құшағында жатыр едік. Тарс-дұрс еткен есік қағысынан ояндық. Есікке жүгіріп барып, «Бұл кім екен?» деп сұрадым. Есіктің сыртынан «Жолдас командир, дабыл, дабыл», деген өз взводымның жауынгерінің үрейлі даусын естідім. Мен асығып, аптығып киіне салдым да жүгіріп сыртқа шықтым. Қала аспанында ұшып журген бірнеше неміс самолетін көрдім. Самолеттен қалаға, аэродромға бомбалар тастап жургенін байқап, бір сұмдықтың болғанын білдім де жүгірген бетіммен эскадронға бардым. Тиісті тәртіпке сай онда көп тұрақтамай полк штабына қарай жүгірдім».

Майдангердің сарғайып кеткен естелік беттерінен оның соғыстың алғашқы күндерін сипаттап жазған қолтаңбаларында жаумен бетпе – бет кездескен аса бір ауыр сәттер әңгімеленеді. Шекарада болған киян – кескі ұрыстан кейін дивизия белімшелері кейін қарай шегінеді. Жауынгерлер әбден қажығанына қарамай, күн-тұн демей тынымсыз әрекеттер жасап, басқа бөлімшелерге қосылу үшін демалыссыз жүріп отырады. Шегіну тәртібі бойынша Жылбек ағаның бөлімшесі дивизияның ең соңында жүріп келеді. Күші басым жау оқ боратып сондарынан калмайды. Таң атып күн көтеріле бере бөлімшесі Неман езені жагалауына келіп, әлі бұзыла қоймаган ағаш көпір арқылы езенің шығыс жагалауына өтеді.

Сол кезде полк командирі Жылбек Ақәділұлын езіне шакырып алады да езениң жау анталаған жагалауында қалып, бірде-бір неміс солдатын өзеннен өткізбейтін бол деп бұйырады. Жылбек бүкіл взвод жауынгерлерін жинап, командирдің тапсырмасын жеткізіп, езен жагалауына бекініс жасауды талсырды. Жедел бұйрықты орындауға кіріскен взвод жауынгерлері көпір салынған тіреуіш бетонды бұзды. Жауынгерлер езен қабағына орналасып, окоп қазды, бұл жасап жатқан жұмыстарының бәрі әуелеп үшқан жау самолетінің көзіне түспейтіндей етіліп, жасырын жүргізілді. Анталап келіп қалған жау ескерлерін Жылбек аға былай сипаттайды:

«Котанға шапқан қорқау қасқырдай жұптаса жүрген жаудың машиналары екпіндете отырып, езениң аргы жагалауындағы деңеске келіп жетті. Жаяу жүгірген солдат көрінбейді, бәрі де екі аяқты мотоциклдерге мініп алған. Бәрінің алдында оқшау жеңіл машина мінген біреулер келе жатыр. Біз бәрін бакылап қарап отырмыз. Жүйрік мотоциклдер қойсын ба, алдыңғы лектегілер көпірге келіп тірелді. Біздің жақта дайындалып түрған жауынгерлер пулемет пен мылтықтардан фашистерге оқты қардай бората жеңелді. Тұмсығымен жер сүзіп,

біреулері бөкселерін сыртқа беріп, біреулері машинасымен бірге домалап, бұрқыраган түтінмен бірге отқа оранып, өзен жағасына жете алмай жол үстінде қалыш жатыр».

Осы кезде жаудың жағаласуға жағдайын келтірмеген біздің эскерлер жігерлене түсіп, оларға оқ жаудырады. Алғынғы тобының қатты шығынға үшырағанын білгеннен кейін фашистер өзінің күрделі, кейінге сақтаған күшін арғы жағадан тұрып шабуылға салды.

Ісілдаған снарядтар, суылдаған оқтар бас көтертпей борап тұр.

Гитлершілер дөңес үстіне топ-тобымен шығып, бірінен соң бірі ұрысқа кірісті. Кескілескен қанды ұрыс кешке дейін созылды. Ат тәбеліндей ғана тәбешіктің снаряд жарылып, оқ теспеген тырнактай да жері қалған жоқ. Ауыр жаракат алған жердің де киесі күніреніп жатты. Ұрыс уақыты созылған сайын күшіміз кеміп, санымыз азайса да кешке дейін өзеннің бергі бетін фашистерден қорғап тұрдық. Өзеннің арғы бейкейінен оққа ұшқан неміс эскерлері бұл тұстағы қарсылыққа шыдай алмасын сезіп, өзеннің басқа тұстарынан шығыс жағаға қарай етіп, бізді он бүйірімізден қыспакқа алды. Барған сайын қоршау шенбері қысыла берді...

Күн ұясына барып, іңір қараңғылығы тускен кезде, сол кезенге реттеп, білімсіз етіп кесіп келтірілген ағаш көпірдің үстімен өте бастаған жаудың бронемашиналары Неман суына тәңкөріліп құлап жатты.

Бізде, алдында ұрысқа кіріспес бұрын, бір ротаға жақын жауынгерлер болған еді. Қиян – кескі ұрыстан соң саусакпен санарлықтай ғана адам қалышты. Енді бәріміз іңір қараңғысын пайдаланыш кейін шегіндік. Алды-артымызды ораған ажал оғы, жарылған снаряд пен миналар, адам түгілі жер қыртысын айырып, аспандата лақтыруда. Жау қаншама асыға төнгенімен біреуімізге тиген оқ бәрімізді бірдей құрта алмайды, әділдік

үшін курескен қажымаң ерлердің бәрі бірдей өлмек емес дейміз іштей бекінген біздер. Қос қолдың саусағындаған топ әр оғымен нысананы көздел қана атуда.

Осылайша жарқыраған ракета, әлсін-әлсін атылған автомат пен пулемет арасынан бір сүрлеумен келе жатып, әлден уақытта біздің дивизияның немірі үшінші полкінің төртінші белімшесіне кездестік. Біз енді солармен қосылып кейін шегініп келеміз.

Бұл белімшениң командирінің ішемі – капитан. Ол капитанмен 1941 жылдың наурыз айында Минскіден Ломжа қаласына бірге келген едік.

Түн жарымы болып қалған кез, біз жүрген жол бір деревняны басып етеді екен. Соғыс өнерінен әлі де тәжірибелі болмағандықтан, деревняны барлап алмай жол бойымен келіп, оған жакыннадық. Қотанға жартылай енүіміз сол-ақ екен, тұс-тұстап қызылды-жасылды болып автоматтан оқ жауды да кетті. Тағы да екі жақтан қарсыласқан қанды ұрыс басталды.

Бізден бұрын көшениң екі жағына бекіп орналасып алған жау әскерлері қаншама «Уралап» алға ұмтылсақ та бас көтертпей, деревняны алғызбады. Тек қана өртенген үйлердің жалыны мен түтініне тұншықкан кезде фашистер атуды тоқтатты. Тосынан кездескен ұрыстан біз едәуір шығынға ұшырадық. Белімше командирі де оқка ұшты. Қалғандарымыз шағын топ-топ болып біргінде ұрыстан шықтық. Менің тобымнан небәрі үшеу ғана қалдық.

Амал не, алға басқан аяғың кері кетіп, титықтап күн көтеріле бере жақын тұрган тогайға әзер жеттік. Бұл орман бізден де бұрын шегінген топтарға қоныс болышты. «Ат аунаған жерде түк қалады» дегендей, орман ішінде басқа белімдерден қалған оқ-дәрі, гранаталармен қаруларымызды толықтырдық.

Осы орман ішінде «аға саяси қолбасшы» бастаған бір топ бізге келіп қосылды. Идаят Үсенов деген қыргыз жігіті осы топ-

пен бірге келді. Шамасы осы топта жиырмaga жуық адам болдық. Бөрінің де өнді қашқан, жүздері нұрсыз, соғыс басталғалы бері бел шешіп, үйкө кермеген. Оның үстіне үздіксіз, әрі тосяны басталған ұрыстардан қажып-шаршаған адамдар. Осы арада кезек пе кезек сақшы қойып біраз дем алдық. Бірақта кешегі қызыл-қырғын ұрысты көрген, отанға тәнген қауіпті бастарынан кешірген ерлер шаршағанымен ұзак үйіктап жата алмады. Аз тыныстап, кез шырымын алғаннан кейін біртіндеп ояна бастадық. Құлакқа әртараптан атылған автомат үндегі де келеді.

Күн шаңқай түс, қасыма бірер жауынгерді ертіп алдым да манайды шолуға орман шетіне шықтым. Жол үстінде шығыска қарай ағылған неше мың қол қаруланған фашистер. Қокте де гүрілдеп ерсілі-қарсылы ұшқан қанаты қара кресті неміс самолеттері.

Сол бір жаугершілік кезенде элемге көз тоқтатып, ой жіберіп қарасақ; кешегі бейбіт дала күніреніп, аспан әлемін оқ-дәрінің бұлты қоршап, түнеріп, ауыр қайғы-қасіретке бізben бірге шомып тұрғандай болатын. Тілсіз табиғат пен жаратылыс та бізben бірге үн қосып жылап, ыңыранады, күніренеді.

Орман шетіндегі биік ағаштың тасасында тұрып, ойымыз он саққа бөлінген жауынгер жігіт екеуміздің тула бойымызды ашу-ыза кернеп, бір құдіретті күш бойымызға бітіп, құзғындарды тілсіз-жансыз қалдырасақ, құлін көкке ұшырасақ деп жүрегімізге кек пен нағыс отын жағып жаттық.

Киялмен іс тынбасы белгілі... Қара құзғындағы фашист армиясы үнемі алға жылжып жүре бермес, алдында ұлы ел, жуз сексен миллион қарулы күш бар. Қазіргі зобалаң тұтқындан тиген әрекет, сазайларыңды әлі-ак тартарсындар. Көбің Германия жерін енді қайтып кере алмассындар деп жанымызға жігер беріп, ашу толқынын сабасына тусіріп, кері қайттық.

Бул кезде күн қайта бастаған еді. Енді тобымызben алға жүрмек болып орманның шетіне жақын келіп, маңайға көз жіберіп,

кеш батуын күттік. Алдымыз жазық, шамасы үш жұз метрдей жердегі бір үйірім төғайдан бір топ неміс өздерінше былдырласып, бізге қарай келе жатты. Оларды біз жақсы көріп тұрмыз. Себебі немістер сүрлеу жолмен батар күнгө қарсы келеді.

Жол жиегінде қалың ескен шіліктер де, карт қарагаштардың да көлеңкесі бізді жасырып тұр. Бұл топ он-онибес адамдай ғана шағын екен. Жанымдағыларға ұрысқа әзірленіндер дедім де қарсы алдарынан қаруларымызды безеніп, жауды қарауылға алдық. Құзғындардың жақын келуін күттік.

Фашистер жайбаракат, еш қауіпсіз есіре сөйлеп келе жатты. Алдарында бойшаң келген, мойнына дурбі ілген офицері бар.

Жау тобын әбден жақын келтіріп алыш қолда бар қарулардан оқ бораттық. Алдымен серендеген офицер өкіре құлап, жер құшты. Оларға қарсы ажал оғын үшірып, жер бауырлап жатса да бастарын көтертпестен үсті-үстіне атқыладық. Қарсыласуға шамалары келмей біреулері ыңырып, біреулері қырылдаپ, өз қандарына өздері тұншығып, жол үстінде сұлады. Әйттеуір оларға көмекші топ маңайда сезілмеді. «Алға» деген бүйірек бойынша жауынгерлер бірден лықсып, алға шықты да фашистердің шалажансар қалғандарын мыштық дүбімен сокқылап, өскелен қарабидайдың ортасымен алға қарай жүріп кеттік. Женіске жігерленген жігіттердің қабактары ашылып, жүздері жадырады.

Осы жол үстіндегі кездесу көлемі шағын болғанымен есте қаларлактай ерекшеліктерімен жемісті, әрі сәтті болды. Әйткені торға түскен торғайдай үздіксіз шайқас, ұрыстарға шырмалып, жау маңынан алыстап кете алмай, күш азайып, елсіз жансыз орманнан басқа пана жок, енді жағдаймыз не болады деп ойға батып жүрген кезде, бойымызға қажымайтын қайрат бітті. Біздің де Отан үшін шайқасқа түсе алатындымызға бұл айғақ болды. Жаудан кек алатын мүмкіншілігіміз бар екендігіне көзіміз жетті.

Болашақ женіске шексіз сендік, күн сайын жауынгерлік омірге де үйреніп, шынықтық. Қасықтай қан, шыбындай жан қалғанша гитлершілермен күресуге, отанымызды азат етуге елеулі үлес косуға бір-бірімізге ант еттік.

Жоғарыда баян етілген жай 1941 жылдың 25-30 маусым айында Белоруссия жерінде болған еді...

Партизан естелігінен

1941 жылдың желтоқсан айы, біздің партизандар отряды Мостицкий деревнясының маңындағы қалың орман ішіне орналасты.

Әди Шәріпов, («Партизан қызы», «Ормандагы от», тағы басқа кітаптардың авторы) Павел Демидович Костенко, Әдбіғали Төлегенов үшеуі Артемовка деревнясын барлауға бұйрық алғып, кешіке таман жириен атқа жадағай шананы жегіп аттанды. Біздің тұрған орнымыздан Артемовка шамамен он бес шақырымдай жерде болатын.

Түн караңғы, бұлтты болғанымен ақша қардың үстінде із де, адамның бет-бейнесі де толық көрінеді. Деревняга жақындаған кезде Әдбіғалиды жиренді жеккен ат-шанасымен бірге шілік жиі өскен өзекке қалдырып, Костенко мен Әди ауылға қарай жолмен бет алады. Шеткі үйге жеткен кезде бірден пулемет дискісінің тарс еткен дыбысынан сескеніп, жолдың сол жақ таралына екеуі жата қалады.

Ізінше басқыншылардың пулеметпен жаудырған оғынан Павел Демидович Костенко жарақат алады. Әдидің жауға қарсы автоматтан оқ боратып жатқанын көрген Әдбіғали қарулас достарына көмекке барады. Ол тұра бармай, ойпан-өзекпен жау пулеметінің сол жақ буйіріне жақындағы барып, әуелі екі гранатты бірінен соң бірін лактырады. Мергеннің оғындары жаудың

дәл тәбесінен түскен гранатадан кейін іле автоматтан оқ жаудырып, жау пулеметшісінің үнін өшіреді. Сол кезде үкідей үшіш достарына келсе, екеуіде ауыр жараганып, қанға боялып жатыр ежен. Алдымен Костенконы көтеріп алыш, бірнеше рет сурініп жүріп шанасына жеткізеді. Қайта оралыш, Әдиді алыш бара жатқанда, оқка үшін басқыншыларға кемекке келген топтың жауып тұрған оғының астында жер бауырлай жылжып отырып, Әдиді де аман алыш шығады. Бір сүмдықтың болғанын сезген жануар жириен ат тұяғымен жер тарпып, ушеуі шанаға отырысымен орманға қарай құйындан үшады.

Жаудан алыстал, орман ішіне кірген соң Әбдігали өзінің сырт көйлегін жыртып, екеуінің жарагаларын байлаپ, қанын тоқтатудың амалын істейді. Олар тун ортасында базага келіп жетеді. Ертеңінде Әбдігалидың шинелінен бірнеше жерден тесіп өткен оқтың орындары табылды. Әбдігалидың бұл ерлігіне сүйсінген партизандар оны кейін Алеша-Батырхан деп атап кетті. Оны біз күні бүгінге дейін Батырхан дейміз. (Әди Шәріповтың «Партизан қызы», «Ормандагы от» атты кітаптарында да осы қос есімді кездестіресіз).

Фашист басқыншылары жаулаап алған жерімізді азат ету үшін біздің Клетнялық намысқорлардың көптеген ұрыстарының бірі осы жол үстіндегі ұрыс болды.

Партизандардың бұл сияқты соққысынан кейін неміс командованиесі жазалаушы отрядтарын жіберіп, ізімізге түсіп, тоғай ішінде үздіксіз кескілескен ұрыстар болатын. Дәл осы кезде неміс басқыншылары ежелдегідей ізімізге тусе алмады. Оған себеп, Курск-Орловск иінінде біздің Қарулы күштеріміздің соққысынан кейін немістер есін жинай алмай, күннен-күнге үдеген Қызыл Армияның шабуылына төтеп бере алмады. Олар сол маңайдағы эскери болімдерді Сожъ өзенінің аргы бетіне өткізіп, бекініс жасан жатқан кезі болатын. Бірақ партизандарға қарсы күніне бірнеше рет самолеттерін жіберіп, әуеден бомба-

лап, от жағып, су қайнатып ішінгі де мүмкіндік бермейтін. Сондықтан біз жарты сағат ішінде тез жиналып, басқа жерлерге орын алмастырып отыратын едік.

Осы естелікті жазып отырған кезде Жылбек Ақеділов Эбдіғалидың Ақтөбе облысы, Шалқар қаласында, ал П.Д. Костенкоң Смоленск облысының Рославль қаласында тұратынын, оның аурухананың аға дәрігері екендігін жазған екен.

1965 жылы Рославль қаласында жолдас Костенкомен кездес-кенимде осы оқиғаны екеуміз еске түсірдік, – дейді Жылбек аға. Әнгіме сонында П.Д. Костенко былай деді:

«Мен ешқашан Алешаны ұмытпаймын. Менен ыстық журе-гімнен шыққан сәлемімді жеткіз. Егер ол болмаса, мені неміс корқаулары қорлағ өлтірер еді де, мен отбасыма оралмай, Артемовка жерінде мәнгі қалар едім. Сондықтан да мен үшін өзімді ажалдан құтқарған аса қымбат адамды ұмыттуға азаматтық арым жібермейді».

...Бұл кезде жоғарыда баяндап өткеніміздей сурапыл соғыста Жылбек Ақеділұлы тағдырыдың ықыласы түсіп, жары Жамалмен табысқан кездері болатын...

Жылбек ағаның естелігін әрі қарай жалғастырайық.

«...Мен белімшемен бірге үлкен жердің тапсырмасын орындауға теміржол бойына кеттім. (Қалың өкірман партизан жа-зушыларымыздың шығармаларынан «рельс соғысы» дегенді естігендері бар шығар).

Жамал мен Майя партизан отряды орналасқан жерде солардың ортасында қалды. Бір күні Жамал мен Анна Лазаровна тоқтаган орындарында ішетін су болмағандықтан, жақын маңайдан су іздел кетіпті де Майяны жаралылардың жанында қалдырады.

Сол кезде Майяның бір жас жеті айлық кезі, аяғы шығып жүгіріп жүрген. Басқыншылар партизандардың тұрган жерлерін біліп, бірнеше самолетпен базаны бомбалайды.

Орман ішінде анасын іздел шырылдан жылап жүрген Майяны қарт партизан Кудинов тауып алыш, үйеңкі ағашын пана-
лап, өзі де жер бауырлай жылжып, баланы бауырына басып,
жарылған бомбаның бөлшектерінен, ағаштың сынықтарынан
өз денесімен қорғап, баламызды тағы да бір қатерден сактап
қалды.

Жамал мен Аня жан ұшырып, қайта оралып, орман ішінен
Майяны іздел жүгіргенін көрген бойда қарт құшагындағы ба-
ланы міне, Маяймыз аман-есен деп анасына табыс етеді.

Кудинов қарттың сол бір туысқандығын мәңгі жүрегімізде
сактап, ұмытпаймыз. Қарттың сол кездегі мәрттігін көргенде,
оның дүшпенға деген намысқорлық қаһарын, жолдасқа деген
бауырмалдық мінездерін еске түсіріп, үнемі әңгіме етеміз.

Тоғайдың оқиға

Бұл тоғай Смоленск облысының шекарасына таяу тұста еді.
Әрі біздің партизандар тұрған тоғайдан алыс емес, бір күншілік
жер. 1942 жылдың сәуір айы, қар жаңада ғана кетіп, жер дегди
бастаған кез. Сол мандағы деревняларда немістер бар деген ха-
бар бізге жетті. Ондай жерлерге шағын, ықшамдалған топтар
шығып, жаудың жолын тосқауылдаймыз. Күн, түн қатып жүріп
отырып, Мухин тоғайын қақ жарып жүріп немістер осы жолмен
жүреді деген жеріне келіп жеттік. Біздің топ тоғайдың оңтайлы
түсіна орналасты. Мен ол кезде пулеметші едім. Пулеметімді
жол жиегіндегі бір жас қарағайдың көленкесіне орнаттым, көз
түспес үшін ағаш жапырақтарымен бүркеп, жолды және алды-
мыздығы алаңды қарауылға алыш жауға келсөн — кел деп ке-
зеніп тұрдық. Маган жақын жатқан Борис ертерек орналасып
алды да, жата-жата ішіміз пыстығой деп жер бауырлап маган
жақындан келді. «Асықлаған арбамен қоянға жетеді» деген,

күн ерте, асықпа дәп қояды. Уақыт сәске көтеріліп түс әлегі болыш қалды. Айнала тым-тырыс. Бізбен бірге басын иіп, жаратқанға жалбарынғандай үнсіз жатыр.

Біраз уақыттан соң «келе жатыр» деген барлаушылардан хабар алдық. Әрқайсымыз өз орнымызға нық бекініп, қаруларымызды жолға қарай кезеп қоямыз. Кешікпей-ақ бір еркек, бір әйел, одан кейінде бір ер адам мен әйел келе жатқанын көрдік. Олардың бәрі де женіл киінген, қолдарында ештеңе де жок. Жергілікті жердің адамдары сияқты. Немістер болса солардың соңынан келеді. Алдарында бірнеше жаяу және екі арбада бірнеше адамнан отыр. Олар жан-жақтарына алан-далап қарап, қауіп пен қатер барын сезіп келе жатқан сияқты. Қаншама баяу жүріп байқастаса да партизандар нысанага келгенсін тұ-тұсынан оқ жаудырды. Өкпе тұстан көздеңен пулемет пен автомат оқтары жаудың әскерлерін жермен жексен етті. Жау бас көтеріп, қарсыласып атысуга да шамалары жетпеді. Біраздан соң топ басшысы шабуылға шығуға бүйрек берді. Шабуыл жасап, жығылған үстіне жұдырық дегендей, тірілерін найзамен шашып, мылтықтың дүбімен соғып, жаудың өз істегендерін өздеріне қайтара кек алдық. Бұл жолы біз жаудан үш автомат, бір пулемет, қаншама оқ-дәрі, тоғыз мылтық олжаладық. Жауды женғен көтеріңкі кеңілмен өзіміздің базаға оралдық.

Сещинск станциясында

...Партизандар бригада командирі Тимофей Михайлович Коротенконың бастауымен екі тәулік бойы жүз шақырым жол жүріп, жау кезіне түспей Рославль қаласының маңындағы тас жол мен теміржолдан етті. 1942 жылдың бесінші қарашасында танға жақын бригада батпақты орман алқабына келіп тоқтады. Станцияға майдан жағынан жақын келді. Бұл жақтан басқын-

шылар партизандарды күтпейтін. Сол күні партизандар ұрысқа енген жок. Кешке жақын барлық командирлер мен саяси қызметкерлер штабқа жиналды. Подполковник Тимофей Михайлович Коротенко барлаушылар жеткізген деректерді баяндауды. Содан соң дүшінде гарнизонын жою жөнінде бұйрық берді.

Бірінші, үшінші батальон станцияға солтүстіктен тиісіп, жаудың қарсылығын жоя отыра, вокзал маңын тазартып, Пригорье деревнясына жету керек болды. Біздің ротаға поселкенің шығысын азат етіп, қару-жарақ тиеген теміржол құрамасын құрту міндеті жүктелді. Шабуылды үдете отыра, Брянск-Рославль тас жолына шығуға тиіс болдык.

Әлім мен Питченко бастаған диверсиялық топтарға да жауынгерлік тапсырма берілді. Әлім бастаған топқа сағат 24-те Пановка өзенінен ететін теміржол көпірін, Питченконың тобына Рославль жағындағы Бобровка өзеніндегі теміржол көпірін бұзу бұйырылды.

Комбриг сөзінің соңында бригаданың бүкіл адам құрамына дүшіндең майдан шебіне жақын орналасқан базасын жою Ұлы Октябрьдің 25 жылдығына біздің тартуымыз болатынын жеткізді. Комбригтің бұйрығы партизандарға түсіндірілді. Қаранды түсісімен белімшелер жылжып, өздеріне белгіленген ұрыс шептеріне орналасты. Әр белімше шабуылға шыққанға дейін жау шебін барлауды тоқтатпады. Біздің шолғыншылар теміржол бойында эшелондар тұрганын, оның күзетін анықтап келді. Рота командирі шолғыншыларға эшелондарды күзеткен солдаттарды үн-түнсіз жоюды тапсырды. Комбригке осы жайлар қолма-қол хабарланып отырды.

Неміс сақшысы эшелоннан сәл ұзаган сәтті пайдаланып, Петр Афанасьев пен Әлімбай Құсайынов теміржол құрамасына жетті. Сақшы ез орынна келгенде біздің екі жігіт жіті қимылдаап, кез ілеспес шапшаңдықпен жау солдатын алып ұрып, қарузыздандырды. Дыбысын да шығармады. Содан кейін вагон-

дарға бөгелмestен гранаталар лақтырып, оқ жаудырды. Пригороде станциясында ұрыс басталды. Эшелон күзетін қолма-қол жойып, біздің рота поселкенің шығыс бөлігіне баса көктеп енді. Фашистер естерін жия алмай, оқты беталды бората берді. Осы кезде станция жақтан жер дүниені жаңғырықтырган гүрсіл естілді. Бұл теміржол көпірінің тасталқанын шыгарған Элімнің тобы еди.

— Жарайсың, Элім! Тапсырманы дер кезінде орындалдың! — деген комбргітің дауысы естілді. Біраздан соң Питченконың да тобы Бобровқадагы теміржол көпірін жойды.

Дүшпан кеңес партизандарының шабуылын тоқтата ала-мады. Бір шептен соң бір шепті алып, біз алға жылжыдық. Рота поселкеде ұрыс жүргізіп жатқанда аға сержант Абдуллин бастаған партизандардың бір тобы теміржолдағы қару-жарап, киім-кешек құрамаларын өртеді. Балмағамбетовтың тобы Сешинскідегі самолеттердің бензин бактарын атқылап, жандырыды. Мәжит Мұқанов пен Сергей Беловтың диверсиялық топтары теміржол маңындағы техниканы, қоймаларды бұзып, жолды, байланыс жүйелерін істен шыгарды. Станцияға Коновалчуктің батальоны енді.

Кескілесken ұрыс үш сағатқа созылды. Таң атуға аз ғана уақыт қалды. Комбрг тапсырма орындалған соң шегінуге бұйрық берді. Өйткені енді аялдауға болмайды. Дүшпанның жақын мандағы гарнизондары партизандарға тосқауыл қойып, бегеуі мүмкін.

Бұл ұрыста неміс гарнizonы 15 самолетінен, 370 солдаты мен офицерінен айрылды. Қаша техникасы істен шықты. Байланыс жүйесі бұзылды, екі теміржол көпірі қатардан шықты.

1942 жылдың қарашасы. Кеңес әскерлері Еділ жағасында неміс басқыншыларымен кескілесken ұрыс жүргізіп жатты. Жау уақытша басып алған біздің территориямен әскер және қару-жарап тиеген дүшпан эшелондары толассыз етіп жатты.

Партизан отрядының командованиесі дүшпаниның шығысқа бет алған эшелондарына шабуыл жасап, оларды жою жөнінде бүйірек берді. Біз бұл кезде Брянск ормандарында едік. Рославль – Брянск аралығындағы Пригорье станциясында жау әскерлерін жою жөнінде міндет қойылды. Бұл аса қын тапсырма еді. Оның қыындығы: станция орман алқабынан алыста, ашық далада болды. Екіншіден, станция маңындағы деревнялар мен тас жолдың бойын басқыншылар күні-туні күзетіп тұрды. Үшіншіден, станцияға жақын жерде немістің ірі әскери күші орналасты, шығысъында Сещинск аэродромы. Брянск жеріндегі Дубровка, Жуковка, Клетня аудандарының қалың ормандарындағы фашист жандеттеріне қарсы жүргізілген партизан отрядтарының батыл қимылдары арқасында қын тапсырма орындалды. Оның басты себебі Сещинскіде немістің үш жұз әскери самолеті, төрт мыңдан астам солдаты тұрды. Каракышылар осы арадан Мәскеуге тұра әуе шабуылын бастады. Орел-Курск інінде әскерлеріне аспаннан қолдау жасап отырды. Сондықтан осы жерде жау қимылын қадағалап, ойларын іске асыртпау үшін интернационалдық астыртын булдірушілер тобы құрылды. Оның құрамында Отанның патриот ұл-қыздары – Константин Поваров, Анна Морозова, Иван Алдюхов, поляк Ян Манковский, Ян Тыма, Вацлав Мессъян, чех Венделин Вубличка және басқалар болды. Батыл партизандар мен әскери барлаушылар аэродромдағы құпия жағдайды жеткізіп тұрды.

Осында тұрған жау самолеттерін, теміржол эшелондарын, соғыс қару-жараптары сакталған қойманы партизандар мина қойып талқандады.

Женіс күнін жақыннатуға өздерінің асқан ерлік істерімен үлес қосты.

1942 жылдың желтоқсан айында Гитлер басқыншылары біздің партизандармен күреске әдейі арналған жазалаушы от-

рядтарын дайындал жіберді. Ұзақ жорықтарда партизандардан алған соққылардың кегін олар енді тыныш жатқан елді мекен тұрғындарынан алуға кірісті. Өсіресе, партизандар қоныстыранған орманға жақын мандағы деревнялардың халқына тыныштық бермеді. Оларға партизандармен байланысын бар деп жала жапты, үйлерін өртеп, адамдарға азап көрсетті. Денгубовка, Мармазовка сияқты деревняларды түп орнымен өртеп жіберді. Малдарын айдал әкетіп, сақылдаған сары аязда жас, кәрі демей бәрін баспанасыз қалдырды. Аш-жалаңаш орман ішіне қапын барғандардың көбі үсіктен, аштықтан қаза тапты. Көптеген отбасыларды шұбыртып, қар үстінде жүргізіп, үсік азабын тартқызды.

Бұл аталғандар фашистердің жасаған қылмыстарының шет жағасы ғана десек те болар. Өткен Отан соғысындағы жауыздардың елімізді күйзеушілікке ұшыратқанын түгел тізбелеу ауыр соғады.

Көптеген концлагерлерде фашист қанішерлері адамзат баласының барлық шегінен аскан түрлі азаптауларын ойладап тапты.

Қаза болған отанымыздың мындаған ұлдары мен қыздарының өлімі біздің халқымыздың өмірінде мәңгі ұмытылмайды.

Жер жүзіндегі екінші дүние жүзілік соғыстың майданы, ұрыс даласы болған елдердің қайсысы болса да соғыс апатын, одан келетін күйзелушіліктің бәрін көріп, бастаң кешірді.

Осы орайда шегініс жасап, партизан Жылбек Ақаділовтың Брянск жерін, Клетня ауданын басқыншылардан азат еткеніне 20 жыл толуына орай арнайы қонақ ретінде барып қайтқан сапары жайлы әңгімеледі жән көріп отырмыз. Жылбек аға сол күндерді тебірене еске алады.

Біз Отан соғысының бұрынғы партизандары бірінші күні Сещинскіде бас қостық. Сещинск аэродромын құртып жіберу кезінде жауға қарсы астыртын жұмыс жүргізуге қатысып,

ерлікпен қаза тапқандарға арнап ашылған ескерткіш жанында үлкен митинг өткізілді. Осында құрылған астыртын топтың іс-кимылдары Отан соғысының жеңіспен аяқталуына зор септігін тигізді. Партизандар осы айқаста керемет ерліктің үлгісін көрсетті. Бір кездे партизан өлкесі атанған Брянск орманындағы Сещинск селосының даңқы әлемге аян.

Неміс-фашист басқыншыларының қара жерді тітіреткен жауыздығы мәнгі естен кетпейді. Бір ғана Клетня ауданы бойынша еш жазығы жоқ төрт мыңдан астам әйелдерді, қарттарды, балаларды атып өлтірді, дарға асты. 74 деревняны, мекемелер мен мектептерді, өндіріс орындарын өртеп жіберді. Төрт мыңнан астам жылқыны, 7400 ірі қараны, 8 мың қойды колға түсіріп, Германияға айдал әкетті. Міне, түн қаранғысын жамылған қара ниет гитлершіл құзғындардың озырылышын осы деректер айғақтайтын болса керек.

Зұлым жау салған жан жарасының аузы жазылмағанымен, жарықтық жер түлеп езгерген. Бүтінгі Клетня мен Дубровка Брянск облысындағы шаруашылығы өркендеген, дамыған елді мекен.

Бүкіл Брянскі орманындағы сияқты Клетнялықтар қанды ауыз неміс – фашистері қашшама қүш жұмсал, жазықсыздарды атып, асып, аштан өлтірсе де мал-мұлікті тонаса да мойымады. Ажалақасқая қарсы тұрып, «қанға-кан, жанға-жан» – деп альсты.

Өз басым сол бір жан түршігерлік оқиғаның, ауыр қундердің күәсі болдым. Өзім ғана емес, бүкіл отбасымыз осы азапты қундерді бірге кештік.

Міне, арада ширек ғасыр уақыт өткенде мен тағы да Клетня орманын араладым. Бірақ майдандағыдай емес, көңілім қоңыр күздей, еркін журіп келемін. Жалғыз емеспін, қасымда Майям бар. Орман ішін тыныштық. Аспаннан тілдескен орманда шырша, қарағай, ақ қайындар сыр шертеді. Мен орман ішінде өзіміз

бекініс жасап, немістерге атой салған, гитлершіл сүмдәрға қарсы ажал оғын боратып, өлім төккен жерлерді Майяға көрсеттім, таныстырыдым.

Құлағыма: «Құлым, Майям, кезімнің қараышындағы жалғызы», – деп орман ішін күніренте, тас емшегін жібіткен ез сәбін іздеген ару ананың дауысы шалынғандай болады. Ілгері басқан сайын тілсіз орман іші сонау кездері бастан кешкендерді еске түсіріп сыр шертеді. Сол сәттерде біздің Майя, тек Жамал мен мениң ғана қызым емес, Тимофей Коротченко басқаратын екінші Клетня партизан бригадасының қызы еді...

Орманды аралап, өзіміз талай түн жамылып жортқан жерлерді көріп келеміз. Майяға таныстырып, кейбір оқиғаларды айтудамын.

- Майя, – дедім үнсіздікті бұзып.
- Иә, папа, о не?
- Міне, мынау шоқ қарагай сен адасып кететін орман.
- Элі ұмытпапсыз ғой, папа.
- Неге ұмытайын.
- Мамаң осы орманда шарқ ұрып, балапанынан адасқан қаздай болып, жан ұшырып, сені іздеген жер осы. Сондықтан мұндай жерді ұмытуға бола ма?!
- Әрине, жоқ.

...Келесі бір кездесу Бочаров орманында болды. Қыркүйек айы еді, ну орман ішіндегі аланда мыңға жуық адам қатысқан митинг өткізілді. Алаң төріне партизандар данқына арналған ескерткіш орнатылыпты.

Зәулім монументтің бел ортасына «Отан соғысы» орденінің белгісі ойып салынған. Бас туғырда каска киген солдат пен халық намыскері қарт партизанның бейнесі тұр. Монументтің шығыс жағындағы қабыргаға зенбірік, ал батыс беткейінде Максим пулеметі қойылыпты. Монументтегі «Брянск өнірінің фашист басқыншыларынан азат етілгеніне жыл» деген жазу

алыстан көзге түседі. Партизандар даңқына арналған музейде сол аланда, орман ішінде Данченко отрядының бірнеше жер балағаны сақталыпты. 1942 жылы май айында осы аланға «Үлкен жерден» ең бірінші самолет ұшып келгені ойға оралды.

Осы кездесуде біз Десна бойын фашист басқыншыларынан азат етуде көп еңбек сіңірген, түн қата журоп Сожь, Днепр өзендері бойында ат шалдырган партизан достарым Павел Шерягин, Нина Рябушева, Иван Алексеев, Александра Обысева және Виницкийлермен дидарласып, қауыштық.

Өсіреле, Польша, Румяния, Чехословакия және Австрия жерлерін фашист құрсауынан босатуға қатысқан, жорық жолымыз Эльба өзенінде түйіскен, есімдері алтын әріппен жазылған Клетнялық екінші бригаданың ардагерлері Я. Питченко, Н. Котрученко, И. Демин, Г. Бондарь, Царев, Позняковтармен кездесу ерекшеге куанышқа толы болды.

1942 жылы желтоқсан айында басқыншылардың жазалаушы отрядымен қақтығыста Жамал мен Майядан мен адасын қалған едім. Менің отбасымды Андрей Федорович жер балағана жасырып, өлім тырнағынан алып қалған болатын. Осы сапарымызда өте қадірменді Андрей Федоровичпен кездестік. Ол өзінің отбасымен бірге алдымыздан шығып, бізге құшақ толы гүл шоқтарын ұсынды. Үйіне шақырып қонақ етті. Кең дастархан басында көңіл толқырлық әңгімелер айтылды.

Куйбышев атындағы мектептің «Қазақстандық қонактарға жалынды сәлем!» – деп жазған Дубровка мен Летопольські мектептері окушыларымен болған кездесулер ұзақ есте қалды. Өзіміз керген Александрамыздың атындағы мектеп окушысының павлодарлық қазак қызына (Майя) гүл шоғырын сыйлауы да бауырмалдастықтың бір көрінісіндей болды.

...1943 жылдың қаңтары мен ақпан айлары партизандар үшін өте қызын уақыт еді. Басқыншылардың жазалаушы отрядтары қақтығысқан айқаста біздің қатарымыз сиреп қалды.

Ауыр жаралы партизандар орман ішіне бойлап шегінді. Сондай кезенде ұзак жол титықтатқан партизандарды қанатының астына алып, шипалы қолымен көмек көрсеткен партизан медбикесі Александра Степановна Некрасова мен 20 жыл өткенде сағына кездестік. Бұл дидарласуымыздың куанышын сол сөттегідей жеткізуге тіл жетпейді.

Александра Степановнаның шарапатты істері зор құрметке сай. Сол жылы ол жаралы жас жауынгерді өз күтіміне алды. Караганды облысының тумасы Элімбай Тілеулиев ауыр жаракаттан Александра Степановнаның үйінде қаза болып, жерленді.

— Қыршын жас, өмірден ерте кетті, — деп аналық ақ ниетімен мұңайды ол. — Элімбайдың ерлігі туралы толғана әңгімеледі. Қазір А.С. Некрасова Клетня ауданындағы Куйбышев атындағы бастауыш мектептің меңгерушісі.

Клетня ағаш өндірісінде жұмыс істейтін жұмысшылармен біраз әңгімелескеннен кейін орман ішіне қарай сұғына бірнеше шақырым жол жүрдік.

— 1941-1942 жылдары біздің отрядқа пана болған осы орман, — деп балама (Майяға) түсіндіріп айтып келемін. Ел басына ауырталық түскен сол бір қызын қыстау жылдар тағы да елес бергендей. Жаралы жауынгерлер су орнына қар, наан орнына үсіген картоп жеген күндер, сын сағаттар көз алдыннан тізбектеліп өтіп жатты.

Халық намыскерлері топ-топ болып осы орманнан жорық-ка аттанғанбыз. Біреулеріміз теміржол бойына беттеп, екіншілеріміз тас жолды нысанана алатынбыз. Арнайы бір топ неміс гарнизонына бет түзедік. Сан адам сапта тұрып, Отанымыз үшін жан курбан, — деп ант бергенімізге осы орман күэ. Кескілескен ұрыстарда қаза болған қарулас достарымызда осы орманнан құштағында туысқандар зиратында жатыр. Орманда есетін қайың бұтағынан тамылжып, тамшылаап тамған тәтті шырын

шөлдегенде кәусәр сусын болып еді. Сол орманға, сыршыл орманға ширек ғасыр өткенде тағымы етіп қайттық.

Біздің келе жатқанымызды көріп, Никита Андреевич Костиков қарт алдымыздан шықты. Амандық саулық білісkenнен соң орманнан оқшаша тұрған ескерткішке бет алдық. «Бұл арада 1941-43 жылдары фашист басқыншылары қолынан соғыста қаза тапқан клетнялық екінші партизан тобының ардагерлері жерленді» – деген жазылышты ескерткіште. Осы ескерткіштердің қазіргі сақшысы да қамқоршысы да Никита Андреевич екен. Қарулас достарды еске алып гүл шоқтарын қойдық.

– Қымбатты қаруластар, майдандастар, алаңсыз үйіктанцдар, тыныштықтарыңызды сактаймыз! – деген сөз кекейімізге орала берді, ойымызға қын кезендер түсті.

Жол түсіп, «Заветы Ильича» колхозында да болдық. Колхозшылардың азаткерлерге орнатқан ескерткішінен Арқаның ардагер ұлы Элімбай Тілеулиннің есімін оқыдық.

Ниеттес дос, қарулас жолдастармен кездесу көнілге көктем орнатып, жанымызға жігер құйғандай болды. Бұл 20 жыл өткеннен кейінгі кездесу еді. Брянск орманы бүгінгі антымыздың да куәсі болғандай. Ол айттылmasa да әрқайсымыздың ойымызда тұрған «Әрқашан бейбітшілік болсын, сүм соғыс қайталанбасын» деген сездер еді.

Барлаушылар тағдыры

1942 жылдың қара күні. Біздің партизан отряды Деньгубовка деревнясының онтустігіне қарай орналасқан орман ішінде орын табті. Бұл жерге отряд Мамаевск орманынан қоныс аударған болатын. Адамдарымыз ағаш буталарымен қабықтарынан бүркеп жасаған күркеде тұрып жатты. Бәріміз де сұық

күндердің таяп қалғаның сезіп жүрміз. Орман ішінде жылы күймсіз журу енді мүмкін болмай қалды. Менің взводымның жігіттері киім – кешектерін жамап-жасқаумен шұғылданды. Туске қарай біздің тұрған жерімізге отряд штабының байланысшысы Қабыш Ахметов келді. Ол маған:

– Жолдас взвод командирі! – деп сез бастады. Сізді және Михаил Поляковты штабқа шақырып жатыр.

Михаил Васильевич Поляковтың әскери атағы – кіші лейтенант, бұрынғы артеллирист, қазір партизан қатарында журген адам. Тұған жері Смоленск облысының Рославль ауданы. Өнді қараторы келген, мұрны ұзын, көзі қыранның көзіндегі жалтылда, өзін кавказдықтай сезініп журеді. Рославль мен Брянскінің айналасын жақсы біледі.

Екеуміз бірге отряд штабына келдік. Келгенімізді байланысшы хабарлады. Отряд командирі майор Рошин алдына картаны жайып салып қарап отыр екен. Оның жанында штаб бастығы капитан Юрий Константинович Накшин және солдат күртешесін киген бір қыз отыр.

Майор біздің отырумызды етінді. Содан соң Михаил Васильевичтен қай жерде туып ескендігін сұрады. Рославль маңындағы бірқатар елді мекендердің атын атаң, Михаилға сұраулы жүзбен қарады. Михаил барлық сұрақтарға оңтайлы жауап беріп отырды.

Майор бізге қарады да:

– Сіздерге Отанымыздың аса жауапты тапсырмасын орындауға тұра келіп отыр, – деді. Бұл барлау жұмысы, Рославль қаласы мен Пригорье станциясындағы теміржол бойында орналасқан жау гарнизонын барлау керек.

– Отряд командованиесі бұл маңызды тапсырманы сіздерге, Ақаділов, Поляков жолдастарға тапсыруға шешім қабылдады. Сіздермен бірге Үлкен жерден келген бойжеткен де барады. Оның есімі – Шура, – деді қатарында тұрған қызды нұс-

қап, басқа көмекшілерді барған жерде, жақын орналасқан елді мекендерден өздерің таңдал алуға тырысарсыңдар. Бұл елді мекендердің тұрақты орнын, атқарылатын іс-қымыл жоспарларының жобасымен танысып, журу маршрутын келісерміз. Сіздерге дайындалуға барлығы бір сағат қана уақыт беремін.

Өзіміздің тұрган орнымызға қайтып оралысымен дискілерді патрондарға толтырдық. Мен езімнің орныма екінші бөлімшениң командирі Александр Ивановичті қалдырдым.

Түстен кейін біз белгіленген маршрутпен жүріп кеттік. Күні-түні орман ішімен жүріп отырдық. Ешкімнің көзіне түспеу үшін елді мекендерді айналыш етуге тұра келді. Михаилдің ата-анасы тұратын «Улкен Кошкино» деревнясына бағыт алдық. Біз олардың көмегіне де иек артуды ойластырып келеміз.

«Улкен Кошкино» деревнясы орман алқабы мен Рославль қаласының арасындағы ашық алаң жерде орналасқан екен. Деревняға күндіз бару мүмкін емес.

Орман шетіне қарай шығып, сағат түскі үштен бастап, деревняны бақылауға ала бастадық. Көрші деревнядан анда-санда винтовқадан атылған оқ дауысы естіліп тұрды. Бірнеше рет атылған оқ дауысынан соң Михайл шыдай алмады, ол тісін қайрап:

– Жексүрін басқыншылар, қазір кімнен қорғанып жатыр екен? – деп ызаланды.

Менің де қаным қайнал кетті:

– Олардың өлекселері кейін мына қасиетті жерде қалатыны екінішті, немістер еліктерін алып кетер деймісін.

Қараңғы түскеніше сол орман шетінде отырдық. Жүрт орынға отырған кезде деревняның күн шығыс жағындағы өзекшепін жағалай отырып «Улкен Кошкино» деревнясына бет алдық.

Ай қараңғы, аспан қалың бұлт, картоп егілген егіндік жермен жобалап жүріп келеміз.

Шура бұрын мұндай ұзақ жүрісті көрмеген, көп жүргеннен кейін тез шаршай берді. Алғашқыдай емес, жол ұзарған сайын жүрісіміз баяулады, бірақ уақыт тар, осы түнде қайткенмен межелі орынға жетуіміз керек. Түн ортасы кезінде бұлт айынып, ай жарығымен маңайдағы жер бетін анық көре бастадық. Алғашқыда қара батпақ ойлаң жермен жүріпшіз.

Бір кезде алдымыздан атылған мылтық дауысы естілді. Алысырақ болсақ та тоқтап, төңірекке көз салдық.

Жүріңкіреп отырып дөңеске шықтық. Шаршаганымыз сондай, тоқтасақ отырып дем алғымыз келеді. Таң жақын, бірақ қайткен күнде де осы түнде Кошкинога жетуіміз керек. Біріміздің соңымыздан біріміз баяулат жүріп келеміз. Бұлт бағанағыдай емес айыққанымен, таң қаранғысы қоюланып, айнала түманданды. Бұл төңіректі толық шолыш көруге мүмкіндік берер емес. Біраз уақыттан соң алдымыздан шоғырмақ қарасын көрінді, тоқтап көз жіберіп қарап, күлақ түріп тындасақ та біз оның не екенін түсіне алмадық. Алға қарай жақындан жүрген сайын шоғырмақты құрылышқа ұқсаттық, бірақ еш сыйыс білінбейді. Шоғырмақты айналып онынан орай жүріп етіп арғы қатарына шыққанда ғана колхоздың бұрынғы мал қорасы екені Михайлдың есіне түсті.

— Енді осы арадан екі жұз метрдей жерде деревня, — деді Михаил.

Азырак жүрген соң деревняның шеткі үйлері де көріне бастады. Сол кезде кек жиектен таң да білінді.

Тұрғындардың бау-бақша салған жерлерінің ортасымен деревняның солтүстігіндегі тапал ағаш үйге келіп жеттік.

Шамалы тоқтап, төңірекке көз салып тың тындастық. Бетен ешкім жоқ болар деп Михаил барып әйнектен дыбыс білдірді. Кеп кешікпей есікке барды. Есік ашылып ол үйге кірді. Шура екеуміз отын үтген сарайдың іргесінде отырып маңайды байқап отырмыз. Сәлден соң Михайлдың әкесі шығып бізді үйге алып кірді.

Амандықтан кейін Михаил бізді экесі Василий Григоревич, анасы Христина Кириловна, інісі Петр Васильевичпен және қарындасы Надежда Васильевналармен таныстырыды.

Содан соң біздің сұрауымыз бойынша Рославль қаласы мен Пригорье станциясындағы басқыншылар гарнизондарынан естіген, білген хабарларын Василий Григоревич айттып берді.

Сол жерде отырып, осы гарнизонмен қандай қатынастар бар, онымен қалайша, кімдер арқылы байланыс жасауга болатынын талқылап, кеңінен әңгімелестік.

Әңгіменің қорытындысында біздің алғашқы жоспарымыз езгертіліп Рославль қаласындағы басқыншылар гарнизонын барлауға Михаилдің қарындасы Надежданың орнына Александра Васильевна Гарбузовамен бірге Аня Полякованы жіберуді үйгардық. Аня хutorда тұрады екен. Оны шақырып келуге Надежданы жұмсады.

— Аня жасынан қалада тұрған, сонда оқу оқыған, таныстар мен туыстарды жақсы біледі. Ол тілшінен де қолынан да іс келетін пысық кыз, — деді Василий Григоревич.

Біз жуынып, шай, сусын ішкеніше Надя мен Аня да келіп улгерді.

— Үлкен жердің бүйріғын орындауға бізben бірге барасың ба? — деген менің сұрағыма Аня салған жерден:

— Отан үшін қасықтай қаным түгіл, құрбан болуға дайынмын — деді.

Оларға қалага бару мақсатын, онда барғасын кімдермен байланыс жасайтындарын, байланыс жасаудағы сақтық шараларын, қалай бару керектігін түсіндіріп, кеңінен отырып әңгімелестік. Осыдан кейін Шурага (Александра Васильевна Гарбузова) Надежданың киімдерін кигізіп, Аня мен екеуін хutorга қайтарып жібердік. Ондағы мақсатымыз осы түнде Рославльде болу.

Ал, теміржол бойын, Пригорье станциясын барлауға Михаил, Петр және мен үшеуміз баратын болдық.

Содан қалың інір тұскенше күттік. Мен, Михаил және оның інісі Петр үшеуміз межеленген өзекшелердің бойымен Рославль қаласы мен Пригорье станциясының аралығындағы теміржол көпіріне қарай бет алыш келеміз.

Теміржолға жету үшін алдымен Линовка, Жорин деревнялары тұсындағы тас жолды кесіп ету керек. Бұл деревняларда полиция отрядтары бар екенін естігенбіз. Қаранды түнде қашама жылдам жүрейік десек те жүріс өнеме, түн ортасы болғандаған тас жолға әрен жеттік. Күні бойы жол үстінде ерсілі-қарсылы ағылған басқыншылардың жүрісі де тоқталған.

Андаң қарасақ, түн тыныштығын бұзып, жорық жолымен жүрген біз ғана сияқтымыз.

Тек Сеща маңында әуе сұзген прожектор сәулесі анда-санда бір көрінеді.

Аяғымызды еттеп басып, еңкейіп, бір-бірлеп тас жолдан аман өтіп, алға қарай жүріп кеттік. Көпір осы өзеннің бас кезіне қарай орналасқан. Аспанда ала бұлт тарқап, ай жарықтанғанда. Аяғымызды қаша еттеп бассақ та буыны қатқан қалың қаудың салынған дауысынан өзіміз сезіктеніп келеміз.

Әлден уақытта Михаил:

– Әне, теміржол, – деді.

– Ендеше тоқтайық, осы арада отырып, біраз жан-жағымызды шолып байқастайық, басқыншылардың күзетшілеріне кездесіп қалмайық, – дедім.

Тоқтаң, дем алыш, төніректен тың тыңдаң көрдік. Ештеңе сезілмеді. Теміржолға дейін шамасы елу метрдей жер. Бірақ ол біз үшін елу метр емес, елу шақырым жердей көрінді. Бірімізден кейін біріміз арамызда біраз қашықтықты ұстап, жылжып көпірге қарай келдік. Көпірдің төнірегінде ешбір қоршау, қазылған оп көрінбеді. Екі іргесі тастан қаланған шағын ғана көпір.

Баяғы әдіспен бір-бірлеп көпірдің үстімен өтіп, аргы жағаға, жолдың келесі бетіне шықтық. Жол үстіне жата қалып тың тыңдасақ, станция жақтан қырышық тастың сыртынлаған дыбысы естілді. Келе жатқан жау жағының күзетшісі болар деп үйғардық та жолдан алысырап барып, тағы да тың тыңдастық.

Біраздан соң, бері қарай келе жатқан жаяу жүргіншілердің аяқ басысы анық естілді. Біз тым-тырыс бола қалдық, екі көзіміз жол үстінде. Айналаны да шолып байқап отырмыз.

Аздан соң екі жаяу күзетші көпірден өтіп жолдың біз отырған беткейіне қарай шықты да оттықтарын тұтатып, темекі тартуға кіресті. Бірімен бірінің сыйырласып сөйлеген күнкіл сездері бізге шала естіледі. Жарты сағаттың дересі болар, қала жақтан тағы да екі күзетші келип әлгілердің қатарына қосылды.

- Сағатың қанша болды? – деп Михайлдан сұрадым.
- Үштен отыз минуттей кетті, – деп жауап берді ол.

Енді біздің андығанымыз сол жаудың күзетшілері болды. Таңғы сағат бестің шамасында күзетшілер өздерінің келген жағына қарай қайтып кетті. Көпірді біздің барлауымыз осымен аяқталды.

Бұдан кейінгі алдымында тұрған міндеттің бірі ол Пригорье станциясындағы неміс гарнizonын барлау.

Станцияның солтүстігіндегі бір үйрім тоғайға қарай бет алдық. Қек жиектен таң білінген уақытта тоғайға жеттік. Қайың, үйенкі ағаштары аралас ескек сирек тоғай екен.

Станция мен тоғай арасы мидай жазық жер. Осы арадан басқыншылардың сырттағы жүрістерін айқын көруге болады.

Қалың бұтакты үйенкі ағашының түбіне жайғастық. Ағаштың қалың қабат қанаттының астына кірген соң, жылы үйге кіргендей бойымыз жылып, маужырап үйкі басты. Оның үстінен таңғы үйкі қандай. Бірақ бұл ара үйкі үйкітап, жан күйттейтін орын емес. Құтымындағы сұық сумен бетімізді жуып, үйкігымызды аштық. Енді айнала төніректі шола бастадық.

ЕУН

Таң аптақ болып атқан кезде тұтінін будактатып, алды-артына құм тиеген платформаларды тіркеген паровоз Рославль жақтан шықты. Бұл фашистердің алдын ала жіберіп отырган жол бақылаушысы. Паровоз станцияға барысымен кешікпестен қаладан шұбаландаған теміржол құрамасы шығып, шығысқа қарай бет алды. Алдында біріне-бірі тіркелген қос паровоз, одан кейін неше түрлі вагондар, шамасы 40-45 платформаға тиелген, брезентпен жабылған танк, өздігінен жүретін зеңбіріктер екенін дүрбімен қарағанда анық көріп тұрмыз. Құрама-ның соңында жанармайлар тиелген цистерналар бар.

Күн көтеріліп сәске тұс болды, біз станция төңірегінен көз айырмай кезек пе кезек бақылаудамыз. Бірақ қашшама қадала қарағанмен станцияда орынқан фашист гарнizonының нақтылы орындарын, санын, бекініс түрлерін білу мүмкін емес еді.

Біраз уақыттан соң теміржол станциясының біз отырган жақ тубіндегі бірінен-бірі алшак салынған 4-5 тұрғын үйлердің маңынан бір жалғыз адам тоғайға қарай беттеп келеді. Жақындаған сайын байқағанымыз сырт көрінісі басқыншыға ұқсамайды. Осы араның тұрғыны, кеңес азаматы болғайсын деп үміттенеміз.

— Солай болса, жолымыздың сәтті болғаны, — деді Михаил.

Аздан соң ол кісінің беліне балта қыстырыған, қолында арасы бар өйел адам екенін анық байқады.

Ол біз отырган орыннан жұз метрдей жерде тоғай шетінен отын дайындауға кірісті. Енді үркітпей, шошытпай бұл адаммен жолығу бізге шарт болды.

Тогай болса сирек, оның үстіне күндіз, күзгі уақыт. Біз үшеміз бірден барып жолығуға қауіптендік.

Әйел ғой, «мама» деген дыбысқа бүйрекі бұрылар, шошымас, анау жарым оргада тұрған қарт қарағашқа дейін барып, жел жағынан ақырын «мама» деп дыбыс берейік дедім. Бұл ұсынысым Петрге де Михаилге де ұнады.

Ұшеуімізде жер бауырлай еңбектеп қарағаштың түбіне келдік. Жаңағы әйел болса, бүкендер бұтап алған отындарын жіп үстіне тендер жатты.

Петрдің бірінші рет шубаландатып, созып айтқан «мама» деген дауысын шала естіген әйел басын көтеріп төнірекке кез салды. Сол кезде, жаңағы әйел, нәзік үнмен баланың дауысына салып «мамалап», бірнеше рет қайталаган үннің жел жағынан шыққанын сезіп, бізге қарап құлағын тосқан сияқты болып көрінді.

Петр еріксіз тағы да «мама» деп қайталады.

Аң-тақ болған ана сәл тұрып қалды да, бір-екі басып бізге қарай келе жатты:

Біз де ақырын ғана:

— Хоп! келдің, мама, — деп оны қарсы алып, қасымызға отырғызыды.

Әйелдің көпке дейін дыбысы шықпай қалды, ол әрқай-сымызға бір жалтақтап қарай берді де, дірілдеген дауыспен:

— Сендерді қалың жаудың ортасынға қандай құдай әкелді,-деуі мұнқ екен, екі көзден парлаган жасын көпке дейін тия алмады.

— Біздің мұндан жерде болуымыз үлкен жердің бүйрүгі, — деп бізде ашық жауап бердік.

Әйелдің жузіне енді барлай қарадым. Ұзын бойлы, денелі, шамасы орта жастан аспаған, алайда әбден жудеу тартқандықтан болар бет-жүзін әжім басқан, шүнірек кез, бүйра шашты ана көз жасын тоқтатып, өкси отырып, «Менің Витямның дауына үқсас қайсысын «мамалап» шақырдындар?» — деді. Мына балаңыз деп Петрді керсеттік.

— Менің Витям да осы шамада,-деп қайтадан көз жасын сыйып алды.

— Ол балаңыз қайда? — деп сұрадым.

Тоғайға барамыз деп екі бала бір түнде кеткелі уш ай болды. Содан бері не өлі, не тірі екенін білмеймін.

– Балаңыздың аты кім? – деп сурады Михаил.

– Виктор.

Сол кезде біздің отрядқа келген пүшық мұрын сары бала есімे түсті.

– Бұйра бас, пүшық мұрын сары бала емес пе? – деп Михамлге күнкілдедім. Фамилиясы Ваулин болу керек, – деуім мұң екен, ана куанғанынан қасындағы Петрді құшагына қалай қысып алғанын да сезбей қалдық.

– Сол, сол Ваулин, бұйра шаш менің балам, менің, – деді.

– Ендеше бетен болмадыныз, сіздің Виктор да бізben бірге, қолына қару алып басқыншылармен күресуде.

Бірімізді біріміз түсініп, танысқан соң біз іс мәнісіне көштік.

Алдымен бізді толғандырып отырған сұрағымызды алға тарттық.

– Сіздер тұратын теміржол станциясындағы неміс басқыншыларының гарнizonы жөнінде не білесіз? – деп сурадық.

– Ол темір табан қарақшылар, – деп баstadtы ана сөзін. Кейде олар станция түгілі деревняға да сыймай кетеді, кейде азайып қалады. Қазіргі кезде оншама кеп емес.

– Деревняға келгенде қай үйлерде тұрады? – деген сұраққа:

Ана тізесін бүгіп отырып, қолымен көрсетіп:

– Анау теміржолдың арғы түбіндегі қызыл шатырлы үлкен ағаш үйді. Вокзалда 50 шамалысы бар, сыртта оқшау тұрған мектепте 30-50-дей болар, жеңіл жарапылар бар. Деревня жақтағы қатар тұрған уш үйден унемі немістер үзілмейді. Тұн баласында сол жақтан қызылды-жасылды ракеталар атылады. Вокзалдың оңтүстік қатарында үлкен екі қойма бар. Онда күні-туні күзет тұрады, – деп сөзін аяқтады.

– Біз кешікпей қайта келеміз. Сіз неміс гарнizonының бекініс түрлерін, қару-жарактарын, тагы да басқадай тапсырмаларды біліп берсеніз болар еді, – деп өтіндік.

Үш ай бойы ботасынан айрылған бозінгендей қайғы-қасірет пен зар еңіреп жүрген аяулы ана баласының амандық хабарын естіп қуанганинан жүзіне нұр бітіп, біздің тілектерімізді ықыласпен қабылдады. Бізде ерекше сақтық шараларын айтып түсіндірдік. Әр қайсымызға ерекше көз тоқтатып:

— Балаларым, сендерді бір тәнірге тапсырдым, жолдарың болсын, жеңіспен елдеріңе оралындар, — деп аналық ақ тілегін білдірді. Сейтіп ойда жоқта қарулас бауырымыз Виктордың анасымен кездесіп, ол кісімен келесі кездескенше деп қош айтыстық. Ана болса, жинаған отынын арқалап үйіне қарай бет алды.

Біз Виктордың анасымен кездесіп, егжей-тегжейді білгемізші бірсыныра уақыт өтті. Қысқа күннің өзінде Рославльдан шығыска қарай тағы да екі құрама өткенін біз жадымызға түйіп отырдық.

Сәтті болған сапарымызға көніліміз көтеріліп, күн ұясына бара берген кезде кейін қайттық. Түн ортасы ауа «Ұлкен Кош-кинаға» келіп жеттік.

Бізді тағатсыздана тосып отырған Василий Григоревич есік азып қарсы алды. Михаилдың анасы Хрестина Кириловна бізге сүт пен картоп беріп тамактандырды. Рославльге кеткен қыздардан еш хабар болмаған. Аз әнгімeden соң, Петрді үйге қалдырып, Михаил екеуміз шөп үйген сарайға барып жаттық. Бірнеше күн ұйқы көрмеген, әбден шаршаған екеуміз қатты ұйықтан кетілпіз, түске қарай бірақ оядық.

— Бізге беретін тамактары бар ма екен, — біліп келейін деп ақырын басып Михаил үйге кіріп кетті.

Бір сәттен соң көше жақтан Михаилдың қарындасты Надя жүгіріп келіп:

— Немістер, немістер, — деп хабарлады.

— Саны қанша? Қай жақтан келеді? — дедім.

— Липовкадан, осы жолмен жүріп келеді, — деп сарайдың жаңынан өтетін жолды көрсөтті де үйге кіріп кетті. Михаил қайтып оралмады. Мен сарай ішінде жалғыз қалдым. Серігім автоматым және Александра Васильевнаның мылтығы. Екеуінде қайра оқтаپ, дайындаған қойып тақтай арасындағы санылаудан жол үстінен көз алмай қарап тұрмын.

Кешегі біздің жүргенімізді ешкім сезгендей болған емес, сірә, қыздар қолды болды ма, дегендей бірнеше ойға жорып отырмын.

Көп кешікпей жолдың екі жақ шетімен жайбарақат келе жатқан екі неміс өскері көрінді. Жүрістері баяу, қауіп-қатерсіз келеді. Мен отырған сарайдың дәл іргесімен деревняға өтті...

Амал нешік, тісімді қанша қайрап бұлқынсам да бұл сиякты тар жерде барлаушыға сыйыс та білдіруге болмайтындығы тоқтау салды.

Сол екі солдат қашан деревнядан қайтып кеткенше, екі көзім төрт болып, маңайды бақылаумен болдым.

Кешке жақын немістер кетті деген хабарды естіп, қолымдағы автоматымды қасыма қойдым, тынысым кеңіп, сау қалпыма келдім.

«Сақтықта қорлық жоқ» — дегендей біз өзара ақылласып, деревняның күнбатыс тарабында бес жұз метрдей жердегі үңгірлі өзекке барып панауды ұйғардық. Інір қараңғысы түсісімен Василий Григоревич бізді өзектің межелі жеріне ертіп экелді. Тобылғысы аралас қалың шілікті паналап орналастық.

Михаилге кешегі кең сарайдың маған қаншалықты тар болғанын айттым. Өзінің сарайға қайтып келмегенін ескертіп кінәладым. Қаншама ықтын үңгірге орналассақ та түн салқыны денемізге барған сайын сезіледі. Ақырын ғана сөйлесіп, ұзақ әңгімемен отырсақ та таң атар емес. Кузгі түн біртурлі ұзак. Маңайда ешқандай сыйыс жоқ. Тек көк жиектен таң біліне бастаған кезде деревняның шығыс жағынан бір ит үрді.

Үйқысыз қулкісіз елегізіп отырған екеумізде сол иттің үрген жағына қарай бар ынтымымды аудардық. Құлақ салып тыңдан отырмыз. Түнделетіп жүрген біздің барлаушы қыздар ма деп те жоримыз. Абалап үрген иттердің дауысы барған сайын үдей түсті. Мұны біз енді түн ішінде тіміскілеп жүрген полиция жендеттері ме деп те жори бастадық.

Біраздан соң біртіндеп дүркін-дүркін үрген иттердің де дауысы басылды. Сарғайып таң біліне бастады. Таңертеңгіліктегі күздің қара суыны бойымызды тоңдырыды. Арасында ерсілі-қарсылы жүріп, ишк түйістіріп, қағысып та қоямыз.

Таң ата сайдың деревия жағындағы білжарқабагына орын ауыстырыдық. Алдымыз ойпаң, жазық жер, төніректі бақылауға қолайлы орын болды. Кешегі өзіміз барған теміржолдың, тас жолдың бойымен жүрушілер анық көрінеді. Сол күні екеуміз кезек пе кезек бір орында отырып төңіректі барлаумен болдық. Күн батып, түн болғанымен ай сүттей жарық. Біз деревия жақтан келе ме деп үміттеніп, екі кезімізді алмай солай қарап отырғанымызда, біздің сол жағымыздан сайды жиектен келе жатқан бір топ шоғырланған адамдар көрінді. Бірте-бірте жүре келе, шамасы бізге елу метрдей жер қалғанда жаңағы топ тоқтап турып, ішінен біреуі:

— Сіздерді іздең жүрген «Кубань» — деп дыбыс берді. Біз Александра Васильевнаның дауысын бірден таныдық. Өз адамдарымыз екенін білгесін өзіміздің де бар екенімізді білдіріп, оларға қарай қарсылы жүрдік.

Амалсыздан үшарға қанатымыз болмай отырған біздер, аз уақытта қыздардың барлау сапарының қорытындысын естіген соң, Аня және Петрмен қоштасып ез базамызға қарай бет алдық.

Ержүрек барлаушы қыздарымыз Рославльға барысымен астыртын жұмыс істей үшін үйымдастырылған топ мушелерімен кездескен екен. Әсіресе, неміс басқыншыларының комендатурасында үй сиптирушы болып істейтін Лидия Гераси-

меньковамен жолығып, тиісті барлау жұмысын осы Лидияның көмегімен орындауды.

Олар неміс комендатурасынан Рославль қаласының сыйбасын қолға тусіреді. Онда неміс әскери бөлімдерінің түрған орын, олардың саны және фашист басқыншыларының генералы басқаратын танк армиясының штабы, гарнизонның қорғаныс жүйелері, азық-түлік, кару-жарап қоймалары туралы тиісті мәліметтер сол сыйбада кек қарындашпен жеке – жеке белгіленген екен. Сейтіп, қыздар тобы Рославльдағы фашист гарнизоны туралы толық мәлімет әкелді.

Бұл сапарда Рославль патриоттары мен біздің барлаушы қыздардың тұнғыш рет кездесулері осындай тамаша нәтижелі болып аяқталды.

Біз тобымыз түгендеп генен кейін толассыз журіп отырып өз базамызға келдік. Осындай қауіпті жолдан аман-есен оралғанымызға қарулас достарымыз куаныш қарсы алды. Алдымен ушеуміз де штабқа барып, жау гарнизондары туралы көрген, білгендерімізді мәлімдеп, баяндал бердік. Рославль қаласының сыйбасын да капитан Накшинге тапсырдық.

Көп кешікпестен басқыншылардың гарнизондары туралы мәліметтерді Аркадий Винницкий рация арқылы Үлкен жерге хабарлады. Осы барлау деректеріне сүйене отырып, біздің отряд қараша айының бесінен алтысына қараган түнде Пригорье станциясындағы басқыншылар гарнизонына шабуылға барды. Шабуыл сәтті аяқталды. Фашист гарнизоны түгелдейін талқандалды.

Содан былай Рославль-Пригорье өңіріндегі барлау жұмыстарын Михаил Поляков, Аня Полякова, Александра Васильевна Гарбузова, Михаил Демичевтер жүргізді.

Кездесулер

Жылбек Ақәділовтың сарғайған «Соңғы дәптер» деп атаған шынында да кәдімгі оқушының торкөз дәптеріне жазылған естеліктер сонына таман өзінің қарулас достарыммен кездескен сәттері жазылған екен. Жоғарыда аталған барлаушылардың есімдері естен шығып кетпей тұрғанда осы кездесулер барысын баяндасақ деген ниеттеміз.

...Жоғарыда баяндалған оқигадан кейін бір жыл өткениен соң, яғни 1943 жылдың қазан айында Сөжь езенінің бойында біздің партизандар бригадасы Қызыл Армиямен кездесті. Біздің бригадамызға Ярцев қаласындағы әскери бөлімге қосылындар деген бүйрық берілді. Әскер жасына толмаған жасөспірмдер үйлеріне қайтарылды.

Үйіне қайтатын жастар тізіміне біз атап өткен Ваулин Виктор да ілінді.

Партизандық өмірдің бірінші күнінен бастап бәрімізге серік болған, көптеген жарапыларды ұрыс даласынан алыш шығып, тасымалдауға көмектескен, талай-талай тар жол, тайгақ кешу жорықтарында жау қамалынан құтқарған қаз мойын «Шагыр» кек атымыз болатын. Отряд бастығы Тихон Тихонович Илюхинмен келісіп, Викторды «Шагыр» көкке мінгізіп, Пригорьеге аппаратын тұра жолға шығарып салып, анасына шын журектен сәлем жолдадым.

Осы ретте тағы бір кездесу жайлы әңгіме шертеміз.

1965 жылдың қыркүйек айында жиырма үш жылдан кейін Рославль қалалық партия комитеті мен қалалық кеңес ат-қару комитетінің шакыруы бойынша партизандар слетіне қатыстым.

Осы барған сапарымда қарулас достарыммен бастан кешкен жорық жолдары туралы әңгімелесіп, жүрек түкпірінде сакталған сырды айтып, шер тарқаттық. Бірақ жоғарыда айтылған

бағытқа барлауға бірге барғандардан тек қана Александра Васильевна Гарбузовамен ғана кездестім.

Амал нешік, Поляков Василий Григорьевичті баласы Петрмен бірге гестапо агенттерінің көрсегүімен ұзак уақыт Рославль түрмесінде тұтқында ұстап, азап тартқызады. 1943 жылы тамыз айында 700 кенес адамдарының қатарында басқыншылар колынан қаза тапқан.

Еш кінесіз жандар Полякова Хрестинаны, қызы Надяны фашисттерге жалдамалы болып сатылған Липовка полицайлары атып өлтірген.

Полякова Аня полиция мен гестапоның талай құрған торларынан аман құтылып, соғыстан кейін Смоленск қаласында мұғалімдер дайындастын институтты бітіріп, «Үлкен Кошкино» мектебіндег мұғалім болған. Ұзакқа созылған сырқаттың салдарынан 1962 жылы дүние салған.

1942-1944 соғыс жылдарында Отан тапсырмаларын ерлікпен орындағаны үшін Аня Полякова «Қызыл Тү» орденімен, «Отан соғысы партизаны» медалімен марапатталады. Қазіргі кезде (1965 жыл) «Үлкен Кошкинодағы» сегіз жылдық мектеп Полякова Аня атында. Сол жолы Александра Васильевна Гарбузовамен бірге «Үлкен Кошкино» деревнясына барып, мектеп оқушыларымен кездесіп, Поляковтардың ерлік істері туралы естеліктер айттық.

Михаил Поляков 1944 жылы майданда ерлікпен қаза тапқан.

Рославль қаласында ұйымдастырылған астыртын тоғтың мүшесі Лидия Герасименъкованың Отан тапсырмасын орындауда адал патриот болғандығын ұмытуға болмайды. Лидияның ерекше айтарлықтай, жан сүйсінерлік ерліктері ете мол.

Соғыстың аты соғыс емес пе, оның үстіне аса қауіпті жerde байланысшы қызметін атқарған жанды фашистер аясын ба? Өкінішке орай 1943 жылы Рославль қаласындағы гестапошылар Лидияның партизандармен байланысы бар екенін сезіп

ақырғы тапсырманы орындау үстінде тұтқынға алады. Түрмеде Лидия кеп уақыт азап тартады. Қаланы азат етуге бір ай ғана қалған кезде 23 тамыз күні ол фашистердің қолынан атылады.

Лидия соғыстан бұрын туған қаласындағы көкөніс құрғатының зауытта мастер болып істеген. Қазіргі кезде сол зауыт қабырғасындағы Отан үшін құрбан болған жерлестерімен бірге Лидияға да мемориалдық тақта орнатылыпты.

Женіс үшін құрбандыққа белін байлаپ, сыңсыған қалың жаудың ортасында жүріп, басқыншылармен белсene күрескен Рославльдық Поляковтар мен Герасименъковалардың тағдырлары осындай.

Қатерлі күндер

1943 жылдың шілде айы. Белоруссия Республикасы Могилев облысының Краснопольский ауданы орталығында тұратын неміс басқыншыларының гарнизоны басқа жаққа қоныс аударғалы жатқаны туралы біздің барлаушылар штабқа хабарлады. Біздің Клетняндық екінші партизандар бригадасы сол маңайдағы басқыншылармен кездесіп, ұрыс салуға жақындаған осы тәңірекке келген едік. Бригада басшылары оларды жолдан тосып алу туралы шешім қабылдады.

Мен взводыммен жарылғыштар қоятын топпен Мәжит Мұқанов, Сахит Әбілов, Яша Питченколар немістердің жүретін жолына мина коюға, тоқсауылға лайықты орындарды тағайындауға бригада командирі Тимофей Михайлович Коротенкодан бұйрық алысымен ертелеletіп жүріп кеттік.

Алдымыздан шамасы елу немесе жүз метрдей жерден келденеңдеп жол өтеді. Ал, жолдың арғы беті ашық, жасырынатын тоғай алыс, дегенмен барлық маңайды шола келгенде тоқсауылға қолайлыш жер осы болды.

Күн үясына батысымен арасы онбес-жырыма метрдей жерден салмағы сегіз келі болатын оншакты минаны орналастырдық. Олардың бәрі электр сымымен бірімен бірі жалғастырылды. Сымның бір үшін төгайдың ішіне дейін гартып апардық. Мина көмілген жол үстін жау әскерлері сөздестей етіп жасырдық.

Таң ата бригаданың екі отрядымен колбасшымыз Тимофей Михаилович Коротенко да келіп жетті. Тосқауыл үшін дайындаған орындарымызды, көмілген миналарды көріп, бәрі дұрыс деп макулдады.

Колбасшымыз Тихон Тихонович Илюхин басқарған бірінші отрядты сол төгайға орналастырып, жаудың өкпе тұс бүйірінен шабуылға баруды шешті. Ал, Добровольский басқарған үшінші отрядты Заводок деревнясына аттандырды. Оларға сол жерге шегініп бағран жауды қарсы алуды бұйырды. Партизандар өздеріне тиісті орындарды дайындал, қаруларын безеніп фашисттердің келуін күттіп жатырмыз. Қашшама сарғая күтсекте түске дейін жау жағынан еш кимыл әрекет болмады. Тұс ауа біраз уақыттан соң «немістер келе жатыр» деген хабар жетті. Орындарымызға бекініп, жол үстінен кез айырмай күттік.

Фашисттердің алдыңғы шағын тобын алдымыздан өткізіп жіберіп, кейіннен келетін көп күшін күттіп отырмыз. Өткізіп жіберген топты Добровольский басқарған үшінші отрядтың жауынгерлері қарсы алады. Басқыншылар жағы топ-топ болып аса сақтықпен келе жатыр. Жаудың жаяу әскерлерінің үлкен тобы мина көмілген тұсқа келгенде, электр қуатының күшімен мина дер кезінде бірден жарылды. Сол кезде жол үстіндегі құмды бораннан ешнэрсе айырып болмайтында жағдай болды. Нысанда белгілі, іле пулеметпен автоматтан үздіксіз оқ жаудырып, «Отан үшін алға» – деген бүйрүқ бойынша шабуылға шықтық. Жол жиегіне жете бергенде Конкашев Нысанның қарсы алдынан екі фашист тұра ұмтылды. Біреуінен біреуі зор фрицтерді кере сала, үшін тұрып, Нысанмен қатарласа менде қасына жеттім.

Екеуміз екеуіне төне түстік. Маған қарсы келген неміс мені ұрмак болып қашама қодырандаи үмтүлса да кезек бермей шапшаң қымылға көштім. Ашулы екпінмен бетпе-бет келген жауымды тес шеміршектен соққан кезде ол талықсып, мелишіп тұрып қалды. Автоматтың ұшқыр түбімен жақ сүйектен скінші рет соққан кезде тәлтіркеп барып жер сузе құлады. Нысанға комекке үлгерген Михаил Тараторин екеуі қарсыласқан фрицті етпетінен салыпты. Басқадай алдымыздан тірі кездескен жау әскерлерінің бәрі де осылайша жазасын тартты.

Пулеметші Балмағамбетов Шалмағамбет жаудың ең соңында келе жатқан тобына бірден пулеметтен оқ боратты. Олардың бірде бірін кейін жібермей өліктерін жол үстіне сұлатты. Тұтқылдан алды-артынан бірдей бораған окка, аяқ астынан жарылған минаға кездескен басқыншылар торға түсken торғайдай үрейлері ұшып, ұзак қарсылық көрсете алмады. Жарылған минаға ұшыраған қандыбалақ фапистер бөлшек-бөлшек болып әр жерде қалысты.

Осы тоққауыл ұрыста неміс басқыншыларының екі жүздей солдаты мен офицерлері, онбеске жуық автомашинасы, жуз шакты мотоциклдері, қашама көліктері шығын болды. Жиырма екі адамын тірідей қолға тусірдік. Көптеген қару-жарактарын алып олжалады.

1943 жылдың 15-16 тамыз күндерінде Үлкен жерден біздің партизан бригадасына теміржол бойында «рельс жорығын» ашу жөнінде бұйрық келді. Бұл міндетті орындауга бригада бөлімдеріне жеке-жеке арнайы тапсырмалар берілді. Отан тапсырмасын орындау аманат. Осы жолда біздің отрядта өзімізге жүктелген міндетті орындауга кірістік.

Біздің отряд Тихон Тихонович Илюхин жолдастың басқаруымен Юричев пен Унечи аралағындағы теміржолға бет алдық. Іңірт жабылып, түн болған, ел орынға отырған кезде теміржолға жақын бір тоғайға келіп кірдік.

Отряд бастығы Тихон Илюхин мені шақырып алғыш былай деді:

– Алдымызда теміржол, сен взводыңмен біздің бет алдымыздың жолдың белгіне барыңдар, жол үстіндегі жау күзетшілерінің көзін құртыңдар. Сонымен бірге жол бұзушы топты он жақ тарарапынан қорғайсыңдар.

Тұн қаранғылығын пайдаланып, тапсырманы орындауға тиісті жол үстіне қарай бағыт алдық. Міндетtelген жол белгіндейдегі жау күзетшілерін байқап, барлау жүргізіп, жауынгерлерді жолдың екі жақ қапталына бөліп жібердім. Бізге жүктелген жерде жол күзетшілері кездеспегендіктен осы жайды отряд бастығына хабарладық. Сонымен бірге жолдың бойында бекініс жасадық. Біздің взводтың негізгі қаруы екі қол пулеметі, танкке қарсы мылтық және бірнеше атқыштар еді.

Теміржолдың солтүстігінде қалың тогай, онтүстігінде екі-үш жұз метрдей жерде бір үйірім тогай бар.

Мен взводымды жолдың екі жағына тиісті орындарына орналасырдым. Өзім жан-жақты жіті бақылау үшін жолдың деңес тұсына бекіндім. Біраздан соң рельс үстімен журген дыбыс естілді. Тосқауылда тұрған Михаил жаныма келіп:

– Жолдас командир, алдымызда жау, – деді. Екеуміз де жер бауырлан жатып тың тындастық. Теміржол үстінде бір қозғалыстың бар екенін түсіндік. Бірақ дыбысы паровоздың дыбысынан өзгерек. Мүмкін вагонеткамен келе жатқан жаудың күзетшілері болар. Көп ұзамай жол үстінде бір қарайған көрінді. Қараңғы түнде оның не екенін ажыратып білу қын. Эшелон деуге көлемі шағын сияқты. Не де болса жауды қарсы атқыштарымды дайындал отырмын.

Біздің жол бұзушылар жарылғыш заттарын рельске байлап үлгергепше жаудың шолғыншылары келіп те қалды. «Жауға қарсы ат» деген бүйрық естілісімен біздің атқыштар қарулауына кезек берді.

Шамалыдан соң жау тарапынан аспан мен жерді бірдей шарлаған прожектор жарығы біздің атқыштардың кездерін аштырмады. Сонын ала ірі калибрлі пулеметтердің қызылдыжасылды оқтары мен кіші калибрлі зенбірікттердің снарядтары жауған қардай борады. Қару-жарактардың дүрсілдеп шыққан дауысынан жер күніренгендей болды.

Жер бауырлай жатып біздің партизандар да ез кезегінде жаудың оғына оқпен жауап беріп жатты. Әсіресе, командир Михаил Тараторин басқарған пулеметшілер айтарлықтай ерлік іс көрсетті. Біздің артымыздагы жол бұзушылардың да тапсырмаларын орындайтын уақытты болыш қалды. Жау проекторы да ауаны тілгілеп, дүркін-дүркін оқ жаудыруда.

Мен қатардағы жауынгер Шармұқанға еңбектеп барып, жолдың арғы жағындағы партизандармен бірігіп, жауға және тогайға қарай оқ атындар, прожектор жарығы солай қарай ойысқан кезде бәрің де бері қарай шығындар дедім. Аз үзілістен кейін жолдың арғы бетіндегі автоматшылар фашистерге үзак оқ атты. Прожектор жарығы оқ атылған түсқа ауысты. Жау жағы қалың орманды нысанаға алғын атқылап жатты. Біздің автоматшыларда осы сәтті жедел пайдаланып бергі жаққа өтті. Түн қарангысын бетке ұстап, жолдың төменгі етегін паналап отырып, бұл қауіп-қатерден де құтылдық.

Таң сарғая белгіленген бір топ ағаштың туына келсек, бізді отряд бастығы Тихон Илюхин партизандармен бірге күтіп түр екен. Біз аман-есен келгенімізben автоматшы Сахиттың тағдыры белгісіз болды, ол жолдың арғы бетінен бері шыққан жоқ. Отряд бастығы Илюхин «рахмет, жолдастар»-дей мениң қолымды қысты. Аялдайтын уақыт тар, таң атып қалды. Біз іле өзіміздің консызымаға оралдық.

Сол түнгі шайқастың нәтижесінде жол екі аптағай істен шығып, фашистердің тыл мен майдан арасындағы қатынасы тоқталып қалды.

1943 жылдың 23 қазанында Жылбек Ақәділов қатарында болған партизан отряды Қызыл Армияның қатарына қосылады.

Менің отбасым

...Қатты үйіктап кеткен екенмін. Иығыма біреудің қолы тиер тиместен шошып ояндым. Оятқан өзімнің жұбайым Жамал екен.

— Ақырын, ақырын, — деді ол мені тыныштандырып.

Мен тағы да Жамалға қарадым. Оның алдында үйіктап жатқан кішкентай Майяма көзім түсті. «Қызыл менің! Кішкентай партизаным!» деген мақтаныш тағы да көкірегімді керней жөнелген сияқтанды.

— Сені біреу сыртта шақырып тұр, — деді Жамал. — Шалмағамбеттің дауысына үқсайды.

Мұндай қиян-кеескі ұрыс кезінде адамды сыртқа текке шақырмайды. Тез киініл, автоматымды қолыма ұстай сала далға атып шықтым.

Келіп тұрған расында да Шалмағамбет екен. Ол менің басым күркеден шыға бергенде-ак:

— Сізді отряд командирі шақырады, — деді.

Отряд командирі қою қара шашты, жасы отыздар шамасындағы сымбатты жігіт. Ол мені құшагын жая қарсы алды.

— Құттықтаймын, Женя!

— Не үшін, Тимофей Михаилович?-деп сұрадым мен отряд командирі Коротченкодан. Ол менен осы сұрақты күткендей, қолымды елі жібермей қысып ұстап тұрған еді.

— Біздің эскерлер Курск түбінде фашистердің тас -- талқанын шығарып жатыр, білдін бе не үшін екенін?!

Бұл хабарды естігенде жүргегім аттай тулап қоя берді. Мен бұл қуанышты дереу Жамалға жеткізуге асықтым. Маган ал-

дымен соның куанышын көрү бақыт сияқты еді. Партизандық тұрмысымызда оның басына түскен ауырпалық айтып таусылмластай. Ақ қар, ат құлағы көрінбейтін боранда ол дүниеге сәби әкелді. Содан бері міне, екі жылдан дауыт болып қалды. Жорықта арқасына партизан жүгін арқалап, қолына Майяны көтеретін де сол. Өзі тісі тісіне тимей қалышылдап отырып, бебегін қымтайды. Бір жағынан бізге жәрдемдеседі. Әлде осыдан болар, небір жақсылыққа Жамал бізден екі-үш ессе артық куанатын сияқты еді. Мен осы оймен жалт беріп есікке қарай бұрылғанымда, Коротченко үстай алды.

— Токта қайда асығып барасын?

— Жамалды қуантуга...

— Сабыр, — деді командир мені стол жанына отырғызып, — бұл хабарды сен барғанша Жамал естіп те үлгереді. Ал біздің жұмысымыз бар.

Тимофей Михаилович стол үстінен карта жайды.

Біздің отряд орналасқан ну орманнан ортасынан, осы маңын күре тамыры тәрізденіп, улкен тас жол өтетін. Бұл неміс эскерлеріне таптырмайтын дүние еді. Өйткені ол өзі данғыл, өзі орман ортасында жатқан, жерден қараң, көктен сығаласа да көзге шалынбайтын құпия жол болатын. Біздің отрядқа осы жолдың бойымен шығысқа қарай бірде-бір фашист солдатын еткізбеу жүктелген.

Кеше орманнан маңайдағы деревняларга барлаушылар жіберілген еді. Солар бүтін түскі сағат он екіде осы жолмен фашисттердің улкен бір колоннасы өтетінін айтып келген. Мұны отрядқа хабар жіберген деревня тұргындары да қайталапты.

— Мен мынандай шептімге келіп отырмын.-Командир картага қарал сөйлем кетті. — Жолдың мына бөлшегіне мина тәсейміз. Кәдімгі танк қирагатын миналар. Содан соң отряд жолдың екі жағына жасырынып жатады. Сонда неміс колоннасы нағыз қақпанға түсетін болады. Колоннаның басы жол-

дың мина төсөлген бөлігіне жеткен кезде, – Коротченко минерлер тобының командиріне қарады, – миналарды жарасын. Мина жарылысы қалғанымызға фашисттерге оқ жаудырудың белгісі болады.

Енді Тимофей Михаилович маған қарады:

– Женя сен взводынды алыш, жолға минерлермен бірге шық. Бұлар жолға мина төсеп жатқан кезде сендер жан-жақты қарайлап тұрындар, бұл бір. Екінші, отряд жасырына тын орын дайында. Осының бәрі дайын болғанда маған келіп хабарла.

– Құп! – дедім мен.

– Кешігіп қалмаған болсан енді барып Жамалды қуантуыңа болады, – деп жымия қарады Коротченко.

Командир айтпақшы мен Жамалға жаңалықты жеткізуге расында да кешігіп қалыптын. Штаб күркесінен шыға бергенімді-ақ Жамал жүгіріп келіп мені құшақтай алды.

– Жасаған-ай, жақсы хабар келіпті ғой, – деді ол көзінен ыстық жасы бүрк етіп.

Жаңа ғана мамасының етегіне жармасып журген Майя енді одан әрі жағалап, маған келді. Тілгі ол етігімнің қонышынан мықтап ұстал алышты. «Мені көтеріп қолыңа ал!» дегендей, өкшесін көтеріп те қояды. Мен Майяны қолыма алыш, төбеме көтердім. Ол осыған мәз. Күле береді...

Маған партизандық өміріміз өзгеден ғері уш ессе ауыр тиетін еді. Қан төгіс үұрыс болып жатқанда да боран түтеп, аяз ұскіргенде де, ұзак-ұзак жорықтарға шыққанда да мен өзіммен бірге уш адамның қамын ойлайтынмын. Бұл жерде өзімнің қол астындағы партизандар туралы ештеңе деп отыргамын жок. Олардың әрқайсысы бұрынғы бір үйдің иесі ғой. Өз бастанын өздері алыш жүре алады. Дүниеде мұндай жерде жанында жақсы көретін жарың мен жас нәрестең жанында болғаны қыны екен.

— Шайқас кезінде Майя бір жаққа жүгіріп кетіп қалмасын, дедім мен Жамалға. Сенің кейде баланы ұмытыш кететін де жайың болатын.

— Партизандар: «Оқ! Оқ!» деп жатқанда, бала түгіл өз басыңды да ұмытарсын, — деді Жамал.

Отрядта Жамал сияқты әйелдер атқаратын жұмыстар то-лып жататын. Партизандардың кір-қонын жуып, жыртылған-дарын жамап-жасқап беру де бар, ас дайындау бар. Бұл партизан әйелдердің тынышт үақыттарда атқаратын жұмыстары. Ал, ұрыс кезінде олар жаралы партизандарды таса жерге алып ба-рып, дәрігерлік көмек көрсететін. Пулемет ленталары мен дис-кілерін өктаپ, партизандарға оқ тасып, үкідей ұшатын. Жамалдың бала түгіл, өзінді де ұмытасың дегені осы жай еді.

Отряд жолдың екі жағына тас түйін бол бекініп алды. Менің оң жағымда минерлер тобының командирі жатыр. Оның қолында солдат тобатайында машиникасы бар. Сол машинкаға жалғанған сымның бір ұшы, ащы ішектей шұбалып, жолдың сонау бір тұсына қарай созылған. Одан әрі жер астымен барып, жолға тәселеңген миналарға жалғанған. Минер мұның құлағын бұрап қалса болғаны, жолдың ол тұсы күлтталқан болыш аспанға ұшады. Ал, сол жағымнан менің взводымның пулеметшісі Бал-мағамбетов Шалмағамбет орналасқан.

Үнсіз орманда дүнианды көп күттік. Сағат он екілерден ал-декашан өтіп кетті. Әлі тәбесі көрінген жау жоқ. Менің есіме тағы да отбасым түсті. Мен оларды ойлайын деп ойлаган жоқ-пын. Олар өздері санама сыналад кіріп алды. Мен жорықта не-месе осындаға істе жургенімде тек жаудың самолеттерінің ла-герді бомбалаудын ғана қорқамын. Әр бомба менің жарым мен бебегімнің үстіне түсетін сияқты бол көрінеді. Ал, дүни-панмен атысуды мен мулде қауіп деп есептемеймін.

Партизан қатарлары қозғалысып қалды. Өркімдер ереуіл-деп, мойнын созып, жолдың сонау бұрылсына көз тігеді. Мен

де солай қарап едім, аяқтарын баяу басып, үрейлене қарап келе жатқан бес-алты басқыншыны кердім.

— Бір тырылдаң өткенін қалдырмаймын, — деп Шалмағамбет пулеметін оңтайлай берді. Мен оның қолынан ұстай алдым да Коротченко жақда қарадым. Ол сүк саусағымен аузын нұсқап, үндеме дегендей ишара жасады.

Біз үнсіз күтіп жатырмыз. Кезіміз зәре-құттары қалмай айналаға алақтай қарап келе жатқан жау тобында. Құска шыққан аңышыдай бәрі де автоматтарын оңтайладап ұстап алышты. Аяқтарын абайладап, еппен басады. Сейтіп бұл топ үстімізден етіп кетті. Ол жаудың барлауышылары екен. Дүшпаниң негізгі құштері барлауышы соңынан үш жұз метрдей жерде келе жатты. Олардың да жүрістері баяу, үрейлі сияқты. Ұзын колонна бірте-бірте партизан қоршауының ішіне кіре берді...

Жау қолының басы жолдың мина жасырган тұсына іліне бергенде минерлер командирі қолындағы кішкентай машинкасының құлағын бұрап кеп қалды. Аспан жарылғандай болып, алдыңғы жақ гұрс етеге түсті. Сол думпумен қоса жау солдаттарының бір бөлегі парша-парша боп кекке қарай қоса көтерілді. Бірақ оны қызықтаپ түруға уакыт жоқ. Минаның жарылуы партизандарға оқ атуды бастаудың белгісі болатын. Онсыз да үрейлене қалған жау тобырын быжынаған қорғасын оқтар ара сияқты талай кеп жәнелді. Орман ішін бажылдаған, бақырган дүшпаниң түсініксіз дауыстары мен айқай шуы кернеп кетті. Олар бірін-бірі қалқан еткісі келеді. Інінен адасын қалған саршұнақтай, әр шұңқырға бір тығылады. Бірақ халық кегімен суарылған партизан оқтары оларды жазбай тауып, өңмендерінен етіп жатыр. Жау қолы жол бойында жусан қалды.

Автоматымның дискасын жаңа ауыстыргалы жатқанымда минерлер тобының командирі мені арт жағымнан жүлкүп-жүлкүп қалды. Жалт қараганымда ол маған орман жақты нұсады. Жалма — жан сырт айналып, арқа беріп жатқан жағымда

қарасам: өз көзіме өзім сенбедім, қысы-жазы үстінен түспейтін ұзын фуфайкасының етегі сүйретіліп, менін Майям келе жатыр. Жоқ ол бізге келе жатқан жоқ. Анадай жерде ұшып түсіп жатқан жездерді теріп жүр екен. Жүгіріп бардым да оны кетеріп алыш, орныма қайтып келдім. Осы кезде мен қол пулеметін кезене ұстан, жолмен жүгіріп бара жатқан Шалмағамбетті көрдім.

Шайқас бітті. Партизандар көп олжага қарық болды. Майя да құр алақан емес: оның уысында екі-екіден автомат оғының төрт жезі жүр. Коротченко келіп бізді сапқа тұрғызды да бәрімізге алғыс жариялады.

Осы кезде төрт автоматты арқалап Шалмағамбет те жетті. Ол арқасындағы төрт автоматты жау қаруының үйіндісіне коса салды да, өзі менің қасыма келіп, Маяны тәбесіне кете-ріп алды. Мұндай ұрыстардан қейін Маяны қолдарына алыш, тәбелеріне кетеру отрядтағы барлық партизандардың әдеті болатын.

– Менің қызыым, менің Майям! – дедім мен де емірене күбірлеп. Осы кезде менің бар шаршаганым мүлде ұмытылып кеткендей болды. Анадай жерде қанатын жайып бізге қарай Маяны ізден шаршаган Жамал да жүгіріп келе жатты.

– Менің отбасым! – дедім мен одан сайын масаттанып. Мен бойыма жаңа күш, жігер құйыла бастағанын сездім.

Жылбек Ақәділов,
«Қазақ әдебиеті» газеті 1963 жыл,
9 маңыр №19 (643)

Бір операцияның тарихы

1942 жылдың қарашасы. Кеңес әскерлері Еділ жағасында неміс басқыншыларымен кескілескен ұрыс жүргізіп жатты.

Жау уақытша басып алған біздің территориямен әскер мен қару-жарап тиеген дүшпан эшелондары толассыз етіп жатты. Партизан отрядының командованиесі дүшпанның шығысқа бет алған эшелондарына шабуыл жасап, жою жөнінде бүйрық берді. Біз бұл кезде Брянск ормандарында едік. Рославль – Брянск теміржолының бойындағы станциялар мен деревняларда жау өзінің гарнизонын ұстады. Мұндағы мақсаты – поездардың жүрісін қауіпсіз ету, партизандардың теміржол бойында иелік етуіне мүмкіндік бермеу.

Партизан бригадасының командованиесі алдын-ала барлаудан кейін Рославль мен Брянскі аралығындағы Пригорье станциясында жау әскерлерін жою жөнінде міндет қойды. Бұл киын тапсырма еді. Оның қыындығы: станция орман алқабынан алыста, ашық далада болды. Екіншіден, станция маңындағы деревнялар мен тас жолдың бойында оккупанттар күні-түні күзет ұстады. Үшіншіден, станцияға жақын маңда немістің ірі әскери күштері орналасты, шығысында Сещинск аэродромы.

Партизандар бригада командири Тимофей Михайлович Коротченко жолдастың бастауымен екі тәулік бойы 100 шакырымдай жол жүріп, жау көзіне түспей Рославль қаласының маңында таңға жақын бригада баттақты орман алқабына келіп тоқтады. Станцияға майдан жағынан жақын келді. Бұл жақтан оккупанттар партизандарды күтпейтін. Сол күні партизандар ұрысқа енген жоқ. Кешкे жақын барлық командирлер мен саяси қызметкерлер штабқа шакырылды. Подполковник Тимофей Михайлович барлаушылар жеткізген деректерді баяндауды. Содан соң дүшпан гарнизонын жою жөнінде бүйрық берді.

Бірінші, үшінші батальон станцияға солтүстіктен тиісіп, жаудың қарсылығын жоя отырып, вокзал маңын тазартып, Пригорье деревнясына жетуге тиісті болды. Біздің ротага поселкенің шығысын азат етіп, қару-жарап тиеген теміржол құ-

рамасын күту міндеті жүктелді. Шабуылды үдете отырып, Брянскі – Рославль тас жолына шығуға тиісті болдык.

Әлім мен Питченко бастаған диверсиялық топтарға да жауынгерлік тапсырма берілді. Әлім бастаған топқа сағат 24-те Пановка өзенінен ететін теміржол көпірін, Питченконың тобына Рославль жағындағы Боровка өзеніндегі теміржол көпірін бұзу бұйырылды.

Комбриг сөзінің соңында бригаданың бүкіл адам қурамына дүшпанның майдан шебіне жақын орналасқан базасын жою Ұлы Октябрьдің 25 жылдығына біздің тартуымыз болатынын жеткізуді тапсырды. Комбригтің бұйрығы партизандарға туғандағылар түсісімен белімшелер жылжып, ездеріне белгіленген ұрыс шептеріне орналасты. Әр белімші шабуылта шыққанға дейін жау шебін барлауды тоқтатпады. Біздің шолғыншылар теміржол бойында эшелондар түрғанын, оның күзетін анықтап келді. Рота командирі шолғыншыларға эшелондарды күзеткен солдаттарды үн-түнсіз жоюды тапсырды. Комбригке осы жайды қолма-қол хабарлады.

Неміс сақшысы эшелоннан сөл ұзаған сәтті пайдаланып Петр Афанасьев пен Әлімбай Қусайынов теміржол құрамасына жетті. Сақпы орнына келгенде біздің екі жігіт көз ілеспес жылдамдықпен жау солдатын алыш ұрып, қарузыздандырды, дыбысын шығармады. Содан кейін бөгелмesten вагондарға гранаталар лақтырып, автомагтан оқ жаудырды. Пригорье станциясында ұрыс басталды. Эшелон күзетін қолма-қол жойып, біздің рота поселкенің шығыс белігіне баса-кектеп енді. Фашистер естерін жия алмай, оқты беталды бората берді. Осы кезде станция жақтан жер дүниені жаңғырықтырган гүрсіл естілді. Бұл теміржол көпірінің тас-талқанын шығарған Әлімнің тобы еді.

– Жарайсың, Әлім! Тапсырманы дер кезінде орындаңың! – деген комбригтің дауысы естілді. Біраздан кейін Питченконың

тобы да Бобровқадағы теміржол көпірін жойды. Дүшіптан совет партизандарының шабуылын тоқтата алмады. Рота поселкеде ұрыс жүргізіп жатқанда, аға сержант А. Абдуллин бастаған партизандардың бір тобы теміржолдағы қару-жарап, киім-кешек құрамасын өртеді. Ш.Балмағамбетовтың тобы Сецирискідегі самолеттердің бензин бактарын атқылап, жандырды. Мәжит Мұқанов пен Сергей Беловтың диверсиялық тоғтары теміржол маңындағы техниканы, қоймаларды бұзып, жолды, байланыс жүйелерін істен шығарды. Станцияға Коновалъчуктің бригадасы енді.

Кескілескен ұрыс үш сағатқа созылды. Таң атуға азғана уақыт қалды. Комбриг жауынгерлік тапсырма орындалған соң шегінуге бүйірүк берді. Өйткені аялдауға болмайды, дүшіпанның жақын мандағы гарнизондары партизандарға тосқауыл қойып бөгеуі мүмкін.

Бұл ұрыста неміс гарнизоны 15 самолеті мен 370 солдаты мен офицерлерінен айрылды. Байланыс техникасы, жолдар мен көпірлер істен шықты. Пригорье станциясында орнатылған мемориалдық тақта осы бір операцияның ескерткіші сияқты.

Жылбек Ақөділов бұрынғы партизан
(«Қызыл тү» газеті, 23 ақпан, 1966 жыл)

Партизанның қатысқан радио хабары

Бұл радио хабарды қандай журналист дайындаған жүргізгені белгісіз, еш жерде белгі қойылмаған, тек «plenka» деген сезі арқылы радио хабар екенін анықтадық. Хабардың республикалық әлде облыстық радио үшін дайындалғаны да белгісіз. Десек те осы хабар мәтінін белгісіз журналистиң баяндауымен бірге беруді жән көрдік (ав.)

- Сансыз жеңістерге жетісіп, талай мемлекетті жаулап, әбден аптығып алған неміс басқыншылары біздің Отанымызға опасызыдықпен шабуыл жасады.

Ұлы Отан соғысының сұрапыл күндерінде негізгі Армия-мызыбын бірге жау тылында жүздеген партизан отрядтары құрылып, немістерге күйрете сокқы берді.

Отан соғысындағы бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңіске еліміздің барлық халықтарымен бірге Қазақстан еңбекшілері де, оның ішінде қазақ халқының ұлдары мен қыздары да лайықты үlestерін қосты. Майданда кенес жауынгерлері, жау тылында партизан отрядтары ерлік пен батылдықтың үлгісін көрсетіп, Отанымыздың нағыз ержүрек патриоттары екенін жүртқа танытты. Олар тенденсі жоқ ерлік жасады.

Бұған біз хабарымызда Кеңес армиясының бұрынғы офицері, кейіннен ержүрек партизан болған, коммунист Жылбек Ақәділовпен оның отбасының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тағдыры, жауынгерлік істері турасында айтпақпыз.

Соғыс жылдарында Белоруссияның түрлі облыстарында әрекет жасаған қабілетті командир, партия қызметкері Коротченконың партизан бригадасында Кеңес армиясының офицері Жылбек Ақәділов өзінің зайыбы Жамалмен бірге болды.

Жас офицер Ақәділов 1941 жылы Отан соғысы басталmas-тан бұрын Н. бөлімшесінде (кеңес кезінде әскери бөлімдер тұрған жерлер күтия сақталатын ав.) әскери қызметтің өтеп жүрді. Сол, 1941 жылдың 26 маусымы күні Неман өзені бойындағы Гродно және Влоховиск қалалары бағытында ұрыс жүріп жатты. Шабуыл жүріп жаткан қауырт кездердің бірінде атты әскер эскадронының командирі Жылбек Ақәділовті шақырып алғып, негізгі бөлімшелер өзеннің арғы жағына өткенше, өзінің взводымен жауды бөгей тұруы керектігін айтыш бұйрық берді. Шағын взвод осы жерде жаудың өздерінен бірнеше рет басым күшін екі күн бойы бөгеп, негізгі бөлімдердің ілгері кетулеріне мумкіндік берді.

Бірақ та, бұл кезде біздің армияның негізгі бөлімдері ілгері қарай алғысталап кеткендіктен, Жылбек Ақәділовтің взводы оларды куып жете алмай, жау уақытша басып алған аумақтағы орман ішінде қалады. Ержүрек жауынгерлер жау тылында қалса да, орман ішінде жүріп жаудың шағын отрядтарына тұтқындан шабуыл жасап, оларға күйрете соққы беріп отырады. Бұларға жау тылында бөлініп қалған шағын отрядтар мен жеке жауынгерлер келіп қосылады. Орман ішіндегі кеңес жауынгерлерінің өмірі бірнеше айға созылады. Олар осы уақыт ішінде жаудың адам күші мен техникасы басым болғанына қарамастан дүшип адамдарды көп шығынға ұшыратты.

Осылайша бұл намысшылар тобы айла-әрекеттердің, дұрыс басшылықтың, бірліктің арқасында, қолға түспей, қоршауда қалмай келе жатты. Тек қараша айының күз күндерінің бірінде Жылбек Ақәділов бастаған взвод жауынгерлері Белоруссияның Могилев облысы маңындағы орманда әрекет жасап жүрген партизан отрядына келіп қосылады.

Міне, соғыс басталысымен айрылған зайдибы Жамалды да осы партизан отрядына келгеннен кейін тауып алғып, осы отрядта Жылбек Ақәділов үш жылдай уақыт болады. Қазір Жылбек Ақәділовтың партизан отрядында болған кездеріндегі естелікті тыңдауыздар.

— Бұғін езімнің отбасыннан Ұлы Отан соғысы кезінде партизан отрядында болған үш жылғы уақытымның кейір аса маңызды оқиғаларын айтқалы отырмын.

Бұл 1942 жылдың акпан айы болатын. Екінші Клетнянск партизан отрядының құрамында болғанымызға жеті-сегіз айдай уақыт өтті. Біздің отрядтың Смоленск облысындағы Мостицк деген деревнясының маңындағы қалың орманға келіп орналасқанына екі-ақ күн болған. Бұл жылы қыс қатты, қар қалың болды. Қатты соққан боран жолды бөгеп, алға бастырмайтын.

Бір күні партизан отрядының барлаушылары Ерічи қаласынан неміс командованиесі үш жұзден астам солдаттан құралған жазалаушы отряд шығарғаны жөнінде құпия хабар жеткізді.

Біз езімізге келе жатқан жазалаушы отрядты қарсы алғып, соққы беру үшін базадан шамамен жиырма шақырым жердегі Пришица деревнясы маңында тосқауыл құрдық. Көп кешікпей жау отряды да келіп қалды. Осы арада болған қанды шайқас екі сағатқа созылды. Біз немістерді коршауга алғып, түгел қырдық.

Осы жылдың маусым айында немістер партизандарға қарсы үлкен шабуыл бастады. Бұл жаудың ең ірі шабуылының бірі болды. Алдымен барлау жүргізген немістер көп кешікпей негізгі күштерін шабуылға шығарды.

Рошин жолдас бастаган отрядтың тұтқышыдан жасаған шабуылна тойтарыс бере алмаған немістің бір батальоны үлкен шығынға ұшырап кейін шегінді. Бірақ немістердің күші партизандарға қарағанда неғұрлым басым еді. Олар партизандарды қоршауга алыш құртып жіберуді жоспарлайды. Біздің партизандар жаудың қоршауынан күтылу үшін оның осал жерлерін іздестірді. Сейтіп, бір күн арпалысқан қатты шайқастан кейін, жау шебін бұзып шығыш, жуз шақырым шамасындағы Клетня ауданының Каменец деревнясының оң жағындағы қалың орманға келіп паналадық. Бірнеше күнге созылған сұрапыл соғыста қажыған адамдарға мұндай жол жүру оңайға тимеді.

Бұл қанды кескілескен шайқаста біздің отрядмен бірге за-йыбым Жамал мен алты айлық Майя да болатын. Партизан отряды осы орманда демалып, қорғаныс жасады. Біраз тынышып, күш жинап алғаннан кейін немістермен кезекті ұрыска дайындалдық. Дамылсыз ұрыс, бір орманнан екінші орманға орын ауыстыру Жамал мен кішкентай Майяны үлкен жерге қайтаруға мүмкіндік бермеді. Сондықтан бұл жорықтардың азабын Майя мен Жамал да тартып жүрді.

Күні-туні үздіксіз жол журуден қажыған, үйкі да жок, арпа-бидайының кептірген ишін біздерге бол татыған уақыт еді. Солдат құтысымен су қайнатып ішуге де мүмкіндік жоқ.

Жаралылар мен Жамалдарға берілген арық-тұрақ ақбоз аттың да арқасына шоқпыт, тоқым батып, отсыз, сусызың журістен әбден қажыған кез еді. Бір күні түнгі журістің сонында күн жана көтеріліп келе жатқан кезде біздің отряд Опороть өзенінен өтті. Бұл өткел енсіз болғанымен түбі боз батпақ, ағыны қатты болды. Жамал өткелдің ортасына келген кезде аты батпақтан тайып құлап қолындағы баладан айрылып қалды. Өзі аттың сол жағына қарай құлап түсті. Құндақтаулы бала аттың екінші жағынан ауып түседі де су бетінде қалқып ағып жүре береді. Сонында келе жатқан Әбдірәйімов Шармұқан Мәйкені кере сала, ез сырқатына қарамастан, қару – жарағымен бірге суға койып кетеді де бір батып, бір шығып жүрген баланы судан алыш шығады. Қызымыздың ажалдан аман қалуына Шармұқан себел болды.

Бір күні біздің отряд Пригорье станциясында самолет, қару-жарақ және оқ-дәрі тиелген үлкен бірнеше теміржол құрамының тұрганы туралы хабар алды. Бұл өзі стратегиялық маңызы бар ірі станция болатын. Біз түн қараңғысын жамылыш, ешбір дыбыс шығармай станцияға аттандық. Шабуыл жоспарын дұрыс ұйымдастырудың нәтижесінде мұндағы күзетте болған немістердің бас көтеруіне мұрша бермей тұтқылдан шабуыл жасап, станциядағы қару-жарақ тиелген құрамаларды лезде жойдық.

Осы жорықта бәлімшіе командирі Михаил Тараторин мен гурьевтік жас қазақ жігіті Шармұқан Әбдірәйімов асқан ерлік көрсетті. Біздің тұтқылдан жасаған сәтті шабуылымыздан кейін бір апта бойы жаудың қару-жарағы жанып жатты. Бұл жолы ондаған шақырым теміржол істен шықты. Осы ұрыста ерекше кезге түскен бір топ партизандарды жогары командо-

вание үкімет наградасына ұсынды. Кейіннен мен Пригорье станциясындағы жұргізген операция үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталдым.

Біздің бұл шабуылымыз жауды тіпті өршелендіріп жіберді. Олар партизан отрядтарына қарсы үлкен шабуыл жасап, қоршаал алып, толық жоюды үйғарды. Қеп кешікпей басқынышылар Морозовка деревнясының маңында бізді қоршауға алып, шабуылға шықты. Бұл қоршау ұдайымен он күнге созылды. Қоршаудың соңғы күндерінде күн сұтып, немістер үшін орман ішінде соғысу қынданай түсті. Партизандардың барлаушылары орман ішіндегі жаудың осал жерлерін тауып, бұзып шығуға өрекет жасады. Бірақ немістер күштерін тез жинап, бізді қыспаққа ала бастады. Төрт сағатқа созылған түнгі шайқаста партизандар жау шабуылына тойтарыс беріп, қоршауды бұзып шықтық. Таң ата Мамаевка орманына келіп орналастық. Осы түнгі шайқаста Жамал мен Майя және тағы бірнеше партизандардың жаудың қоршауында қалып қойғаны анықталды. Бұл жағдай партизандарды қатты қобалжытты. Арада бірнеше күн өткеннен кейін қоршауда қалған партизандар бізге келіп қосылды. Бұлардың арасында Жамал мен Майя жоқ болып шықты.

Оларды іздеуге мен өз взводыммен және бірнеше барлаушы партизандарды алғып жолға шықтық. Үш алта бойы орман ішін кезіп маңайдағы деревняларды аралап, ешбір хабар біле алмадық. Тек төртінші алтадаған Лузганка деревнясында екениңі анықталды. Лиза деген партизан қызы оларды орман ішінде кездестіріп, өз үйіне апарып жасырган көрінеді.

1943 жылы біз немістерді кейін ысырып тастанап, келе жатқан Кеңес Армиясының негізгі күшімен кездестік. Осы жылы мен қыста демалыс алып, Жамал мен Майяны Павлодар қаласына экеліп салып, өзім қайтадан Отан қорғауға аттандым.

...Міне, Кеңес Армиясының офицері, бұрынғы ержүрек партизан Жылбек Ақәділовтың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жауынгерлік жолы осындай болды.

Талай қауіп-қатерден қалған, партизандардың еркесі болған Майя қазір (сол жылдары ав.) Павлодар қаласындағы № 15 мектептің онының сыныбында оқиды. Ал партизан Жамал апай Павлодар қаласындағы «Объединение» артелінде тігінші мастер болып істейді. Жылбек Ақәділовтың езі финанс қызметкері. Партизанның қатысуымен арнайы дайындалған радио хабарының мазмұны міне, осындай.

Ширек ғасыр откен соң...

Міне, осындай тақырыппен «Қазақ КСР-інің 50 жылдығы қарсаңында» деген айдармен берілген Жылбек Ақәділовтың мақаласы.

Бұл хат өткен жылды күзде келіп еді. Демалыс күні болатын. Үй маңындағы ұсак-түйек шаруашылықты жайғастырып болып, үйге кіргеніме онша көп уақыт болған жоқ. Жаңа газеттерді ақтарыстыра бастағаным сол еді, кенеттеген біреу әйнек қақты. Аты-жөнін білмесем де өні таныс. Өзіміздің хат тасушы болып шықты. «Күнде бізге келген хат-хабар, газет-журналды сырттағы почта жәшігіне салып кетуші еді, бүгін әйнек қаққаны несі?» – деп іштей ойга келдім де:

– Кіріңіз, жоғарылатыңыз, – деп құрмет білдірдім хат тасушыға.

– Рахмет ағай, уақыт жоқ, – деп мәз боп қалды ол да жылды жүзбен карсы алғаным шын разы болып. Сумкасын ашты да маған хат ұсынды.

– Күндегідей жәшікке неге тастал кетпедің? – дедім сыртында қалың орманның, колына автомат ұстаган адамның суреті бар әшекейлі конвертті қабылдап алғып жатып.

– Жоқ, аға бұл жай хат емес, заказной хат. Сондықтан алғаныңыз туралы қол қойыныз, – деп сырты тозыңқыраған кекшіл дәңтерді ұсынды маған.

... Тұс әлеті. Тұман айырып, күн көзі саф алтындаі сарғайып шығып келеді. Хатты ашуға кірестім. Брянск облысы, Дубровка ауданынан келгені сыртында жазулы тұр. Бірақ кімнің жазғаны, не жазғаны әлі белгісіз жұмбақ. «Партизандар жазды ма екен, әлде қызыл ішілер жазды ма екен, болмаса пионерлер жазды ма екен?» деген ойлар конвертті ашып оқығанша көз алдыннан тізбектеліп өтіп жатыр, өтіп жатыр. Хатты оқып отырмын.

– ... Ұлы Отан соғысының бұрынғы партизаны құрметті **Жылбек Ағадылов** жолдасқа!

Сізді және бұрынғы партизан семьясының мүшесі Жамалды, Майяны Дубровка аудандық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары аудандық Советі атқару комитеті Брянскінің неміс-фашистерінен азат етілгеніне 25 жыл толған күнін атап ету мерекесіне шақырады.

**Құрметтеп,
аудандық партия комитеті
аудандық атқару комитеті.**

Хат тасушы міне, осындаі бір қуанышты хабар әкелген еді.

Арада шамасы бір апта өткенсін Майя екеуміз самолетке отырып, совет халқының тынысы, алтын астанамыз Москваға үшіп шықтық. Самолет самғап үшіп келеді, мениң кексе тартқан жүргегім де Брянск орманында оқ астында, өмір мен өлім белдескен отты соғыс күндерінде табысқан партизан достары-

мыйзбен қашан тәс қағысып, қауышпар екеміз деп алым үшін келеді. Москва Брянскіге, ал Отан соғысы жылдарында партизандар өлкесінің штабы болған Брянскі болса, бізді Клетня ауданының орталығына жеткізді.

Клетня орманы. Үлкен Брянскінің бір белігі. Ер жүрек партизан Тимофей Коротченко басшылық жасаған екінші Клетнян партизан бригадасының құрамасының өздерінен күші басым неміс жандеттеріне құні-тұні тыным тапқызбай, көбірек сокқы берген жері де осы Клетня орманы болатын. Коротченко басқарған біздің бригада партизандары Пригорье станциясына бекінген неміс-фашист басқыншыларын талқандап, станциядан қуып шыққан еді. Дәл сол сәтте партизан Федор Данчинковтың бірінші Клетня партизан бригадасы неміс командованиесінің Сецинскі авиабазасының гитлершіл ұшқыштарының демалыс үйіне айналған Сергеевка деревнясына тұтқыылдан шабуыл жасап, деревняны басып алған-ды.

Эрине гитлершілер бекініп алған селолар мен деревняларды, теміржол станцияларын азат ету оңайға түскен жок. Ұлы Отанға, Коммунистік партияға деген шексіз сүйіспеншіліктің арқасында, кескілескен ұрыстардың арқасында қол жетті.

– Отан үшін, қанға қан, жанға жан! – деген жауынгерлік ұран неміс – қарақшыларына деген өшпендейділікті одан әрі күштейтіп, желіккен жаудың күлін көкке ұшыруға жігерлендірін отырды.

– Партизан алға!

Отты жалын ішінде, зұлым жау тылында құрылған партизандардың ой тілегі, неміс-фашистерін құртуға мегзейтін жауынгерлік ұраны осы болды.

Міне, содан бері ширек ғасыр өтті. Біз бұрынғы Отан соғысының партизандары ұланғайыр еліміздің түкпір-түкпірінен Брянскі жерін, сондай-ақ Клетня ауданының гитлершіл басқыншылардан азат етілгеніне 25 жыл толуын атап өту үшін

партизан өлкесі Брянск жеріне жиналдық. Арада ширек ғасыр өткеннен кейін көрісken бұрынғы партизан достар қуаныштың белгісі ретінде бірімен бірі құшақтасып, сүйісп қарсы алды. Жиналғандардың ішінде өткен Отан соғысы жылдарында Брянскі жеріндегі Дубровка, Жуковка, Клетня ауданының орманды жерлерінде фашист жендеттерге қарсы үйымдастырылған партизан бригадаларының батыл партизандары, әскери барлаушылар және сонымен бірге немістердің Сещинск соғыс аэродромында фашистерге қарсы астыртын жұмыс жүргізіп, Отан тапсырмасын орындаған жасырын үйым мүшелері болды.

Біз, Отан соғысының бұрынғы партизандары, бірінші күні Сещинскіде бас қостық. Мұнда немістердің Сещинск аэродромын құрытып жіберуге, жауға қарсы астыртын жұмыс жургізуге қатысып, ерлікпен қаза тапқан Отанның ержүрек ұл-қыздарына арналып орнатылған ескерткіштің ашылу құрметіне үлкен митингі өткізілді.

Брянск орманы қарулас дос болған партизан бауырлармен дидарласу, ұмыт болып бара жатқан көп жайларды еске түсірді. Міне, көз алдында екі түрлі Клетня, екі түрлі Дубровка. Кеше Отан соғысының қан кепкен, ажал оғын кезенген отты жылдарында бізді сұстанып, қасірет үстінде қарсы алған Дубровка мен Клетня бүгін жылы шырай беріп, ыстық құшағын жайып қарсы алды. Бұдан ширек ғасыр бұрын Брянск жерінде күлкі дегенді, күліп жүрген пендені кездестірмесек, бүгінгі Брянск қуаныш құшағында, көнілді күлкі де, шаттық та сонда. Бізге пана, ал гитлершіл қаракашыларға оқ болып атылған, наиза болып қадалған Брянск орманы да жасарып, құлпыра тускен.

(Бұл мақаладағы кейбір деректер басқа тақырыптар аясында жазылып, айтылғандықтан, оның кейбір жазылмаған тұстарын алып отырмын. Ав.)

...1943 жыл. Қыс. Орман іші. Біздің бригаданың өзінен күші басым жаудан із жасырып келіп жайғасқан жаңа қонысы.

Аспанда бұлт жоқ болғанымен күн шаңытқан сұық, орман арасы буалдыр. Жігітер кезекті тапсырма орындау үшін, немістерді торып, олжа түсіруге жаудың жолын беген, ілгері бастырмая үшін «рельс соғысына» аттанып кеткен-ді. «Рельс соғысы» дегеніміз-фашистердің соғыс жүгі мен әскерлері тиелгеп эшелондар жүретін теміржолдардың рельсімен шпалына, көпірлерге мина қою, қирату деген сөз. Таяуда біздің бригадада Бесед өзені үстіндегі ұзындығы бір жұз сексен метрлік көпірді талқандап, әрлі-берлі поезд өткізбей қойғанды. Бригаданың соңғы кездердегі табысы жаман емес. Лозов атындағы партизан отрядымен бірлесе қару жұмсап, немістердің Панятковка, Пригорье станцияларындағы гарнизондарын құрытып жиберіп, көп олжа түсірген едік.

Бүгін де сондай жорықта Жамал мен Майя партизандардың жаңа қоныс лагерінде қалған. Бір заматта Жамал мен партизан қызы Лида таяудағы селолардан тіл алыш келу үшін жолға шығады. Олардың соңынан партизан құркесінде жалғыз қалғысы келмей Майядада тысқа шығады. Бірақ оның далага шыққанын Жамалдар аңғармайды да тапсырманың соңында кете барады.

Шешесін іздеғен Майя да енесінен айрылған ботадай тәлтіректеп, шамасы жеткенше орман ішін кезе береді. Ақыры көп болып іздеудің күшімен сәбиді аман-есен тауып алдық-ау.

— Сен сондағы кішкентай партизан атанған Маечкасың ба? — деп Майяның бетінен алма — кезек сүйді екінші Клетня партизан бригадасының бүрынғы партизаны А. Рябушов карт. Ол — партизан мекенінен адасып кеткенде Майяны із кесіп қарасқандардың бірі болатын.

Қарулас дос

Жылбек Ақәділовтың бұл хаты Қарағанды облысының газеттерінің біріне жолданса керек. Хат былай басталыпты:

«Күрметті редакция!

Сіздердің Шет ауданының тумасы, Ұлы Отан соғысы жылдарында фашист басқыншыларының тылындағы партизандар қатарында бірге болған қарулас досым Әлімбай Тілеулин туралы қысқаша хабарымды оның ата-анасына, жақын туыстарына, жерлестеріне газеттеріңіз арқылы хабарлауарыныңды етінемін».

Бұл мындаған ҳалық намысқорларының ордасы болған Брянск орманында ашыу кернеп, түті сыртына шығып елмен бірге қаһарланып тұрған көз еді.

1942 жыл фашист басқыншыларының тылында партизандар қозғалысы күн сайын күштейіп, жол бойында, деревняларда жаумен кескілескен ұрыс еріс алды.

Сол жылы ақпан айының бас кезінде Лузганка хуторының оңтүстігіндегі орман ішінде Әлімбай Тілеулинмен кездестім. Ол кезде Әлімбай майор Рощиннің отрядында барлаушы екен. Кешікпей сол отрядқа біздің де тобымыз қосылды.

Әлімбай орта бойлы, иықты келген қараторы жігіт. Сол жаугершілік өмірге шындалып, әрқашанда сақадай сай, қарулары үстінен түспейтін. Маңай толған жау, жау бар жерде өлім бар деп ешқашанда үрейленбейтін.

Басқыншылармен ұрысқа аттанған кезде Әлімбайға ерекше намысқорлық жігер бітіп, батылдық танытатын. Қолбасшылардың бүйрығын ұқыптылықпен тыңдалап, оны абыраймен орындауга барлық күш-жігерімен кірісуші еді.

1942 жылдың мамыр айының алғашқы күндерінде біздің партизандар отряды «Ұлкен жермен» байланыс жасап, орталық партизандар штабынан бүйрықтар түсті. Сол бүйрықтардың

бірінде отрядымызға теміржол бойындағы деревнялардағы жұмыстарды күшету міндегі қойылды. Бірақ ол жақта диверсиялық жұмыстарды атқаратын жарылғыш заттар жоқ болатын. Сондықтан біздің әскери бәлімдеріміз 1941 жылы Алешенка деревнясы маңындағы фашистердің танктеріне қарсы курған миналарын жарып алмай, көмілген жерінен қайта қазып алуды Әлімбай басқарып журген партизандар тобына міндегтеді.

Әлімбайдың тобы бұрын қойылған миналардың бірін де жарып алмастан күрілған орындарынан қазып, отряд базасына жеткізді. Бұл аса қауіпті, әрі жауапты тапсырма ойдағыдай орындалды. Кешікпестен Әлімбай бастаған жол бұзғыштар тобы бірнеші болып «Улкен жердің» бүйірігін орындауга, салмағы сегіз келі миналарды арқалап Кричев-Пастюкович, Пастюкович – Сураж аралығындағы теміржол бойына фашистердің майданға жіберіп жатқан қару-жарактарымен соғыс техникасын құртуға аттанды. Сол жолы командованиенің диверсиялық тапсырмаларын ойдағыдай орындаған Әлімбай «Ленин» орденімен маралатталды.

1942 жылдың бесінші қарашасының түнінде біздің отряд және Сергей Лазо атындағы партизандар отрядымен бірге басқыншылардың күрделі соғыс күштері шоғырланған Пригорье теміржол станциясына шабуылға бардық. Сол түні Әлімбайдың жарылғыш заттар қоятын тобы станцияның күншығыс тарапындағы теміржол көпірін құзетуіп фашистер тобын жойып, уш жерден тол шашкелерін қою арқылы кешірді талқандады. Тапсырманы уақытымен орындаپ, станция басында тұрған екі эшелон соғыс техникасы мен қару-жарактары ертеді. Уш жүзден аса солдат пен офицерлер шығын болды.

Қараашаның аяқ шенінде командованиенің бүйірі шығынша Әлімбайға кіші лейтенант атағы берілді, сонымен бірге взвод командирі болып тағайындалды.

1942 жылдың қараашасынан 1942 жылдың акпанына дейін фашистердің жазалаушы отрядтарымен болған үрыстарда

Әлімбайдың вズводы ерекше ерлік көрсетті. Әсіресе, Мамаева-ка тоғайындағы тосқауыл ұрыста Әлімбайдың вズводы жаудың алдыңғы топтарын көп шығынға ұшыратты, қатты тойтарыс берді. Фашист жазалаушылары партизандар тұрағына бара алмай кейін шегінді.

Әртаратқа тапсырма алған партизандар топтары штабка қайтып оралғанда, тай-кулында шүркүрап кездесіп, бір-біріміздің сәтті сапарымызға бәріміз қатты куаныш қалатын едік. Сол сияқты Әлімбайдың тобы диверсиялық тапсырмаларын орындал қайтып оралғанда, партизандар оларды ортаға алғып, тапсырманы қалай орындағандары жөнінде беріле тындал, оның ерлігіне аса сүйсінетін.

Әлімбайдың партизандардың қойған аты – Әлім еді. Сондыктан Брянск, Смоленск облыстарының халқы украиналық, москвалық достар күні бүгінге дейін оны Әлім дейді.

Әди Шәріповтың «Партизан қызы» кітабында да Әлім Утеулин деп жазылған Әлімбайдың намысқорлығы, қайраты басым болатын. Оның неміс басқыншыларымен кескілескен ұрыстардағы ерліктері Әдидің кітабында айқын атақ өтілген.

Шынында ол Әлім Утеулин емес Әлімбай Тілеулин екенін және Караганды облысының Шет ауданындағы Байшүгір колхозының тумасы екенін, 1965 жылдың желтоқсанда кездесуге барғанымда Смоленскінің мұрағатынан білдім.

Фашист пулеметтері мен зенбіріктікен мың сан ұдай төнген ажалға кірпік қақпай қарсы тұрган халқымыздың ержүрек ұлы Әлімбай!

Бар арманы фашистерді мәнгілік жойып, туған елге, аманесен оралсам дейтін. Бірақ Әлімбай Тілеулин арманына жете алмады. 1943 жылдың 14 ақпаны күні отряд командованиеисінің бүйрығын орындау сапарында ауыр жарапанып, 15 ақпан күні қайтыс болды. Барлық отряд мүшелері болып Әлімбай досымызды арулап, туысқандар зиратына жерледік.

Зират басында батальон командири жолдас Илюхин, қазақстандықтар атынан Әди Шеріпов сез сөйледі. Әлімбай Тілеулин үшін да жаудан кегімізді аламыз деп партизандар ант бердік.

Әлімбай Тілеулин жерленген туысқандар зираты Брянск облысының Дубровка ауданына қарасты «Задня» орман участекесінің онтүстік батысында. Әлімбай сол кезде 22-ге жанаған толған қыршын жас еді. Жаста болса Ұлы Отан соғысы жылдарында Отаның қанды балак фашист басқышыларынан азат етуге елеулі үлес қосқан еліміздің адап ұлы. Батырлық істерімен анасының ақ сүтін ақтаған халқымыздың ардақты ұлы болды.

Брянск облысы, Жуков ауданына қарасты Павлино селосында, Отан соғысы жылдары қаза тапқан партизандарға арнап орнатылған ескерткіш тақтада үлкен-үлкен әріппен ойып жазылған Әлімбай Тілеулиниң есімі де мәңгі тұр.

Село халқы, үрпақтар ескерткішінің маңына жыл сайын қызығалдақ гүлдер егіп, ардақтап сақтайды.

Хат соңынан: Павлодар қаласы. Партизандардың Клетнялық екінші бригадасының взвод командири Жылбек Ақәділов деп қолы қойылған.

Жиырма жылдың жырлары

«Лениншіл жас» газетінде 1963 жылдың 22 маусымында жарық көрген белгілі жазушы Қалмуқтан Исабаевтың мақаласы.

Бұдан жиырма екі жыл бұрын 1941 жылдың 22 маусымы күні таң қараңғысын жамылдың фашистер бейбіт еліміздің шетінен келіп тиген еді. Ұлы Отаның қорғауга бүкіл ел болып аттанған еді халқымыз. Барлық ұлттың ұл-қыздары қан майданда қатар жүріп жаумен айқасты. Әділетті күресте

еліміз женіп шықты, салтанат құрды қайтадан. Сол сұрапыл кезеңдерде жерлестеріміз орыс ормандарында, Украина мен Белоруссияның қалалары мен деревняларында жүріп талай ерлік көрсетті. Бұған газетімізде осындай қызын кезеңнің бір көрінісін беріп отырымыз.

Етікпен су кешкен жорыктардың бір күнінде Жылбек тобы орман ішінен босқан халықты көрді. Сұлап-сұлап жатыр екен. Оның ішінде жары Жамал да табылды. Аяғының ауырлығына қарамастан екі жұз шақырым жаяу сапар шеккен.

Кеп кешікпей қылышын сүйертіп қыс та келіп қалды. Енди олардың шығысқа қарай жылжуы қындаиды түседі. Жамалдың күні жақындаш қалған еді. Оның бережағында Белорусс орманында партизан отряды да құрылыш қалды. Сейтіп, 1941 жылдың қарашасында, қақаған қыста, орман ортасында дүниеге наресте келді. Ол Жылбек пен Жамалдың көптен күткен бөбектері еді. Жаңа адамды жерден көтеріп алған партизандар оған өмірі май күніндей жайма-шуақты етсін деп Майя деп аттойды. Сейтіп, Майя партизан отрядында еседі...

Бұғандегі Майя Ақәділова Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтындағы физика-математика факультетінің тертиқші курсында оқыды.

Майя кейін өзін қызын қыстауда кезеңде мәпелеп есірген адамдарды іздеп алғыс Белоруссияға хат жазған еді. Кеп ұзамай Белоруссиядан бұған хат келді. Хатты Александра Степановна Некрасова деген әйел жазыпты.

– Сәлеметсіз бе, қымбатты Майя! – деп жазыпты Александра, осы жаңа ғана «Брянский рабочий» деп аталатын өзіміздің облыстық газеттен сенің хатынды оқыдым. Оқыған сәтте-ақ не жыларымды, не куанарымды білмедім...

Мен отрядта сенің әке-шешенмен бірге болдым. Шешенді-Женя, әкенді Жора деп аттайтынбыз...

1942 жыл май айының алғашқы күндері әлі есімде. Шеллектеп құйған жауын бірнеше күн толастамады. Азық-түлік

таусылды. Немістер лагерь мен мындаған деревняларды бомба-
лап жатты. Енді ол жер бізге мекен болмады. Удере өштік.
Жүгіміз бен жаралы жолдастарымызды көтеріп алғанбыз.
Дәл осы кездे сенің мамаңың безгекпен ауырғаны бар емес
ше. Ол ат үстінде әрен отырған. Сол кезде маған жаралылар
мен сырқат партизандарға қарал журу үлесі тиген еді. Сонда
мен сені де көтеріп жүргем. Ол жорық маған да жеңіл тимеді.
Сонда да сені қолымнан түсірмейтінмін. Бір рет сені атқа да
мінгізгем. Сен құламай, жап-жақсы отырғансың. Кейде бәріміз
кезекпен көтеріп жүретінбіз. Бір рет Опоротъ өзенінен өтіп ба-
ра жатқанымызда аттарың сүрініп кетіп, мамаңмен екеуің су-
ға кетіп қала жаздағансындар. Мұны мамаң саған айтқан бо-
лар. Сол кезде мениң де өзіңмен шамалас екі балам деревняда
қалған болатын. Солар есіме түскенде мен ылғи сені көргім ке-
ліп, сәби үнінді естігім келіп, жер үйлеріце бара беретінмін.
Ал, аяғың шыққан кезде, жер үйлерінді өзің кезіп жүретін бол-
ғансың. Тілің шыға бастағанда біздің ротаның командирі Ва-
силий Новиков жігіттерге «Енді боктап сөйлеуді қойындар,
Маяяны да үйретіп алып журерміз»-деп артық сезге тыым
салған. Әлі есімде сол күндері бәрімізде де су болмаған киім
қалмап еді. Ал, сен сұық пен жаңбырдан мұлде көгеріп кеткен
едің. Бірақ та не тоңдым деп, не қарным ашты деп қыңқ еткен
үнінді біз мұлде естімейтінбіз. Осыған қараганда сен жалпы
кауым басына тәнген ауыр, қорқынышты кезенді түсінетін си-
яқты едін.

Біздің отрядтың командирі Тимофеј Михаилович Ко-
ротченко Витевск қаласында Киров көшесі 1, №22 кварталда
туралды ғой. Ол отрядтың тарихын жазып жатыр. Мен бүгін
оган сенің мақалаң мен фотокарточканды жіберемін. Оның да
менен бетер куанары сезсіз.

Майя, папаң мен мамаңың Әлім жәнінде әңгіме айтқанын
құлағың шалмады ма? Оның қалай қаза тапқанын мен біле-
мін ғой. Тұған-туыстарын іздең тапсақ жақсы болар еді. Бұл

жөніндегі папаң бірдене білсе маған жазындар. Бұрынғы партизандар Мұқанов, Сахиттер қайда екен?

Майя, менің де қыздарым сендей болып есті. Зина күйеуде, Сибирде тұрады. Андрей деген ұлы бар. Менің мұғалім болып істегеніме 26 жыл болды. Кіші қызы Неля өзіммен бірге мектепте істейді. Оның да қызы бар.

Майя, папан, мамаң бәрің біздің жаққа қонаққа келіп қайтындар...»

Хатты оқып Майя да бір жылап, бір күлді. Бұл адамның өзіне соңшама жақын ана екенін ол жақсы білді. Бірақ хатта жазылып отырылған уақыт Майяның есіне түсірілген тұрсын, тіпті ешқандай елес те бермейтін. Сонда да ол Белоруссияға хат жазып жіберген еді. Екінші хат Павлодарда тұратын Жылбекке де кетті. Оған Майя Александра Степановнаның хатын да қосып жіберді. Онда көрсетілген адреспен Жылбек бұрынғы отряд командирі Коротченкоға да хат жазды. Онда ол семьясының аман-саулығын, өзінің финанс қызметкері екенін, Жамалдың тігін фабрикасында істейтінін жазған. Кеп кешікпей жауап та келді.

«Қымбатты менің бауырларым, Жылбек, Жамал және Майя, командирлеріңнен сәлем, бәрінді де құшып-сүйем және денсаулықтарын сау болып, бақытты болуларына тілекtesіліз, — деп жазыпты Тимофей Михайлович. — Сендердің хаттарыңды оқып, жасыратын не бар, көзімे жас алдым. Тегі қартайып қалсам керек. (Мен қазір 57 жастамын ғой) Біз көріспегелі қанша уақыт өтті, карт Ертісте қанша су ағып кетті десейді! — Бақандатқан 20 жыл! Ал, кіткентай партизан Майя енді бір жылдан кейін мұғалім болғалы тұр екен. Бұл жақсы, өте жақсы. Кішкентай Майя тек сендердің ғана мақтаныштарың емес, сонымен бірге оның атын атап маған да мақтануға рұхсат етіндер. Шынын айтқанда, Майяны ер жеткен қалпында, студент қалпында кез алдыма елестете алмай отырмын. Көзімді жұмсам болғаны кіп-кішкентай Майяны көремін. Қап-қара көзінен үшқын ата-

ды. Екі беті алмадай қып-қызыл. Таң атса болғаны ол лагерде әркімге қол созып зыр жүгіріп жүргені. Сақал-мұрты өскен салқын өнді адамдар арасындағы оның дауысы қоңыраудай сыйдышрап жүруші еді. Ал, әлгі салқын жүзді адамдар оған күле қарамай қоймайтын. Біреуі басынан сипап өтеді, біреуі маңдайынан сүйіп кетеді, енді біреулері көтеріп қызықтайды. Оның ішінде сәбидің қолына қант-конфет ұстасып кететіні де болатын. Елде жок, колда жок нәрселер Майяға ұсынуға табылатын. Тіпті жорыққа шыққандардың Майяға деп бал ала келетінін қайтерсін. Осының бәрі Майя үшін рахат дүние еді ғой. Сонда маңында жүріп жатқан соғыс, атыста оның ешқандай да қатысы болмайтын сияқты еді ғой. Шіркін сәбилік!

Иә... кішкентай партизанды біз бәріміз де жақсы көруші едік-ая! Мениң ше оны бәрінен де комсомолец Саша-Әди Шәріпов айтып отыратын. Өте жақсы көретін еді ғой. Мен Саша Майя женінде кітап жазды деп естіп едім. Кітабының атын «Партизан қызы» деп атапты ғой. Сашага сәлем айт, маган бір кітабын жіберсін.

Біздің өміріміз жақсы. Ал, өздерің келесі хатта суреттеріңді жіберіндер. Егер Майяның бала кезіндегі суреті болса, тіпті жақсы! Оны да жіберіндер. Бәрінді де қонаққа шақыруушы командирлерің Т. Коротченко».

Бұрынғы партизандар осылай, жиырма жылдан кейін хабарласа бастаған еді. Бұғінде хат саны көбейе түсуде. Бәрі де от пен оқтың арасында туган Майя Ақәділованың үлкен азамат болып өскенін қуана жазады. Қуанбай ше?! Қын – қыстай кезенде араларында болашақтың символында болып жүрген кішкентай Майяны сол партизандардың өзі мәпелеп есірді емес пе?! Қанды жорықта жүргендерінде, женіспен қайтып барғандарында лагерь ортасында жүгіріп жүретін сәбиге ұстата қоятын олжаны ойлап журді емес пе!

Партизандар еңбегі акталды.

Ұмытылмас есімдер

Облысымыздың белгілі журналист Бақыт Баймұратұлының осы тақырыпта сез еткен мақаласында көп деректер маған табыс еткен Дыбысбек Тастеновтың қолындағы құжаттардан алғынған екен. Сондыктан жоғарыда пайдаланылған кейбір жайлар қайталануы мүмкіндігін ескерте кетемін. Әрі бұл мақалада Маяның есімі Мая деп жазылған екен (ав.). Мақала облыстық «Сарыарқа самалы» газетінде жарық көрген. 28 наурыз, 1998 жыл

Партизан қызы Мая Ақәділова туралы жазушы Әди Шәріповтың «Партизан қызы» атты деректі повесі жарық көргені белгілі. Майдангер жазушылар Қалмуқтан Исабаев, Қасым Қайсенов оқ астында туған Маяның тағдырын төбірене жазды. Одақтық, республикалық облыстық («Красная звезда», «Социалистік Қазақстан», «Тың өлкесі», «Брянский рабочий» т.б газеттерде партизандар жанұясы – ерлі-зайыпты Жылбек пен Жамал және олардың қызы Мая туралы естеліктер, фотосуреттер, хаттар жарық көрді. Маяның өмірі халқымызды елең еткізген құбылыс болды.

Бұл күнде Жылбек те, Жамал да, Мая да дүниеден өтті. Артында олардың өміріне байланысты құжаттар, деректер, хаттар, кітаптар, естеліктер қалды. Солардың бәрін Жылбектің туған інісі Дыбысбек Әділханұлы көздің қарашығында сақтап келеді. Букіл саналы ғұмырын еліміздің қауіпсіздігін қорғауға арнаған отставкадағы полковник Дыбысбек аға бұрын айтыла коймаған сырларын ортага салды.

Тастен тегінен қалған үрпақ үшеу еді, – деді Дыбысбек, – Ақәділ, Жанәділ және Әділхан. Ақәділден бала болмады. Жанәділден Шаймұран, Мәрам деген екі ұл болды, ол екеудіде Отан соғысында қаза тапты. Әділханнан тараған Жылбек екеуміз ғана.

Улкен ағамыздың аты атап алмасын деп екем ата салтымен үлкен ұлы Жылбекті Ақәділдің бауырына салады. Жылбек Ақәділдің атын шығарды, тарихта қалдырды. Бірақ Ақәділ мұны көре алмай 1927 жылы көз жұмды.

Жылбек Ақәділов міндетті әскери қызметін 1935 жылы Белоруссия шекарасында өтейді. 1940 жылы демалыс алып елге келгенде Жамалға үйленіп, оны өзімен бірге шекараға алып кетеді. 1941 жылы соғыс басталған кезде, Отан қорғауға аттанған Жылбекпен Жамал бірінен бірі айрылып қалады. Жылбек жауқоршауынан взводымен бұзып шығып, партизандар тобына қосылады. Сол бір етігімен су кешкен ауыр кезендерде босқын әйелдермен бірге шығысқа қарай жол шеккен Жамалмен ойда жоқта кездеседі. Көп ұзамай Жамал 1941 жылғы қарашаның қара суығында орман ішінде дүниеге нәрестесі Маяны экеледі.

Мая партизандардың қамқор қолында, жылы құшагында оқ пен оттың, қауіп пен қатердің ортасында өседі. Эр партизан бар тамағын Маяға ұсынады. Ол бүкіл партизандардың қызы атанады.

Маяға сол жердің тұрғындары да өз қыздарындай қамқоршы болады. Жылбек пен Жамал жыртылған тонның өніріне орап ап, сәбіді үсіктен де, ажал оғын шашқан бомбадан да аман алып қалған Кудиновтың ізгі адамгершілігін жиі айтЫП отыратын.

Маяның екінші анасы атанған орыс әйелдері де бар. Солардың бірі – Анастасия Евгеньевна. Жамал қатты ауырып, аязды қыста Маямен біраз Анастасияның үйінде паналайды. Анастасияның да уш айлық сәбіі бар еді. Ол екеуін де емізіп, ортақ ана болады. Бертін, Анастасияны сәбіімен қоса 1943 жылы 7 наурызда немістердің жазалаушы отряды отқа жағып жібергенін естігендे Жамал қатты күйзеледі. Жамал мен Маяны төрт ай бойы немістердің жазалаушы отрядынан жасырып, ақырғы бір тілім нанына дейін беліп асыраған, ажалдан, қатерден сақтап

қалған сол жердің тұрғындары еді. Маяның туған жері Брянск облысы, Будевинец деревнясы болса, сол жер Ақәділовтардың ең ыстық, ең қадірлі жері болып қалды.

1942 жылы Тимофей Михаилович Коротченко басқарған екінші Клетнян партизан жасағы құрылды. Мұнда лейтенант Жылбек Ақәділов взвод басқарады. Олар ерлік іс-қимылдарымен көзге туседі. Жылбек «Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері болды.

1943 жылы Жылбек Ақәділов өз әскери бөлімшесіне қосылды. Сол жылы бір ай демалыс алып, жұбайы Жамал мен Маяны елге әкеледі. Өзі соғыстың аяғына дейін жаумен шайқасып, екі рет жарапанады. Та什кентте госпитальда жатып емделеді. 1945 жылы жазда әскери қызметтен босап, қос «Қызыл Жұлдыз» орденімен елге оралады.

Жылбек Ақәділов 1946 жылдан 1970 жылға дейін финанс органдарында қызмет істейді. Қалалық, облыстық қаржы, бөлімдерінде аға экономист болады. Үлгілі қызметті үшін «Финанс қызметінің үздігі» белгісімен маралатталады.

Ал, Жамал жәнгей 8 Наурыз атындағы тігін фабрикасында жұмыс істеді, тігіншілер бригадирі болды. Өнегелі еңбегімен, адамгершілік қасиетімен, гибратты ісімен жас ұрпаққа үлгі көрсетті. Омырауына «Құрмет Белгісі» орденін, бірнеше медальдар қадады.

Қызы Мая Ақәділова Алматыда Абай атындағы педагогикалық институтты бітіріп, Павлодар қаласында № 24 мектепте үстаздық етті.

— Ал, өзім, — дейді Қызы Ақәділова Алматыда Абай атындағы № 10 қазақ орта мектебін бітірдім. 1942 жылы әскерге алынып, Монголия жерінде жапон соғысына қатыстым. Әскерден 1946 жылды оралдым. 1948 жылдан 1985 жылға дейін Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде белім бастығы болып, тұрақты қызмет істедім. Полковник дәрежесіне дейін көтерілдім. Алпысқа келгенде дербес зейнеткерлікке пықтым.

Жұбайым Мейраммен бірге отбасын қурғанымызға елу жылдан асты. Алтын тойымызды атап еттік. Мейрам ұзак жылдар мемлекеттік мұрағатта қызмет істеді. Серіз бала тәрбиелеп есірдік. Бірі-инженер, бірі – дәрігер, бірі-ұстаз, бәрі де жогары білімді мамандар, үлгілі отау иелері.

Біз өмірдің аңысын да тұшысын да көрдік. Ашаршылықты бастан кешірдік. Атом бомбасын ауда синаған жылдары соның бел ортасында журдік. Соғыстың да ауыртпалықтарын, зардалтарын тәнімізben де, жанымызben де сезіндік. Осының бәрі адамды бауырмалдықта бастайды екен.

1941 жылдың қараша айының бір түнінде Буденевец деревнясының орманға тақау ең шеткі үйдінде жау тылсында өзінің кенес азаматы екенін әлемге естірткісі келгендей шыр етіп дүниеге сәби келді. Ол – Жылбек пен Жамалдың тұңғышы, қазақ қызы-Майдан Ақәділова. Оның кіндігі орыс жерінде, сол халықтың қолымен кесілген. Жамал жеңілденгеннен кейін торт-бес күннен соң Майданды көтеріп, қалың қарды омбылай тоғайға жетуге асықты. Өйткені әлде кімдер қызыл командирдің әйелінің босанып жатқанын жергілікті полиция орнына жеткізіп қойса керек. Мұны сезіп қалған деревня тұрғындары Жамалды нәрестесімен орманда жатқан Жылбектерге әке-ліл қости.

Жылбектің отбасы бар партизандар отряды жауды ізінен адастыру үшін «Кек орманның» жолсыз нұымен көліксіз, жаяу-жалпылы, аш-жалаңаш күніне отыз бес-қырық шақырым жорық жасады. Жамал азапты үзақ журісті көтере алмады, аяғы істі, жиі-жиі сырқаттана берді. Жас нәресте Майданның уыздай балбыраған бетін аяз жалап, қотыр басып кетті. Жорықта баланы партизандар кезек көтеріп журді. Әр партизан қолындағы тамакты өзіне қимай ана мен балаға ұсынды.

Майданның жарасын жазу үшін дәрі табуға отряд арнайы операция үйімдастырды.

Осылай қыс етіп, көктем келді. Жарты жасқа толған Майдан сол көктемнің алғашқы бәйшемегіндей жайрақ қақты. Сол жылы Майданның тілі шықты. Ол әуелі «самолет» деген сөзді

айтты. Өйткені осы сөзді айтып, бұта-бұтаны сағалай тығылған партизандарды ол жиі көретін. Тұтқылдан жау самолеті келіп қалса, лагерь маңында аяғын тап-түп басып, ойнап жүрген Майданды кез-келген партизан көтеріп алыш, тасаға қарай жүгіретін. Сонда Майдан өзі де аспанга қолын шошайтып:

— У-у, самолет, — деп сол партизанның өзін қорқытатын.

Москвамен тұнғыш рет байланыс жасалды. Отрядқа үлкен жігер, қуат берді бұл.

— Москвамен байланысып алғаннан кейін, — деді Жылбек, — жаудың қырық бірінді жылы істегенін өзіне істей бастағық. Енді ірі-ірі операцияларға шығып түрдүк. Соның бәрінде Майдан лагерь аймағынан бізді шығарып салады да, қайтып келер кезімізде сол жерге шығып қарсы алады. Ал Жамал партизан отрядының киімін жуу, тамағын дайындау, жау лагерьге жақын келіп ұрыс сала бастағанда шулемет ленталарын дайындаап, оқ-дәрімен қамтамасыз ету сияқты жұмыстар аткарды.

1943 жылдың жазында өзіміздің Армиямен қосылғанша жау тылында әрекет еттік. Соңсоң бір ай демалыс алыш, әйелім мен баламды үйге апарып таstadtым да майданға қайта оралдым.

— Фото сурет қашан түсірілген?

— 1942 жылы біздің лагерьге Москвадан бір гілші ұшып келіп, сол түсіріп әкетіп еді. 1943 жылы майданда ауыр жараланып, Москвада госпитальда жатқан кезімде «Отан соғысы кезіндегі партизандар қозғалысы» атты музейден алдырдым...

Жылбек екеуміз жерлес болатынбыз. Сол себепті Павлодар қаласына бірге келдік. Жылбектің үйінде конакта отырғанда Майданның қылыштарына әбден қандық. Екі жылғы бейбіт өмір өзі тұган жердегі партизандық өмір үйреткен әдеттерін ұмыттыра алмапты. Ол самолеттен қорғанған болып стол астына тығылды. Табалдырықты аттай: «автомат атылды», «граната лақтырылды» — дейді.

Содан кейін талай жылдар етіпті. Жылбекпен жолығыса алмадық. Биыл тамыздың соңғы күндерінің бірінде телефон шыр ете қалды. Трубканы кетеріп, аты-жөнімді айттым.

– Солдат жолдас, саламатпышың? – деді біреу дабырлай сейлеп.

– Жақсы, – дедім мен.

– Таныдың ба?

– Жоқ.

– Ендеше КазПи-ге кел, есік алдында сені күтіп тұрайын. Жүгіре басып келсем, еңсептің үйдің баспалдағында Жылбек тұр. Екеуміз тәс тигізіп амандастық. Содан соң ол маған жаңында тұрган жұқалан әккүба қызыды таныстырыды:

Ақаділова Майдан Жылбекқызы, Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының математика факультетінің бірінші курс студенті.

Мен Майданмен амандастым да жан-жағымға қарадым. Үшінші партизанды көре алмай тұрмын-ау.

– Жеңген Павлодарда балалардың жаңында қалды, – деді менің кімді ізден тұрғанымды түсінген Жылбек.

От пен жалынның, оқ пен бомбаның астында туған, кеңес адамдарының туысқандық қамқорлығы арқасында өскен кешегі бебек Майдан биыл келип институтқа түсіпті.

Міне, өмір жолы деген осы да!

Жогарыдалғы «Партизан қызы» деген тақырыппен жергілікті облыстың кезіндегі «Қызыл тү» газетінің тілшілері Э. Дүйсенбеков пен Е. Демешовтардың жазған мақаласын ұсынып отырмыз.

...Сейтіп өмірге адам келді. Бірақ ол туғанда қуанышты той немесе думанды жиын болған жоқ. Сәбиге жақсы өмір тіледі де, өздері соның бақытын қорғауға аттанып кетті. Бел шешіп отыратын кез емес. Жау болса жағадан алып тұр.

Иә, кешегі еткен Ұлы Отан соғысы көп ұлтты совет халқына ауыр сын болғаны мәлім. Осындағы қын-қыстау кезде Кеңес Армиясының жауынгерлері Жылбек Ақәділов те өзінің жұбайы Жамалмен бірге қоршауда қалып, кейін партизандарға қосылады. Міне, сол күндері қалың орман ішіндегі партизандар арасында жас нәресте өмірге келген еді.

Қазақ солдаты Жылбек Ақәділов пен қазақ әйелі Жамалдың тұңғыш қызы Маяның туу туралы куәлігінде туған жері: «Брянск облысы, Дубровка ауданы, Будевинец деревнясы, 1941 жыл» дег жазылған.

Әңгіме кімнің қайда туғанында емес қой. Әйтсе де, Ақәділовтар отбасының алғашқы қызығы мен қатерлі қыншылығы орыс орманымен тығыз байланысты. Жаңа ғана жарық күнді көрген Мая партизандар тобының қызыл гулі болды. Оның қоңыраудай сыңғылаған балғын дауысы мен сүйкімді қап-қара көздері қабағы катынцы, сақал-мұрттары өскен партизандарға қуат берді. Олар кезекті жауынгерлік тапсырмаға шығарда кішкентай сәбиді бауырларына басып, бетінен сүйеттін.

Жаздың көркі жайқалған гүй болса, өмір көркі сәби емес не?! Сол бір өмір мен өлім белдесіп түрған шакта сыңғылаған сәби күлкісі партизандар жігерін тасытып, олардың өмірге деген құштарлығын арттыра түсті. Мая тек Ақәділовтар отбасының ғана емес, сонымен қатар, бүкіл партизандар қызы атанды. Ол тек Жамалдың ғана емес, сол жердегі барлық аналардың да омырауын иіскеп өсті... Оның өмірін көп ұлтты партизандар қауымы қорғады.

Бірде партизандар отряды орталықтан шұғыл тапсырма алыш, жақын жердегі теміржол торабына мина қоюға аттанып кетті. Партизандар мекенінде кішкентай Мая мен бірнеше әйел және жаралы жауынгерлер ғана қалған. Дәл осы кезде тосынан келген жау самолеттері бұларды бомбаның астына алады. Абыр-сабыр күшнейіп, әйелдер жаралыларды қауіпсіз жерге та-

сиды. Міне, осы тұста олар кішкене Майядан көз жазып қалады. Енді ғана аяғын апыл-тапыл басып жүрген ол, бомба дауыснан шошып, бір шетке шығып кетсе керек. Жас баланы өлімнен арашалап қалушы Кудинов деген қарт болды. Ол Маяны төрт-бес сағат өткеннен кейін бірақ тауып әкелді. Содан былай Мая да қартты тұған атасындаі көріп өсті. Осыдан болар, ол алғаш тілі шыққанда «мама», «дед», «самолет» деген сөздерді анық айтатын болды.

Уақыт жүйрік. Ол зымырап өте берді. «Жеңілмейтін» не міс басқыншыларының күлі көкке ұшты. Сонау Брянск орманында 1941 жылды өмірге келген партизандар Маясы бұл күнде балауса шағында. Содан бері жиырма тоғыз жаз, жиырма тоғыз қыс өтіпти. Қыр гүлдері жиырма тоғыз рет көктеп, жиырма тоғыз рет бүршік жарды.

Алапат соғыс өртінің өшкеніне де жақында ширек ғасыр толмақ. Бірақ қанша уақыт өткенімен соғыс тауқыметін халық ұмытпақ емес. Ерлер есімі ел есінде.

Осыдан екі жыл бұрын Брянск облысында үлкен мереке болып өтті. Ол Брянск жерінің жау қолынан азат етілгеніне 25 жыл толуына арналған салтанат еді. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен қонақтар келді. Осы бір той дастарханның басында жақында қайтыс болған Жылбек семьясымен отырды. Бұрынғы партизандар өздерінің Маясын көріп, тағы да бауырларына басты, бетінен сүйді...

Партизандар Маясы қазір мұғалім. Ол Павлодар қаласындағы № 24 орыс орта мектебінде математикадан сабак береді, шәжіртерге үлгілі ұстаз.

Оқ астында тұған қыз

1959 жылғы «Қызыл ту» газетінің қындысынан.

Ұлы Отан соғысы басталған кез. Ломжа (Польша) қаласының төнегіндегі біздің әскери бөлімшесі Гродно бағытына шабуылға шығады. Бірақ жаудың күші тым басым болыш, кейін шегінуге тұра келеді. Бір өткелден өте берісте лейтенант Жылбек Ақәділовтің взводына жауды бегеу ісі тапсырылады. Күні бойы ұрыс жасаған взвод жауынгерлері түнге салым белімшеден көз жазып қалады.

Майдан шебі алға кетіп, взвод тылда қалады. Содан bylай жауынгерлер партизандық өмір кешеді. Жылбек екі жылдан астам уақыт партизандар взводын басқарады. Ұрыстарда бірнеше рет жараланады.

Офицер Ақәділовтың зайыбы Жамал да соғыс кезінде ерімен бірге болады. Қыздары Мая партизан отрядында болған кездерінде тұған. Қазір Жылбек – облыстық финанс бөлімінде аға тексеруші, Жамал – «Объединение» кәсіппшілік артелінде істейді.

Запастагы лейтенант Жылбек Ақәділов Ұлы Отан соғысы кезінде көрсеткен ерліктері үшін екі рет «Қызыл Жұлдыз», Отан соғысының партизаны медалімен, басқа да медальдармен марапатталған.

Ақын Жаптар Өмірбеков біздің жерлесіміз Жылбек Ақәділовтің партизан отбасы туралы поэма жазып шықты. Біз бугін Женіс күніне орай, сол поэмадан үзінді жариялат отырымыз.

Қатерсіз күні бар ма жорықтардың
 Демейді жүдел қалдың, тоңиң қалдың
 Ұрыстың ырқы билеп, партизандар
 Әп-сәтте ауыстырар «коныстарын»

Жамалдың күні таяу – Жылбек алі
 Келген жоқ түстік жақтан жылжығалы
 Штабта қала берді бала-шага,
 Белгісіз кім жығылып, кім жығады...

Не күйде жан жолдасы қайдан білсін
 Атыссын

Арпалыссын,

Ойран қылсын-

Шыға алмай теміржолдың торабынан
 Жүр Жылбек жасағалы ойдағысын

Алыстан оқ зулайды жауған ұшып,
 Үш адам жау көзіне қалған түсіп
 Құлады қатардагы бойшаш жігіт,
 Жылбек те бір томарды қалды құшып

Омбылап жетті жолдас соңындағы
 Жайылған қанды керіп тонындағы
 Дей берді: «Жылбек, Жылбек тірімісін?...»
 Сүйей сап автоматын қолындағы

Оң қолы қаруына қатып қалған
 Іңдерсип жатыр Жылбек қанға батып
 «Жамал-жа-а-н!» деген даусы эрең шығып
 Сол қолы келген досын қарман жатып

Идаят жетіп келді таңға жақын
 (Бұл бір сәт партизандар қамданатын)
 Хабары Жылбектердің болмағанмен
 Кол ғой бұл қысылығанда жалғанатын

«Бүйрық бар сені алып келсін деген,
Селога таң атқанша жетсін деген,
Білмеймін...

алма қару,
ал жөнелдік!

Немістер кеше бізді өткізбекен...»

Сыбыс жоқ.
Тас қараңғы.
Жүріс жедел
Жамалдың кезі емес қой үрдіс кезер
Амал не?
Асығыстық алыш ұшты
Болып түр өмір қатал, –

Тұрмыс безер!..

Бір жерде кенет толғақ кезі жетіп
Жамалды құрт құлатты безілдетіп

Осылайша етті минет, етті сағат
Қалайша білмейді езі қылды тағат
Жақсы үміт, жарқын өмір тірегіне
Алдағы жылтыраған отты санап
Алтын таң асықтырып ала келді
Сүйинші!
Дүниеге бала келді.

Күн сүйіп кәрі Ертісті, толқын қуліп,
Бетінде балалар жүр еркін жүзіп
Ақ мандай ерке қызды танып тұрмын
Ойнайды доп қағысып, толқын құып

Маяжан бұл күнде сен бой жетіпсін
 Талабың тоқтату көрмей өрге шықсын
 Арасы тұғаның мен өскеніңің
 Шырғалаң шырқауындаі өң мен түстің
 Шығыпсың енді сәби бала жастан
 Сыйғандай киялыша дала, аспан

Жиекке ақ балтырлы қайың өскен
 Өріне асас Ертіс қайық ессең
 Сүйсінген жан-жағыңдан көз көресің
 Ақкудай қанатынды жайып өтсең

Сол көздер арасында ата-анаң бар
 Су кешіп, от ішінде жасағандар
 Бақыты: женіп алған болашағы
 Өзіңсің, бәрі езідей жас ұландар.

Майя – предвестница Победы

Все дальше от нас Великая Отечественная...

Но до сих пор во многих домах живет печаль о тех, кто не вернулся с той страшной войны. Все меньшие тех, кто выжил в огненные годы. Фронтовые раны, невзгоды военных лет, само время никого не щадит... Но остается людская память.

...Недавно я узнала о ходатайстве, написанном на имя акима города Павлодара три года назад коллективами облфилия управления и областной инспекции о присвоении одной из улиц города Павлодара имени Жылбека Акадилова, который, более 30 лет проработав в этих учреждениях, прошел войну с её первых дней до победного конца, был партизаном, кадровым офи-



цером. О нем и его товарищах по оружию много написано писателями К. Исабаевым и К. Кайсеновым. О том, как Жылбек Акадилов командовал взводом партизан в брянских лесах, снят фильм «Лесная баллада». Но речь сегодня не о том, стоит или не стоит присваивать его имя одной из павлодарских улиц. Это компетенции других структур. Меня же заинтересовала судьба его дочери Майи. Она родилась в партизанском лесу под бомбежками в ноябре 1941 года. Это о ней Адий Шарипов написал книгу «Дочь партизана», был снят телесериал «Рожденная в огне».

...Сам Жылбек Акадилов начал военную службу в 1935 году, в 1939 оказался на Халхин-Голе, а в 1941 году его перебросили служить в Белоруссию. Перед самой войной он съездил в Павлодар в отпуск, здесь женился на Жамал, забрал с собой на погранзаставу, где служил командиром взвода. Война застала всех врасплох. Дежурство лейтенанта Жылбека Акадилова в штабе батальона подходило к концу, когда он узнал о начале войны. Весь день прошел в суматохе, и только к вечеру вырвалася домой, где ждала молодая жена. Все эти часы Жылбек терзал себя: «Зачем привез её на самую границу? Что теперь будет? К тому же она беременна...»

Рванули первые бомбы – и семьи командиров (кто успел) спешно выехали в Брест, а дальше поездом в глубь страны. Жамал тоже собралась эвакуироваться, но не успела.

Пограничные части гибли, отступали под напором во много раз превосходящего противника. Путь на Восток был отрезан. Оставшиеся в живых солдаты и командиры ушли в лес, где присоединились к Клетнянской партизанской бригаде Западного фронта. Трудные переходы, частые схватки с оккупантами... Тяжелее всех приходилось Жамал, которая ждала ребенка. Вокруг лилась кровь, с лица земли исчезали города и села, какой уж тут младенец! Но каждый партизан в отряде, как



мог, берегал, подбадривал молодую женщину. Ади Шарипов написавший впоследствии книгу о Майе, сам воевал в этом отряде. Был автоматчиком, разведчиком, подрывником. Его звали Саша-казах. Так вот, он первый закричал: «Суюнши, товарищи! Родилась партизанская дочка!» Ликование было всеобщим. Вот как напишет об этом Саша-Ади Шарипов: «Предлагались разные имена.

– Я предлагаю Таней назвать...

– Нет, Галина, по-моему, лучшее. Глаза у неё должны быть черные, как у галки.

– Нет, братцы, надо придумать что-нибудь международное, – вмешался вездесущий комиссар. – Родилась казашка, на белорусской земле, в интернациональном отряде. Родилась в стужу, в холодной землянке. Пусть у неё будет светлое, весеннее имя. Пусть в её имени звучит весна. Я предлагаю – Майей, от слова май. Весна, одним словом.

Так появился в партизанском отряде новый человек – Майя Ақадилова. Её имя звучало как весенняя надежда. Как будто бы давшие ей это светлое имя люди предвидели, что Победа наступит именно в мае. Она стала своеобразным амулетом отряда. Партизаны прозвали её за это «оберегом». Рядом с ней было всегда безопасно. Вокруг рвались бомбы, снаряды, летали пули, но ни один, кто оказывался рядом с Майей, не был убит или ранен. Первое слово, сказанное девочкой, было «самолёт».

Находясь в тылу врага, партизаны в лесу, таясь, зачастую переговаривались шепотом, не зажигали огня. Плач девочки мог всех выдать, но малышка, словно чувствуя это вела себя тихо. Во время одной операции Жамал и Майя потерялись, отстали от отряда, и четыре месяца местные жители прятали их то в лесных землянках, то в селах, откуда немцы уже ушли. «Семья Жоржа» (Жорж – так звали тогда Жылбека друзья), – эти заветные слова давали им повсюду кров и приют. Когда тяжело

заболела Жамал, её приютила Анодина Анастасия Евгеньевна, жительница села Лузганск, у неё самой была трехмесячная дочка Маруся. У Жамал от всего пережитого пропало молоко, и русская женщина выкормила своей грудью Майю. Так у Майи стало две матери. Уже потом, после войны, партизан Иван Васильевич Дёмин в переписке сообщил что судьба второй матери Майи сложилась очень печально: в марте 1943 года она вместе со своими двумя детьми, Марусей и Валерой, была заживо сожжена фашистами в Семенцах.

Осенью 1943 года партизанский отряд, в котором воевали Жылбек и Жамал Акадиловы, соединился с регулярными войсками. В это время в полк приехал генерал. Он увидел Майю, узнал её историю и приказал обмундировать по всем правилам крошечную партизанку. Были перешиты солдатские гимнастерки, рубашки – и девочку одели. В тот день военный фотограф сделал снимок. Как бесценная реликвия хранится этот снимок в семейном альбоме вместе с бесчисленными письмами, приглашениями на встречи однополчан, партизан Брянщины, Смоленска.

В 1943 году командование дало Жылбеку отпуск, он отвез семью в Павлодар, а сам вернулся в часть. Воевал до 11 мая 1945 года (в Чехословакии бои закончились именно в этот день).

После войны Жылбек работал в финансовых органах, Жамал – мастером массового пошива на швейной фабрике им. 8 Марта. Майя выросла, закончила пединститут, долгое время работала учителем в Павлодарской школе № 24. Чтобы она не осталась одна, по казахскому обычанию её родители удачерили и дали свою фамилию Рае, дочери Дыбысбек Адильханулы Тастенова (это брат Жылбека). В свое время так поступили их отец Адильхан, отдав Жылбека, старшего сына, своему брату Акадилу, так как у того не было детей, а чтобы имя Акадила не пропало бесследно, Жылбек стал Акадиловым.

...Сейчас нет в живых никого из партизанской семьи. Умерли Жамал и Жылбек. Два года назад умерла Майя. Внезапно, ещё в молодом возрасте. Каждый год 27 апреля, в день её смерти, приходят почтить её память учители 24-й школы. Супруга Дыбысбека Адильханулы Мейрам всех благодарит за внимание через нашу газету.

У Майи остались двое сыновей. Продолжателем же фамилии Акадиловых осталась сестра Майи – Рая. Она сейчас работает заместителем главврача 1-й городской больницы. Бережно хранит память о брате и его семье Дыбысбек-ага, который сам прошел дорогами войны.

...Много невероятных случаев из военного времени хранится в людской памяти. История партизанской казахской семьи, история рождения Майи – одна из них.

Перизат Амиркулова,
«Звезда Прииртышия»,
1998 год, 2 июня

Майя жайлышы әріптестер естелігі

Мұражай тәрбие орталығы. Мұражайдың оқушыларға салт-дәстүрімізді көрсетеміз, әртүрлі кездесулер еткіземіз. Біздің мектепте жазушы Әди Шеріповтың «Партизан қызы» атты по-весінің басты кейіпкері Майя Ақәділова қызмет еткенін мақтаныспен оқушыларға айттып береміз. Майя Ақәділова осы мектепте математика пәнінен сабак берген. Мен мұндай жиындарда Майяның ата-анасын көзіммен көріп, кездесулерде болған сәттерімді балаларға жеткізіп берудемін.

Өзім қаламыздағы Абай атындағы № 10 мектепті 1969 жылы бітірдім. Біздің кезімізде де оку тәрбие жұмысына аса мән беретін. Сол кездең мектеп директорының тәрбие жұмысы

жөніндегі орынбасары Өтегенов Әbdірасыл ағаның басшылығымен, ұстаздарымыз қазақ тілінің маманы мұғалім Молдабекова Рәзия Аскарқызы, тарих пәнінен сабак берген Ердениева Сара апайлар қаламыздың белгілі адамдарымын үнемі кездесулер еткізіп тұратын. 9 мамыр Женіс күні қарсаңында тарих пәнінің мұғалімі Күлпаш Қамзинадан Кеңес Одағының Батыры Қамзин Қанаң туралы естеліктерді тыңдайтынбыз.

Менің есімде мәңгі ұмытылмастай болып қалған кездесу Жылбек және Жамал Ақәділовтармен кездесу болды. Ол кіслер өздерінің басынан кешкен оқигаларын айтып, соғыстың зарданын түсіндірді.

Жылбек ағай болса орта бойлы атжақты, орнықты кісі екен, әрбір сезін салмақтап айтып, бәрімізді әңгімесімен баурап алды. Біз қыздар жағы Жамал апайға қызыға қарадық. Қаншама жерді аралап, ауырталық керсе де бебегін жау тылсында аман есіріп, туған елге алыш келгенін асқан ерлік деп бағаладық.

Жылбек ағай Ұлы Отан соғысының женісі оңайлықпен келмегенін, елің, жерін фашистерден корғап қалған әрбір үлт өкілдерінің ерлігін баяндап берген болатын. Соғыс басталған жылы Жылбек Ақәділов Белоруссияның шекарасында әскери міндеттін атқарып жүрген көрінеді. Сол жылы Павлодарға демалыс алыш келіп, үйленеді. Өзімен бірге жас жарын сонау Белоруссия жеріне алыш барады. Соғыс басталысымен командирлердің әйелдерін эшелонмен шығыска қарай жөнелтеді. Бірақ жау әйелдер мінген поезды бомбалап, одан аман қалған әйелдер мен балалар арыш-ашып жүріп партизандар тобына қосылады. Партизандар арасында, орманды туған Майя ның мен қызмет істеп жүрген мектепте істеп, жас өспірімдерге білім мен тәрбие бергеннің маңтан тұтамын. Сондыктan да Майя сияқты абзал ұстаз, өмір тарихы қайталанбайтын тұлға туралы мұражайда материалдар жинастырудамыз. Өмір жолы өнеге болатын осындаи абзал жанның арамыздан ерте кеткеніне

көніліміз құлазиды. Қатар істеген әріптестері Майяның білімділігін, сабырлылығын, ұстазға тән тамаша қасиеттерді бойына жинай білгенін үнемі кездесу кезінде айтып отырады.

Карімова Мәкен Қүрешкізы,
№ 24 мектептегі қазақ тілі нағынің мүгелімі,
мектептегі «Шаңырақ» мұрағайсының
жастекшісі

* * *

В моей жизни, как в становлении педагога, учителя математики сыграла большую роль Агадилова Майя Жылбековна. Это учительница, любившая свой предмет – математику, любившая детей и умевшая передать свои знания. За кажущимся спокойствием всегда наблюдались переживания, волнения. Ее уроки были уроками открытых мыслей, подтвержденные экспериментальной практикой. На лицах ребят всегда появлялось восхищение: ведь как здорово и просто! Они были наполнены непредвиденными проблемными ситуациями и профессиональным мастерством учителя. За свой труд Майя Жылбековна была удостоена почетного звания «Учитель-методист». Хорошим учителем может быть только человек с хорошей душой. Сама она отличалась человечностью, простотой души и обильной любовью к окружающим ее людям.

Такое воспитание она получила от своих родителей, которые испытали на себе все тяготы Великой Отечественной войны. В болотах Белоруссии, в отряде партизан они сражались за Родину. Школа гордилась Майей Жилбековой. Проводили читательские конференции по книге «Дочь партизана», это о ней о ее родителях. Майя всегда была скромным человеком.

Очень жаль, что тяжелая продолжительная болезнь, а затем смерть не дали возможности нам быть рядом с таким чело-

веком. Мы всегда помним ее и гордимся тем, что были с ней всегда рядом.

В школьном музее есть уголок, который хранит память об этом удивительном человеке.

Татьяна Порот,
учитель математики си № 24

Рая Жылбекқызының естелігі

Папам, әрбір мереке сайын мені отыргызып қойып, қолында бар тізімдегі мекен жайда тұратын партизандарға хат пен ашық хат жазғызуышы еді. Қанша екенін білмеймін, әйтеүір кем де-генде 40-50 хат пен ашық хат жазып, күттыхтайтыныбыз. Үйге де соңашалықты жауаптар келіп жататын. Қазір солардың көпшілігі сакталмапты. Біз бала болдық та оған мөн бермедік. Ал, папам болса, оларды келген оқушыларға, мектептерге барғанда үлестіріп беріп жүретін. Басқаларға аса керек болмағандықтан олар сакталмаған да болар.

Мен папамның тамаша мінезін айтқым келеді. Ол кісі ешқашан дауыс кетеріп ұрысып, айқайлан көрген емес. Мамаммен ренжіскенін де көрген емеспін. Біздің аулада папамның жалғыз інісі (менің тұған экем екенін кейінірек білдім). Дыбысбек аға балашымен, Жастілеу аға бала-шагасымен бірге тұрды. Бәрі де папам не айтса соны істейтін. Ешкімде ештеңені беліп жарған емес. Ас-су да ортақ болатын. Қонақ келсе бәрі бірге жиналатын.

Папамның бойындағы тағы бір асыл қасиеті өте таза, киімін кіршіксіз кигенді ұнататын. Мен оның кителінің ақ жағасын үнемі сөгіп алыш, жуыш, қайта тағып қоятынын. Ол соған риза болушы еді. Үйде майданда болған әнгімелерін көп айта бермейтін. Өзі көп сейлемейді, жұмыстан келгесін газеттерді



қарал, үйдің маңын тазалап, аулада жүруші еді.

Біздің үйге қонақтар ете көп келеді. Жазушылар Қалмұқан Исабаев, Әди Шәріпов, кейінірек павлодарлық жас жазушы, марқұм Рамазан Тоқтаров келіп әңгіме дүкен құрып журді. Журналистер де Женіс күні қарсаңында жиі келеді. Мені қатты еркелететін. Не айтсам соны орындайтын. Сабагымды өзі тексеріп, жақсы окуымды қадағалайтын. Ұзын да қалың шашымды қызызбағанымды қалаушы еді...

Ал, мамам, Жамалдың жөні бір белек. Мені қашанды қасынан қалдырмай ертіп журді. Өзі еңбек ететін 8 наурыз атындағы тігін фабрикасына да баратынбыз. Мамамның шешесі Қорлығайын әжевің үйі де аса алыс емес. Жазда кешкілік сонда барып, інісі Талғаттың балаларын көріп қайтатын. Келіні Ләзиза да сондай көркем жаны жарқын жан еді. Бәрі де бақылық болды. Бірақ балалары осы Павлодарда тұрып жатыр.

Апайымыз Майя (партизан қызы) менен он жас үлкен болды. Мен сол апайымда елікте, журіс-тұрысын, киім китегін үлгі тұтатынмын. Мені ете жақсы көруші еді. Ешқашан ренжіл, катты сез айтып көрген жок. Әлі есімде, Майя Алматыда окуда болған кездер. Каникулға келген кезі біз үшін керемет мереке болатын. Майя келетін кезде біздер Жастілеу мен Дыбысбек ағамыздың балалары, мамамның сінлісі Айжан, бәріміз үлкен әзірлік жасап, концерт дайындаимыз. Тақпақтар жаттағ, өлең айтыш, би билейміз. Майя келген күні бәріміз жиналып дайындаған концертімізді қойып береміз. Сондагы Майяның риза болып, бәрімізді бауырына басып, сыйлық үлестіргенін көрсөніздер шіркін. Ол бір балалық шақтың тамаша үмкілімас белестері болды. Қазіргі кезде сондай сыйластық бауырлар арасында бар ма екен деп ойлаймын. Осының бәрі әке мен шешеміздің дұрыс бағыт беріп, жақсы тәрбиелегенің арқасы болар.

Майяның қазір Арман, Марат атты екі ұлы бар. Немерелерін апайымыз көре алмай, елуден жаңа асқан шағында дүни-

ден өтті. Киім киісімен, ұстамдылығымен, сабырлылығымен, шыдамдылығымен өз басының қадірін арттырды. Қызмет еткен № 24 мектеп ұжымы соңғы сапарға шын ықылас ниеттерімен келіп, бізben бірге қатты қайғырып шығарып салды.

Мен Семей медициналық институтын бітіріп, Павлодар қалалық №1 ауруханасында ұзақ жылдар еңбек еттім. Жолдасым Бақытбек Қалиев те менін отбасымның қуаныш қайтысна ортақ болып, әрқашан қолдан отырады. Ол Павлодар Еуразиялық инновациялық университетінде қызмет етеді. Партизан әке-шешеміз Ақәділовтардың (біздін) тұрған үйімізге ескерткіш тақта орнатқан кезде осы салтанатты митингіні ұйымдастыруға көмектесіп, белсene араласты. Туган әкем Дыбысбек дүниеден озған кезде де тірек болды. Бақытбек екеуміз екі ұл тәрбиелеп өсірдік. Үлкен ұлым Асылбек менің жолымды қуып, Астана медициналық академиясын бітірді. Қазір жұмыс істейді. Келінім Айнұр да ете инабатты бала. Ал, құдамыз Дүкенбай Досжанов үлкен жазушы. Құдагиым Сәулемен үнемі сырласып, әңгімелесіп, балаларымыздың жақсы отау болғанын қалап, ақыл-кенесімізді беріп турамыз. Немереміздің атын Әбілман-сүр деп қойып жақсы бабаларымыздың жолын берсін дейміз.

Мейрам Тастан келіні

Мен Тастан әuletіне келін болып жастайымнан түстім. Ол кезде ата-енем, ағатайым (Жылбек) менabyсыным (Жамал) бәріміз бір ауланың ішінде бірге тұрдык. Бұл бұрынғы Октябрьдің 25 жылдығы атындағы 171 үй болатын. Қазіргі генерал Дүйсенов көшесі. Жолдасым Дыбысбек Әділханұлы Ұлы Отан соғысынан кейін оралып, қызметке кіріскеннен кейін үйленіп, отау құрдық. Осы күттүй босағада дүниеге сегіз бала екеліп, ардақты ана атандым.

Сол кездегі адамдардың бірлігіне, бірін-бірінін деген қайырымдылығына қазір таң қаламын. Қаншама жан бір ауланын ішінде тұрсақ та ұрыс-керіс, бір-бірін жамандыу, қатты реніш деген болмаушы еді. Бізді жана түскен келін демей өздерімен тең санап, білмегенімізді үйретіп, барлық жағынан көмек көрсетіп отырды. Абысының Жамалмен бірге тұған ағалы-сіңілідей болдық. Бір ауыз сезге келгеміз жоқ. Қазір өзім де ене болғандықтан көбіне ез енелерімнен алған үлгімді үстануга тырысамын.

Балаларымыз да Жылбек ағатайыммен біздің ортамызда тең есті. Дыбаңның экесі Әділхан атамыз кезінде өзінің ағасы Ақәділге тұңғышы Жылбекті берсе, осы дәстүрді жалғастырып, Жылбек ағатайым қолқа салған соң, тұңғыш қызымыз Раисаны берген едік. Бірақ ол туралы кейін ғана айтып отырмын. Ағатайымдар Райкені Жылбеккызы Ақәділова деп өз аттарына жазғызып алды. Рая ата-анасының үмітін актап, Семейдегі медицина институтын бітіріп, қалалық бірінші ауруханада бас дәрігердің орынбасары болып қызмет атқарды. Ағатайымдардың жалғыз қызы, партизан қызы атанған Майяның соңынан еріп, үйдің ерке қыздары болып есті.

Кейін партизан кездерінде тиғен суықтың әсері болар Майя да Жамал тәтемде қатты сырқаттанды. Рая болса, әрқашан өзі емін жасап, ине қойып, дәрі-дәрмектерін жеткізіп беріп отырды.

Біз Дыбаң екеуміз ақылдастып, Жамал тәтем ауырганда қолымызға алдық. Дүниеден өткениңе бар бейнетін көтеріп, қолымнан күттім, ез қолымыздан арулап аттандырдық.

Осы аяулы жандар туралы айтқанда есіме бірге түрған күндер елестейді. Жамал абысының көп сейлекенді ұнаттайтын. Біз жастықпен қызығып, партизан отрядында қалай болды деген сұрағымызға нақты жауап та бере қоймайтын. Оның себебі де жоқ емес. Сол кездерде партизандардың өздерін жау тылында болды, жау тыңшысы емес пе екен деп көпке дейін олардың еңбегін бағаламады. Сондықтан жау тылында бо-

лып, көп жағдайда болған жайды сыртқа шығармай жасырып үйрениген адамдар ғой, кезінде бізге кесіріміз тиіп кете ме деп те қорықсан болар. Бірақ партизандардың Женіске жетудегі сіңірген орасан зор еңбегі өз бағасын алып, газеттер мен журналдарға жазылып, кітап шығарылды. Біздің үйге де талай жерлерден журналистер, жазушылар келіп – кетіп журді. Біз қелін болғандықтан ағатайым айтқан әңгімелерді барып ести бермейміз, ас-су қамымен жүреміз.

Жамал абысыным айтқан әңгімелерден құлағымда қалғаны аса ауыр жағдайда, жас баламен орыс орманын паналап, қыста аязға тонып, жертөледе тұрып, тіпті аттың қомында күн-тұн демей көшіп, немістер біліп қойған тоғайлардан орын ауыстырып отырғандығы болды. Кейде қарағайдын тікен бұтағы да қатты шаршаганда мамықтай болуы еді дейтін. Бірде орман ішіндегі партизандар тұрган орынға фашистердің жазалаушы отряды келіп қалады. Ол жердегі әйелдер мен қарттарды күшті жүріп атып кетеді. Сол кезде Майясын көтерген Жамалға бір неміс солдаты автоматын кезеніп, оғын басқа жаққа атып, жата қал деп ымдайды. Соңда абысыным немістердің бәрі бірдей емес, олардың ішінде де адамгершілігі бар жандар кездесіп қалады дейтін. Кебіне корегіміз усіген картоппен қатқан қара наң болды. Басқыншылардың қоймаларын шабуылдаған кезде қолға түсіп қалатын азық-түлік болмаса, жақын деревнялардан көп азық ала бермейді. Себебі олардың өздері күндерін әзер көреді. Дегенмен де тұргындар барын бізге бәліп беретін. Біздің партизандар шабуылдан кейін өздері әбден қалжырап, шаршап келсе де Майкеге деп қолдарына түскендерін экеліп беруші еді. Бірер рет бал әкеліп бергені де бар. Қызымыз тәтті дегенді де көрмей өсті. Бір қызығы жорыққа шығарда көпшілігі Майяға келіп, иіскелеп кететін. Майя жүрген жерге бомба жараймайды, оқ дарымайды деп аныз қылыш та айтып журді. Қайдан білейік, жас сәбидің періштесі қағатын болар. Әйтеуір

сол сұрапылдан аман келеміз дег ойлаган жоқпыш. Талай рет өлім мен өмір арасында журдік. Тіпті бала болып көп жылай да бермейтін. Жылаған баланың дауысы фашистерге берген белгідей, бүкіл партизандарды ұсташа себепкер болары анық. Сәби жүрегі больш жатқан сұрапылды жанымен сезгендей жыламайтын. Сондықтан да болар біз отрядта партизандар арасында бірге болдық. Әйтпесе, қайнаган соғыс кезінде бір әйел мен баланың жаны деген не?!

Тағы бір әнгімесінде Жамалabyсыным тамаққа жарымай, сұыққа тоңып, орман-тогайды орын ауыстырып, көшпі, жорықтарға шығып жүретін партизандардың бірде – бірінің сұық тиіп ауырып қалдым дегенін естімегенін айтатын. Тіпті Маяның езі де кеп ауырган емес. Қатты сұықта көкпенбек болып кететін. Кейде түтін шығарып, жертеленің ішінде болсақ та от жаға алмаушы едік...

...Менің ез көзіммен көргенім Майкенің кішкентай кезіндеғі қылышы еді. Үйге біреулер келсе стол астына тығылып, үнтуңсіз отырып алатын. Төбеден құс үшса да «самолет», «самолет» дег жанын қоярга жер таптай тығылатын. Қолына қару етіп тал, таяқ ұстап, тақылдатып атысып ойнайтын. Соның бәрі бала жүрегінде сакталып қалған соғыс салған зардалтың эсері болса керек. Кейде күркіреген бомба, мина жарылыш, гүрсілдел жатқанда сәби шошып, қалай кем болып қалмаған дег те ойлайсың. Қазір бала үйшіктап жатса, шуламандар, ақырын сейлендер дег жатамыз.

Сейткөн Майя да ата-анасымен бірге бақылық болып кете барды...

Озі қызмет еткен № 24 мектеп үжымы Майя Жылбеккызын қатты сыйласп, құрметтейтін. Ақтық сапарға да шығарғанда көмек қолдарын үсынды. Кейін Майя қайтыс болған күн 27 сәуірде оны еске алып, бізben хабарласатын. Мен оларға ризашылығымды білдіремін.

Жамалдың сінлісі Айжан

Жасынан әжесі Қорлығайын аpanың қолында өскен Айжан Замзақызы, Жамал тәтесін қатты сыйлайтын. Жамал тәтесі фабрикадағы жұмысына кішкентай Айжанды ертіп барып, іс тігү тәжірибесін үйретіп, кесте мен тоқыма тоқытып, баулитын. Жамал апа ез ісін сүйіп орындастыны сондай, шешесі Қорлығайының үйіне келген сайын фабрикадағы жақсы жайларды, еңбектес жолдастарын, қандай заттар істеп шығарғандарын әңгімелеп отыратын. Содан болар, Айжан да тәтесіне еліктеп тігінші болуды қалады. Қолы қалт еткенде үйде киім-кешектер тігіп, көршілердің, туыстардың балаларына киім тігіп беретін. Ол кезде дүкенде қазіргідей кейлеккөншек толып тұрған жоқ. Дүкендерден артық болмаса, кем шықпайтын әсем бұйымдарды көргендегі қызығып, Айжанды іздеп келіп, тапсырыстар беретін кездері көп болды. Соғыстан кейінгі кездері нәрсе жетіспей жатады. Қорлығайын әжесі жаңа тұған нәрестелерге, көрші-колаңың тойларына шашу етіп Айжан тігіп берген заттарды апарып журуші еді. Ал, үнемі сары самауырыны оттан түслейтін жарқылдаған ак-көңіл әженің араласатын адамдары да аз емес. Павлодардың байырғы тұрғындары бірін-бірі жақсы билетін. Қонақ пен тойға шақыру жағы толастамайды...

Айжан бірақ тәтесінің жолын жалғастырып, фабрикаға барып жұмыс істеген жоқ. Өз қалауымен болды. Қазір зейнеткерлікке шықса да Павлодар су басқармасындағы еңбегін жалғастырып келеді.

Айжан Замзақызы Жылбек жездесін сағына еске алады. Кішкентай кезімізде бізді қатты еркелететін. Үйге келгенде ұйықтал жатсақ та бізді иіскең, жақсы керетін. Бір ретте де зе-кіп, ренжіп сөйлегенін көрмедік дейді. Тәтем Жамал екеуі қол

ұстасып, қастарына Раяны ертіп жі келеді. Майя ересек болғасын көп ере бермейтін.

Майяны кішкентай кезінде Рая тілі келмегесін «Өкөү» деп атайдын. Содан бәріміз де «Өкөү» деп атадық. Есейгесін де Майя деп атап көргеміз жоқ.

Майя Алматыдан келгенде бүкіл туысқандардың балалары тегіс жиналамыз. Оған дейін Рая бәрімізді шақырып алғып тақпак пен өлеңдер жаттатып, бәріміз бірігіп ән айтып, би билеуді үйренеміз. Жылбек жездемізбен бір аулада тұратын Дыбысбек агатайымның Жақсыбегі, Амангелдісі, Жастілеу агайдың Гүлбарышыны, Күлшайрасы, Әнуары, менің туған інім Серік марқум бәріміз сыйлы адам келетіндегі үлкен дайындық жүргіземіз. Шынында да Майя біз үшін жолы да өзі де үлкен қонақ болатын. Бәріміз әбігерге түсіп, Өкөудің алдында үятқа қалмау үшін тырысатыныз. Өкөү бізді мақтаса сол біз үшін дәреже, лауреат дегенмен бірдей. Қазір ойлап отырсам оның өзі де тәрбиенің бір түрі, туысқанды сыйлауға, үлкенге қарсы шықлауга үйрету екен.

Өкөү келгенде бәрімізге кептірілген емениң жапырақтары мен қызгалдақтарды, емениң тұқымдарын әкеліп береді. Оны біз басқа балаларға көрсетіл, күнделіктің ішіне салып алғып мақтанатынызыз. Себебі емен ағашы біздің өнірде өспейді ғой. Тұқымдарынан түрлі ойыншықтарды жасаймыз. Онда казіргідей алма дүкенде толып тұрған жоқ. Өкөудің әкелген Алматының апорттары ше?! Бала біткен Өкөудің сәмкесінен иісі мұрын жаратын алмаларын қашан шығарады екен деп күтіп тұрамыз. Бірақ біз дайындаған концептімізді коймай, бүкіл жиналған ағайын оны Өкөүмен бірге көріп қызықтамай, сәмке ашылмайды. Шыдамасқа амал жоқ. Бәріміз бірімізден біріміз асыра өнер көрсетуге талпынамыз. Жаттаған тақпакты умыттың қалсаң тіпті жаман, өте үят. Өкөү болса, бәрімізді құшақтап, риза болып, қатты қуанатын. Сосын барып Жамал тәтем сәм-

кесінің аузын ашып, бәрімізге алма, үлкендер жағына уыс – уыс қылып өрік пен мейіз, үнді шайын үлестіреді. Майя сонда оқудан емес, Алматыдан базаршылап келгендей болатыны қызық. Балалар оны қайдан түсініп жатамыз. Бір алманы жесең тоясың. Дәмі әлі күнге естен кетпейді.

Сейткен өмір ағысы жылжып өте берді. Арамызда бұл күнде еркелетіп иіскейтін жездеміз Жылбек, тәтеміз Жамал, улғі-өнеге тұтатын Әкөуіміз, менің сүйікті әжем Қорлығайын, әкем Замза, шешем Шерен, Жастілеу мен Гали апа, Жамалдан кейінгі жалғыз інісі Талғат, сүйікті келіні Ләзиза, менің туған інім Серікте жоқ. 2009 жылы Дыбысбек ағада дүниеден көшті. Бірақ, осындаі абзал жандарды еске алып, сағынғанда айтып отыратын біздер бармыз. Бір шаңырақ, бір аула астында есіп өнген Жылбек жездемнің інісі Дыбысбек ағаның, Жастілеу ағаның, Жамалдың ағасы Замза мен інісі Талғаттың балалары мен немерелері, Әкәудің балалары мен немерелері, Раяның отбасы мен кішкене немересі өмір көшін жалғастырып ұлы көшке ілесіп келеді...

Түйін

Ұлы Женістің 65 жылдық салтанатты мерекесі жылы халқымыздың соғыс жылдарындағы қаһармандық ерлік істерін бар әлемге паш етіп, ардагерлер мен майдангерлерге зор құрмет көрсетілді. Сұрапыл соғыстың салған тән жарасы мен жан жарасы жазылған жоқ. Шайқалмаған шаңырақ, ойран болмаған отбасы қалмады. Фашизм салған ланды ұмыту мүмкін емес. Оны кейінгі ұрпақ санасына үнемі сіңіріп, ұмыт бола бастаған бабалар есімдерін жаңғырту біздің міндетіміз.

Жау тылында бастарын қауіп пен қатерге тіккен жерлесіміз, Эди Шеріповтың «Тон», «Орманды от», «Партизан қызы»

атты кітаптарының басты кейіпкері болған павлодарлық партизандар Жылбек пен Жамал Ақәділовтар, орыс орманында туған Майя Жылбекқызы жайлы оқиғалар біртіндеп ұмытыла бастаған сынайлы. Откен ғасырдың орта шенінде жарық көрген атақты жазушылардың кітаптары да қайта жаңартылып басылмағандықтан кейінгі үрпақ партизандар өмірінен көп нәрсені біле бермейді.

Осындай оймен Павлодар облыстық мұрағаттар және құжаттама басқармасының директоры Халел Хайроллаұлы Әкімхановқа барып жолығын пікірлескенімде, ол кісі бірден колдау білдіріп, облыстық мұрағатта сақталған құжаттарды пайдалануға рұхсат беріп, кітаптың жарық көруіне ықпалын тигізді. Бұл игілікті іске облыстық Г. Потанин атындағы өлкө тану мұражайының директоры Гүлнар Бәркенқызы Нұрахметова да мұражайдың сақталған жерлес партизандар туралы жәдігерлерін ұсынып, көмек қолын ұсынды. Келешек үрпақтың қамы үшін, бабалардың батырлығы мен ерлік істерін ұмыттай есте ұстауға үлестерін қосып, елі мен жерінің тыныштығын корғаған боздақтар алдында абыройлы борыштарын етеп, кітаптың шығарылып, жарық көруіне тікелей ықпал еткен Халел Хайроллаұлы мен Гүлнара Бәркенқызына шын жүректен алғысымызды білдіреміз.

*Кітаптың авторы мен құрастырушысы
Дәмет Бабылбекқызы*

Мазмұны

Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арналады	3
Естен мәнгі ешпейді	4
Жылбек Ақәділовы Тастентегі	10
Ұмытуға хакымыз жоқ	12
Алғашқы айқас	13
Партизан естелігінен	19
Тоғайдағы оқиға	22
Сещинск станциясында	23
Барлаушылар тағдыры	32
Кездесулер	46
Қатерлі күндер	48
Менің отбасым	53
Бір операцияның тарихы	58
Партизан туралы радиохабар	61
Ширек ғасыр өткен соң...	67
Қарулас дос	72
Жиырма жылдың жырлары	75
Ұмытылмас есімдер	80
Жорықтастар	84
Орыс ормандарында	85
Әлімбай партизан	89
Казах партизанил на Смоленщине...	92
Саша-казах	94
Здесь жили партизаны...	99
Көште атын берсе...	102
Ақәділовтар ұмыт қалмасын	104
Жылбек Ақәділов	106
Хаттар сыр шертеді	107

Кек пен намыс жолында	113
Из личного дела (Департамент обороны)	115
Служебная характеристика	116
Аттестация	117
Сведения о партизанах и бойцах Сопротивления	118
Отан соғысының партизандары-павлодарлықтар	119
Ходатайство	121
Мұз жастанған қайран ерлер	124
Майдандастар тізімі	126
Служил отечеству	130
Майя Жылбекқызы	131
Партизан қызы	133
Оқ астында туған қызы	140
Майя – предвестница Победы	143
Майя жайлыштырған естелігі	147
Рая Жылбекқызының естелігі	150
Мейрам Тастан келіні	152
Жамалдың сінлісі Айжан	156
Түйін	158

Дәмет Қаращашева
Партизан
Жылбек пен Жамал